Осыған орай, 1999-2000-шы оқу жылдарында жалпыға бірдей білім беретін орта мектептерге экология пәні енгізілген болатын. Ол пәнге, мектеп директорларының қалауы бойынша, оқу жоспарының жылжымалы бөлігінен факультативтік сабақ ретінде сағат бөлініп отырды.

Бұл нормативтік құжаттар мемлекеттің экологиялық проблемаларды шешуге деген көзқарасын ғана емес, әрбір адамның жеке-дара жауапкершілігі мен осы мәселелерге қатысуының маңыздылығын да көрсетеді

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жыл сайын «Жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың

ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат дайындап, онда экологиялық білім беруден әдістемелік ұсынымдар ұсынады.

2023-2024 оқу жылының негізгі ерекшеліктерінде «Экологиялық білім беру сапасын арттыру: экологиялық проблемаларды шешуде білім алушылардың практикалық дағдыларын дамытуға арналған зертханалық, зерттеу, жобалық жұмыстарды ұйымдастыру» жазылған.

Сыныптан тыс іс-әрекеттер шеңберінде білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жобалар ұсынады. Мысалы, «Таза аула», «Жасыл мектеп», «Эковолонтерлер», «Экологиялық мониторинг», «Экологиялық туризм», «Үнемді тұтыну», «Қалдық заттарға екінші өмір сыйла», «Мектептегі энергияны үнемдеу», «Судың да сұрауы бар», т.б.

«Менің отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтар слеті, жас өлкетанушылар, экологтар және натуралистердің «Табиғатты аяла» форумы, туристік қызметті жандандыру арқылы салауатты өмір салтын насихаттауға, экологиялық мәдениетті тәрбиелеуге үшін қажетті.

Қазақстандық патриотизмді, ұлттық бірегейлікті, әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыруға, білім алушыларды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, көпұлтты мемлекет жағдайында жалпыадамзаттық құндылықтарға баулуға «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағарту жобасы ықпал етеді.

Жоба аясында әр тоқсанда бір-бірден 4 іс-шара анықталды. Бұлар: «Ақындар айтысы» поэтикалық сайысы; «Алтын сақа» олимпиадасы; «Ұлттық өнер» көрмесі; «Туған өлкем» фестивалі.

Төртінші тоқсанда «Туған өлкем» фестивалін өткізу ұсынылады. Фестиваль аясында өлкетану жобаларының конкурсы өткізіледі. Қатысушыларға көмектесу үшін өлкетану жобаларының үлгі тақырыптары ұсынылады.

Мысалы, «Zhasyl El», «Туған жердің бояулары» - бұл электронды экологиялық карта. Бұл номинацияда кез келген графикалық редактордың (фотосуреттер, картиналар, портреттер, суреттер, коллаждар және т.б.) көмегімен дербес орындалған сурет ұсынылады.

«Еко-Volashak» – абаттандыру, көгалдандыру бойынша атқарылған экологиялық жұмыстар, өткізілген экологиялық акциялар, жылыжайлардың, мектеп жанындағы оқу-тәжірибелік учаскелердің, мектеп орманшылықтарының, экологиялық патрульдердің жұмысы туралы бейнероликтің тұсаукесері.

«Жас өлкетанушы» – халық дәстүрлері, әдет-ғұрыптары мен өнері – туған өлкенің мәдениеті, археологиялық және этнографиялық ескерткіштерді зерделеуге және қорғауға қатысу және басқалар. «Туған өлкем» фестивалі де оқушылардың туған өлкесін зерттеуге деген қызығушылығын арттыруға арналған.

Еліміздің білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: рухани-танымдық тәрбие; ұлттық тәрбие; отбасылық тәрбие; қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие; еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу; дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру және басқалар.

Сыныптан тыс жұмыстарда білім алушыларға экологиялық тәрбие беру шеңберінде ақпараттық-экологиялық, әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар өткізіледі: акциялар, көрмелер, мектепті және оған іргелес аумақты ең жақсы көгалдандыруға арналған конкурс.

Нәтижесінде қоршаған ортаға эмоционалды, мұқият қарайтын, табиғи құбылыстар, тірі және өлі табиғат туралы түсініктері бар, қоршаған орта сұлулығын көре алатын, тұрмыстағы және табиғаттағы экологиялық мінез-құлық дағдылары бар баланың тұтас дамуы күтілуде.

Өскелең ұрпаққа экологиялық мәдениет пен салауатты өмір салтын қалыптастыру «Ашық жүрек», «Саламатты жастар» жобалары арқылы эковолонтерлікті дамыту арқылы «Жас турист» және «Гүлден бер, Қазақстан» конкурстарын өткізу жоспарлануда.

Экологиялық тәрбие, қоршаған әлемге ұқыпты қарау, экологиялық құндылықтарды, қаржылық және кәсіпкерлік дағдыларды сіңіру тәрбие іс-шараларының кешені арқылы жүзеге асырылатын болады. Өскелең ұрпақтың экологиялық мәдениетін дамыту табиғатқа ұқыпты қарау, зообақты қорғау және экологиялық ұйымдарды қолдау принциптері арқылы жүзеге асырылуы керек.

2021-2023 оқу жылында Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-11-сыныптардағы «Жаһандық құзыреттер» курсы енгізілді.

«Жаһандық құзыреттілік» курсы шеңберінде 6-сыныпта экологиялық білім беру сапасын арттыру мақсатында оқу жоспарының вариативті компоненті есебінен «Экология» пәні оқытылады, оқу жүктемесі аптасына 1 сағатты (жылына 34 сағат) құрайды.

2021 – 2022 оқу жылында бұл таңдау пәнін 4668 (67 %) мектепте 6-сыныптың 233252 білім алушысы оқыды.

21721 білім алушыны қамти отырып, экологиялық бағыттағы 177 үйірме жұмыс істейді. Үздіксіз экологиялық білім беру, барлық ресурстарды үнемді пайдалану мәдениетін дамыту моделі еліміздің мектептерінің 79 %-ына енгізілді.

Жаһандық құзыреттер жаһанданудың қарқынмен дамып келе жатқан жедел әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістерге, сондай-ақ адамдарға, мәдениет пен ұлттарға жаппай әсер ететін басқа да маңызды жаһандық мәселелерге байланысты ерекше мәнге ие болады.

Курс - жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланысы мен тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін, әртүрлі

көзқарастар мен дүниетанымдарды, сыни ойлау мен бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын түсіне алатын жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Курстың мазмұны зерттеу дағдыларын дамытуды және қажетті өзекті ақпарат іздеуді, сыни ойлау мен рефлексияны, коммуникативтік құзыреттілікті қамтиды.

Курстың белгіленген мақсаттары мен міндеттері орта білім беру мазмұнымен сабақтастық пен өзара байланысты қамтамасыз етеді, оқу процесінің ажырамас бөлігі ретінде тәрбиелік контентті кеңейтеді.

5-8-сыныптарда курс бес бөлімді (юнит) қамтиды: «Этика және әдеп», «Азаматтық және патриотизм», «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық», «Өмір сүру қауіпсіздігі», «Экологиялық мәдениет», 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері» бөлімі (юнит) қосымша енгізілді.

Әр сынып үшін сағат саны мен күтілетін нәтижелерді көрсететін әртүрлі бөлімдер ұсынылады. Ұсынылған курс тақырыбы 5-9-сынып білім 248 алушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген. «Жаһандық құзыреттер» курсының мазмұны білім алушыларды қазіргі заманауи өмірге дайындауға, әлеуметтік және мінез-құлық дағдыларын, өз денсаулығы мен қауіпсіздігін басқару дағдысын қалыптастыруға, сонымен қатар жоғары деңгей дағдыларын дамытуға бағытталған; стандартқа сай емес шешімдер қабылдау, туындаған мәселелерді шешу және жұмысты жоспарлау қабілеті мен білім алушының мінез-құлық мәдениетіне, оның қоғамдағы қарымқатынасына, құқықтық және экологиялық мәдениетіне, үлкендерді құрметтеуге, табиғат, жан-жануарларға мейіріммен қарауға және басқаларға қатысты өзекті тақырыптарды қамтиды.

«Экологиялық мәдениет» бөлімі: «Менің айналамдағы әлем», «Экологиялық саяхат», «Біз таза аулада тұрамыз», «Қауіпсіз демалыс», «Экологиялық қақтығыстар», «Болашақта жер қандай болуы керек?» және тағы басқа тақырыптарды қамтиды.

«Азаматтық және патриотизм» бөлімінің мазмұны «Мен үшін Отан деген не?», «Біз - біртұтас халықпыз!», «Туған халқы мен Отанға деген адалдық», «Отбасындағы өзара сыйластық», «Туған жерге деген махаббат», «Әлеуметтік жауапкершілік», «Менің мектебімнің жетістіктері», «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!», «Өз елін танымал еткен тұлғалар» тағы да басқа тақырыптарды қамтиды.

Сынып жетекшілеріне, қосымша білім беру мұғалімдеріне «Болашақ энергиясы» ұранымен жас өлкетанушылар, экологтар және натуралистер арасында бірқатар сабақтар өткізу ұсынылады. Мұндай іс-шараны өткізу формалары әртүрлі («Жасыл планета» көрмелері, «Табиғатты аяла!» сурет байқаулары, «Ландшафтық дизайн», «Екінші өмір», «Туған өлкенің биоалуантүрлілігін сақтаймыз және көбейтеміз», «Денсаулық және қоршаған орта», «Жасыл экономика» және т.б. номинациялары бойынша

әлеуметтік маңызы бар зерттеу жобаларын қорғау). Оқушылардың экологиялық мәдениетін, олардың табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған белсенді әлеуметтік ұстанымын қалыптастыру мақсатында оқушылар арасында «Көміртек ізін өлше!», «Өмір сүр, жер!», «Мейірімділік керуені» экологиялық акцияларды; қоршаған табиғатты қорғау күніне арналған «Экологиялық марафон».

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әзірлеген «Зерттеу іс-әрекеті арқылы экологиялық проблемаларды шешу үшін бастауыш сынып оқушыларының практикалық дағдыларын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарда» бастауыш мектепте экологиялық білім берудің қазіргі кездегі маңыздылығы, экологиялық проблемаларды шешуде білім алушылардың практикалық дағдыларын дамытуға арналған зерттеу, жобалық жұмыстарды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар берілген. Әдістемелік ұсынымдарда (2-3 кесте) Экологиялық білім беруді ұйымдастыру нысандары және экологиялық акциялар циклограммасы ұсынылған.

2-кесте. Экологиялық білім беруді ұйымдастыру нысандары

Нысан	Үлгі тақырыптар	Білім алушылардың қызметі
Зерттеу жұмыстары	«Неліктен мектепте шамдарды сөндіріп, суды жабу керек?» «Мектептің экологиялық паспорты» «Жасыл терезе»	Білім алушылар экологиялық проблемаларды зерделеу бойынша зерттеу қызметінің әдістемелерін меңгереді
Экологиялық КВН	«Біз табиғаттың доспыз», «Табиғатты бірге сақтаймыз», «Қоныс аударатын құстар» «Табиғатқа қауіп төніп тұр»	Экологиялық жағдайды өзіндік түрінде талдайды
Экологиялық театр-театрландырылған қойылым	«Түрлі ертегілердің кейіпкерлері» «Ересектер мен балалар — біз табиғатқа жауаптымыз» «Сиқырлы орманға саяхат» «Таза қала»	Білім алушылар экология саласында бұрын алған білімдері мен дағдыларын пайдалана отырып, театрландырылған қойылымға қатысады
Экологиялық суреттер, плакаттар байқауы	«Эко сурет»	Білім алушылар экологиялық сипаттағы қиял мен

	«Табиғатты қорғауықтартері мен жануарлары» «Көктемгі букет»	шығармашылықты көрсете отырып, көркемдік-эстетикалық дағдыларды дамытады
Эко-квест	«Табиғатты бірге сақтайық» «Қазақстан қорықтары» «Орман құпиялары» «Біз туристпіз» «Қоқысты сұрыптау-табиғатты қорғау»	Білім алушылардың экологиялық проблема бойынша әртүрлі басқатырғыштар мен логикалық тапсырмаларды шешуінен тұратын сюжеттік желісі бар ойын
Киноклуб/Кітап клубы	«Экомен» мультфильмі https://youtu.be/hXBuKDXtWPU «Флора командасы-таза жұмыс істеді» мультфильмі https://youtu.be/Q0ClswFhAE0 «Қоқыс төңкерісі: екі жақты қоқыс үйіндісі» авторы Э. Хайви	Білім алушылар мультфильмді көру және талдау немесе кітап оқу негізінде проблемалық-құндылық қарым-қатынасқа қатысады
Виртуалды экскурсиялар	Қазақстан қорықтары https://youtu.be/bDwRYFYuy8k https://youtu.be/AX782oGTxM4 Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы https://markakol-zapovednik.kz/ru/#	Білім алушылар табиғаттағы тірі заттарды тануға, олардың өмір сүру жағдайларына бейімделу белгілерін көруге үйренеді

3-кесте. Экологиялық акциялар циклограммасы [12].

Өткізу уақыты	Атауы	Мазмұны
1 тоқсан	«Таза ойындар»	Жарыстарды ұйымдастыру үшін сынып (команда) аумақты бірнеше критерийлер бойынша таңдайды: ойынға қатысушылардың қауіпсіздігі, қоқыстың болуы және қолжетімділігі. Орын бекітілгеннен кейін командаларға ойынға тіркелу жарияланады.

		Сайысқа қатысушылар бейджер, қолғаптар мен сөмкелер алып, брифингтерден өтеді. Бір сағат ішінде олар қалдықтарды жинап, арнайы станцияларда «Сатып алушыларға» тапсырады, сөмкелерді ұпайларға айырбастайды. Олардың есебі мобильді қосымшада жүргізіледі және ойын қорытындысы бойынша жеңімпаздарға экологиялық таза сыйлықтар беріледі, ал қайта өңделетін заттар қайта өңдеу пункттеріне жіберіледі.
2 тоқсан	«Құс асханалары»	Дайындық жұмыстары жүргізілуде. Ата-аналар білім алушылармен бірге қыстайтын құстарға арналған жем-шөп дайындайды және оларды мектеп аумағына орналастырады. Акция балалардың үлкен қызығушылығын тудырады және олар өздерінің жас құстарын тамақтандыруға және жемсауыттарды әртүрлі жемдермен толтыруға тырысады.
3 тоқсан	«Бөлу және сақтау»	Макулатураны, пайдаланылған батареяларды және қақпақтарды (мейірімділік қақпақтарын) жинау көзделеді. Білім алушылар қалдықтардың түрлері, олардың зияны және дұрыс кәдеге жарату, сондай-ақ қайта пайдалану мүмкіндіктері туралы біледі.
4 тоқсан	«Жасыл аула-жайлы мектеп»	Оқу процесіне қатысушылардың назарын мектеп аумағын абаттандыруға аудару, тартымды көрініс жасау, әдемі, жақсы ұсталған мектеп алаңы білім алушылардың бойында әдемі сезімді, мектепке деген сүйіспеншілікті қалыптастырады, еңбекқорлыққа, табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелейді, танымдық қызығушылықтарын дамытады. Балаларға салауатты өмір салты дағдыларын үйретеді.

2020 жылы Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы 1-11 сынып оқушыларына арналған экологиялық білім беру бойынша сынып сағаттарының бағдарламасын сынып жетекшілеріне көмек ретінде әзірледі.

Бірінші (1-4 сынып), екінші (5-8 сынып), үшінші (9-11 сынып) оқу сатысына сәйкес келетін үш толық және өзара байланысты блоктарды қамтиды. Әр блокта әр түрлі жастағы білім алушылар түсінетін экологиялық білім кешені бар.

Бұл бағдарламаның мақсаты: оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі кезеңдеріндегі оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін ескере отырып, мектепте экологиялық білім беру мен тәрбиелеудің интеграцияланған жүйесін қалыптастыру.

1-4 сынып оқушыларына арналған экологиялық білім беру бойынша сынып сағаттарының «Жас эколог әліппесі» бағдарламасы білімнің әртүрлі салаларын (жаратылыстану-ғылыми, гуманитарлық, қоғамтану) интеграциялау негізінде әзірленген және экологиялық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде экологиялық жауапкершілік негіздерін тәрбиелеу үшін бастауыш сынып оқушыларының табиғатқа құндылық қатынасын қалыптастыру үшін жағдай жасауға бағытталған.

Сынып сағаттарының ұзақтығы барлығы жылына 9 сағатты құрайды.

1 сынып – «Экологияға алғашқы қадамдар» (9 сағат);

2 сынып – «Мен табиғатты танимын» (9 сағат);

3 сынып – «Экология әлеміне саяхат» (9 сағат);

4 сынып – «Танымдық экология» (9 сағат).

3. Бағдарламаның мазмұны төмендегідей қарастырылған:

1 сынып. **«Экологияға алғашқы қадамдар»** бағдарламасы адамның, жануарлардың және өсімдіктердің қоршаған ортасы туралы бірқатар мәселелерді ашады. Оны жүзеге асыру барысында оқушылардың табиғат нысандарына деген қызығушылығы, құстар мен Үй жануарларына көмектесу және қамқорлық жасау, табиғат пен қоғамдағы ережелерді сақтауға деген ұмтылысы қалыптасады. Білім алушылар табиғатты көруге, естуге, байқауға үйренеді, қарапайым физикалық құбылыстар туралы түсініктерін дамытады, оптика ұғымдарымен — көрінетін кезде жарық сәулелерінің шағылысуымен танысады, кейбір бояулардың табиғи шығу тегін зерттейді.

2 сынып. **«Мен табиғатты танимын»** бағдарламасы экология туралы ұғымды, табиғат дамуының негізгі кезеңдерін ашады. Білім алушылар табиғатпен жабайы өсімдіктер мен жануарлар үйі ретінде танысады, табиғатта сақталуы қажет мінез-құлық ережелерін, табиғаттағы жұмыс әдістерін үйренеді, бақылау объектілерін таңдауға үйренеді; «нені байқау керек?»; «Қандай мақсатпен?»; «Қайда, қандай жағдайда?»; «Бақылауды қалай орындау керек?». Олар табиғаттың өзара байланысын бақылау арқылы зерттейді. Бақылауды орындау үшін қажетті жабдықтар: Далалық күнделік және жазуға арналған қарапайым қарындаш; аспаптар мен құралдар (компас, лупа, бинокль, микроскоп); энциклопедиялар, атластар және т.б. сынып сағаттарын өткізу барысында жас табиғат зерттеушісі дамытуы қажет қасиеттерге ие болады.

3 сынып. «Экология әлеміне саяхат» бағдарламасы планетада экологиялық тепе-теңдікті сақтаудың шарты ретінде биологиялық әртүрлілікті (түрлер мен экожүйелерді) зерттеуге, ормандағы, шалғындағы, су айдынындағы өсімдіктер мен жануарлар арасындағы өзара байланысты

зерттеуге; қоршаған әлемді, адамның жердегі орны мен рөлін, адамгершілік құндылықтар жүйесін, белсенді жеке ұстанымды қалыптастыруға бағытталған. Білім алушылар әртүрлі ағаш түрлерінің (мысалы: терек, емен, қайың, жөке, алма, шырша) сыртқы құрылысына тән белгілерін анықтауды үйренеді, ландшафтық дизайн элементтерімен танысады. Олар жабық өсімдіктерді, үй жануарларын (ауылдық жерлерде - үй жануарларын) бақылайды. Бағдарлама балаларды табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың негізгі принциптерімен таныстыруды көздейді.

4 сынып. «Танымдық экология» бағдарламасы оқушылардың ой – өрісін кеңейту, балалардың табиғат-біздің ортақ үйіміз екенін түсінуін қалыптастыру үшін экологиялық мәселелерді, экологиялық күнтізбемен жұмыс жасау әдістерін оқу арқылы балалардың экологиялық мәдениетін дамытуға бағытталған. Бағдарлама балаларды планетаның барлық табиғи ресурстарын пайдалануға ұқыпты және ақылға қонымды қарауға тәрбиелеуге, энергияны тиімді пайдалану және энергияны үнемдеу, ауыз су көздерін ұтымды пайдалану, адам экологиясы — Адам мен оның қоршаған ортасының өзара байланысы мен өзара әсерін зерттейтін ғылым туралы идеяларды қалыптастыруға, сондай-ақ топта жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, ынтымақтастық пен біртұтас пікір қалыптастыру қабілетіне бағытталған.

5-8 сынып білім алушыларына арналған экологиялық білім беру бойынша «Мен және экология» сынып сағаттарының бағдарламасы биологиялық және экологиялық ұғымдарды жоспарлы және сабақтастықпен қалыптастыру мен дамыту, жетекші экологиялық идеялар мен ғылыми фактілерді меңгеру негізінде балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып құрылған.

Әр сыныпта жылына 9 сағатты құрайды.

5 сынып – «Жер - біздің ортақ үйіміз» (9 сағат);

6 сынып – «Табиғат - керемет әлем» (9 сағат);

7 сынып – «Экология – үй туралы ғылым» (9 сағат);

8 сынып – «Біз көкжиектерді ашамыз» (9 сағат).

Бағдарламаның мазмұны.

5 сынып. «Жер – біздің ортақ үйіміз» бағдарламасында табиғатқа, әсіресе қоршаған ортаны және табиғатты қорғауға деген көзқарасын өзгерту қажеттілігі туралы мәселе қарастырылады. «Жер - біздің ортақ үйіміз!» білім алушыларды қоршаған ортаны қорғау мәселелерімен, ғалым-экологтармен, экологиялық күндермен таныстырады, балалардың назарын адамның қоршаған табиғатқа тигізетін қатеріне аударуға, оқушылардың экологиялық проблемаларға танымдық қызығушылығын қалыптастыруға және оларды шешуге қатысуға деген ұмтылысын қалыптастыруға көмектеседі. Табиғаттағы білім алушылардың іс-әрекеттері адамгершілікке, қамқор болуға, ал олардың бір-біріне деген қарым-қатынасы сыйластыққа ие болады.

6 сынып. «Табиғат – керемет әлем» бағдарламасы экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, табиғатқа жауапкершілікпен және ұқыпты қарауға ықпал етеді. Білім алушылар экологиялық жүйе компоненттерінің өзара байланысын түсінуге үйренеді, табиғи құбылыстардың циклдік сипаты туралы түсінікке ие болады. Экологиялық білімнің мазмұны биологиялық экология немесе табиғатты қорғау мәселелерімен аяқталмайды. Оқушылар әлеуметтік экология, валеология, экологиялық қауіпсіздік элементтерімен танысады.

7 сынып. «Экология – үй туралы ғылым» бағдарламасы оқушыларды қызықты және алуан түрлі табиғат әлемімен, «экожүйе», «экологиялық зерттеу әдістері», «зандар» экологиялық ұғымдарымен, қоршаған ортаны зерттеу әдістерімен таныстырады. Оқушылар қоршаған ортаны қорғау бойынша белсенді экологиялық ұстанымды қалыптастырады. Білім алушылар барлық тіршілік иелеріне жауапкершілікпен қарайды, өнеркәсіптік қалдықтар, қасиетті орындар, экологиялық эстетикалық мінезқұлық сияқты ұғымдармен танысады.

8 сынып. «Біз көкжиектерді ашамыз» бағдарламасы оқушылардың экологиялық мәдениетін дамытуға, табиғат байлығына ұқыпты және жауапкершілікпен қарайтын, табиғат пен әлеуметтік ортада экологиялық және адамгершілік негізделген мінез-құлық дағдыларын меңгерген адамгершілік, шығармашылық, әлеуметтік белсенді тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған.

9-11 сынып оқушыларына арналған экологиялық білім беру бойынша **«Экология және адам денсаулығы»** сынып сағаттарының бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) білімнің әртүрлі салаларын (жаратылыстану ғылыми, гуманитарлық, қоғамтану) интеграциялау негізінде әзірленген және оқушылардың табиғатқа құндылық қатынасын қалыптастыру, оны тұтас қабылдау, экологиялық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде экологиялық жауапкершілікті тәрбиелеу үшін жағдай жасауға бағытталған.

Сынып сағаттарының ұзақтығы әр сыныпта жылына 9 сағатты құрайды. 9 сынып – «Адамның экожүйедегі орны» (9 сағат);

10 сынып – «Табиғатты қорғау-әрқайсымыздың міндетіміз» (9 сағат);

11 сынып – «Адамзаттың экологиялық мәселелері» (9 сағат).

Бағдарламаның мазмұны 7.

9 сынып. «Адамның экожүйедегі орны» бағдарламасы экожүйені қалыптастыру мен қолдаудың экологиялық негіздерін, табиғаттағы циклдің мәнін түсінуді, адамның, жануарлар мен өсімдіктердің қоршаған ортасы туралы бірқатар мәселелерді ашады. Адамның табиғаттағы жағдайына, оның құрамдас бөліктерінің бірі және жаһандық кешенді экологиялық фактор ретінде ерекше назар аударылады. Оқушылардың аналитикалық ойлау, салыстыру, жалпылау, табиғат объектілері мен құбылыстарын зерттеуге деген қызығушылығын қолдау, өзіндік зерттеу қызметінің дағдылары дамиды; табиғат объектілеріне ұқыпты қарау, коммуникативтік

қабілеттерін жетілдіру дағдылары қалыптасады; табиғат объектілеріне деген қызығушылық, құстар мен үй жануарларына көмектесу және қамқорлық жасау, табиғат пен қоғамдағы ережелерді ұстануға деген ұмтылыстары артады. Бағдарламада адам экологиясының санитарлық-гигиеналық, психологиялық және педагогикалық аспектілері көрсетілген. Кешенді пәнаралық көзқарас тұрғысынан жастардың өз денсаулығына дұрыс көзқарасын қалыптастыру арқылы «салауатты өмір салты» ұғымының мәні қарастырылады. Бағдарлама оқушылардың экологиялық мәселелерді талқылауға, қарапайым экологиялық мәселелерді шешуге деген белсенділігі мен қызығушылығын арттыруға бағытталған.

10 сынып. «Табиғатты қорғау - әрқайсымыздың ісіміз» бағдарламасы экология туралы білімді тереңдетеді, ғаламды құрудың терең заңдары мен принциптерін жарықтандырады. Оқушылардың білімі биология, география, физика пәндерінен алған білімдеріне негізделеді. Бағдарлама экологиялық тұрғыдан дұрыс мінез-құлық, этикалық нормалар мен қоршаған табиғи ортаға деген көзқарастың принциптерін, білімдерін, дағдыларын дамытуға бағытталған. Білім алушылар қоршаған ортаны зерттеу және қорғау бойынша нақты қызметке тартылады, экологиялық этика мәселелерін, экология мен экологиялық құқықтың мәдениеттану аспектілерін зерделейді, Қазақстанның бай өсімдіктер және жануарлар әлемімен танысады, зерттеудің ғылыми әдістерімен танысады 8 Сәуір Қазақстанның ерекше қорғалатын аумақтары. Жетісудың экологиялық мәселелері. «Қазақстанның ИнжуМаржандары. Жеті су - жеті өзен» сынып сағаты 1 9 Мамыр Өркениеттің болашағы әрқайсымызға байланысты. «Экоөмір! Бұл сәнді» сынып сағаты 1 Барлығы 9 (ақпарат жинау, фактілерді салыстыру, талдау, гипотезалар ұсыну, қорытындылар мен қорытындылар дайындау). Зерттеулер мен бақылаулар жүргізу жоғары сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытады, ұжымшылдық пен тірі табиғатқа, табиғаттағы мінезқұлық мәдениетіне оң құндылық қатынасын қалыптастырады. Бағдарламада оқушылар арасында табиғат адамның тіршілік ету ортасы және өмір мен өндірістік іс-әрекетке қажетті барлық тауарлардың қайнар көзі екендігі туралы тұтас түсінік қалыптастыруға бағытталған идеялар көрініс табады. Оқушылар номадтардың экологиялық мәдениетімен танысады, қоршаған ортаны қорғаудың заңнамалық құқығының негіздерін зерттейді, экологияға байланысты мамандықтар туралы кәсіптік бағдар беру білімдерін алады.

11 сынып. «Адамзаттың экологиялық мәселелері» бағдарламасы табиғат заңдары мен адам іс-әрекетінің өзара байланысын түсінуді кеңейтеді және жоғары сынып оқушыларына арналған, оқытудың орта буынында алынған экология туралы бұрыннан бар білімге негізделген, сонымен қатар география және экология бағдарламасын кеңейтеді. Сынып сағаттары жүйесі өзін-өзі тәрбиелеуге негізделген, ақпаратты өз бетінше іздеуге, таңдауға, талдауға және пайдалануға жеткілікті дағдылары мен

психологиялық көзқарастары бар белсенді тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. тұлғаның табиғатқа жауапты қатынасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі экологиялық принциптер мен ережелерді білу. Бағдарлама оқушылардың су және жер ресурстарын, жасыл желектерді және қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалануға ұқыпты қарау қажеттілігін ұғынуына; қолайлы қоршаған ортаны қалпына келтіру және сақтау, экологиялық ережелер мен талаптарды саналы түрде орындау үшін қоғам алдында жеке жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған. Бағдарлама экологиялық этика, экология мен экологиялық құқықтың мәдени аспектілері мәселелерін қарастырады.

Соңында әр деңгей бойынша «Тақырыптық жоспар», «Әдебиеттер тізімі» берілген.

«Жасыл ел» мемлекеттік бағдарламасы

Елімізде «Жасыл ел» мемлекеттік бағдарламасы аясында мектеп оқушыларының экомәдениетін қалыптастырып, қоршаған ортаны аялау мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Осы бағытта бірқатар жобалар жүзеге асырылады. Солардың бірі – «Жасыл мектеп» жобасы.

Эко білім беруді дамытуға бағытталған жобаны Болат Өтемұратов қоры қаржыландырады.

«Жасыл мектеп» жобасының басты мақсаты – өскелең ұрпақты қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, бау-бақша егумен жақын таныстырып, биология және өсімдік шаруашылығы саласындағы жасөспірімдердің білімін кеңейту және қызығушылығын арттыру, еңбекке баулып, оқу орындарын көгалдандыруға үйрету.

Жобаның жалпы ұзақтығы – 3 жыл. Жоба өз бастауын алғашында 2021 жылы Алматы қаласынан алып, оған 16 мектеп қатысты. Ал 2022 жылы бас шаһарда 19 мектеп пен 1 колледжде «Жасыл мектеп» жобасы іске асырылуда.

Жылыжайдың іші заманауи тамшылатып суару, жылыту және жарықтандыру жүйелерімен жабдықталған. Жылыжайды орнатуда елорданың аязды қысы да ескерілген.

Өсімдіктердің биосинтезі мен өсіп-өнуін қолдайтын, олардың өсуін жақсартып, өнімділігін арттыратын көк және қызыл диодтары бар ұзындығы 60 м болатын фито таспалар өсімдіктер үшін пайдалы жарықтандыруды қамтамасыз етеді. Қыс мерзімінде көкөніс және жидек дақылдарының тоңдануын болдырмау үшін инфрақызыл жылытқыштар орнатылған және топыраққа жылыту кабелі төселген.

Жылыжайдағы сабақтар мектеп бағдарламасын тәжірибелік сабақтармен толықтырады және мұғалімдер үшін қызықты факультатив сабақтарын өткізуге тамаша мүмкіндік болады. Мектеп оқушылары көкөністер, жидектер мен шөптер өсіреді, ал жиналған егін мектеп командалары арасындағы демонстрациялық жобалар мен жарыстарда қолданылады.

Эко-жоба оларға табиғатты қорғауды ғана насихаттамай, өсімдікті өсіріп, өнім алу жолдарын теориялық-тәжірибелік тұрғыда үйретеді. Тұқым кезінен өнім алуға дейінгі кезеңнің барлық сатысын жетік меңгере алады.

<https://utemuratovfund.org/kk/projects/zhasyl-mektep>

NXplorers: Жасыл ұрпақ бәйгесі.

Shell NXplorers-бұл инновациялық білім беру бағдарламасы, онда қатысушылар (мұғалімдер мен оқушылар) сыни және шығармашылық ойлау құралдары мен дағдыларын үйренеді, олардың көмегімен олар нақты әлемнің күрделі мәселелерін шешеді.

Қазақстан Республикасының аумағында NXplorers 8-10 сынып оқушылары арасында экологиялық міндеттерді шешу бойынша жобалар конкурсы форматында іске асырылады. "Шелл" компаниясының тапсырысы бойынша Қазақстан Caravan of Knowledge корпоративтік қоры 2021 жылдан бастап "Nxplorers: Жасыл ұрпақ бәйгесі" жобасын іске асыруда

«NXplorers: Жасыл ұрпақ бәйгесі» — бұл экологиялық мәселелерді шешіп, жобаларды жүзеге асыру үшін мұғалімдер мен оқушыларды оқытуға арналған NXplorers арнайы әдістемесі. Бағдарлама мәселені терең зерттеуге және тұрақты шешімдерді құруға үйретеді.

Бағдарлама проблемаларды зерттеуге және тұрақты шешімдер жасауға үйретеді

Shell NXplorers - болашақ ұрпақтың ойлауын дамыту бағдарламасы.

Білім беру және балалардың сыни және креативті ойлауын дамыту саласындағы жаңа тәсіл, кешенді міндеттерді өз бетінше шешу дағдылары.

Жобаның мақсаты:

Кешенді мәселелерді шешу үшін NXplorers авторлық әдістемесін жастарға беру.

Конкурсқа қатысушылар Қазақстан Республикасының экологиясын қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы проблемаларды шешу үшін әртүрлі әдіснама құралдарын қолданатын болады.

Жобаның кезеңдері

1. Конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдау.
2. Nxplorers әдіснамасына мұғалімдерді оқыту - кешенді мәселелерді шешу құралдары.
3. Оқытылған мұғалімдерді сертификаттау.
4. Nxplorers материалдары бойынша педагогикалық шеберлік байқауы.
5. NXplorers сабақтары- республикалық апталығы.
6. Экологиялық мәселелерді шешу бойынша балаларды оқыту және олардың жобаларын әзірлеу.
7. Экологиялық жобалар байқауы. Онлайн питчинг және жобаларды қорғау. Финалистерді таңдау.

8. Байқаудың финалы Астана қаласында өтеді. Финалист командаларға арналған "NXplorers үдеткіші". Жеңімпаздарды таңдау (мектеп демалысында).

9. Жеңімпаздар үшін гранттарды рәсімдеу.

Жобаларды іске асыру.

Зерттеу

Зерттеу кезеңінде сіз проблемалармен және олардың әсер ету себептерімен жұмыс жасайсыз. Сіз үлкен суретті көру және проблемаңыздың негізгі себептерін анықтауға көмектесетін үлгілерді, байланыстарды анықтау үшін NX ойлау дағдыларын аласыз.

1-ҚАДАМ. Nxplorers республикалық онлайн-конференция

2-ҚАДАМ.Педагог кадрларды даярлауға тіркеу

Қатысу шарттары:

Жаттықтырушыны даярлау бағдарламасына және жаттықтырушыны аттестаттауға Қазақстанның мемлекеттік мектептерінің, кез келген пәндер мен оқытушылар сыныбының оқытушылары өтініш бере алады

Оқыту тілі:

Қазақша/орысша

3-ҚАДАМ.Оқыту.

Nxplorers әдіснамасы негізінде онлайн оқыту

4-ҚАДАМ.Үй тапсырмасын орындау және ол бойынша кері байланыс алу

Жасау

Құру сатысында келешекте мүмкін нұсқаларымен жұмыс жасайды және қалаған сценарийді қалыптастыру үшін сценарийді жоспарлау әдістерін қолданады.

Іс-шаралар жоспарын әзірлеуде оң өзгеріс болуы мүмкін идеялар туралы ойлана бастайды.

1-ҚАДАМ.

Педагогикалық шеберлік конкурсы

Педагогтардың конкурстық жұмыстарын дайындауы.жеңімпаздар анықтау.

Оқытуды аяқтағаннан кейін мұғалімдер өз сабақтарында NXplorers әдістемесін қолдану бойынша өз материалдарын әзірлейді. Ол болуы мүмкін: быты:

- Сабақ жоспарлары

- Оқыту әдістемесі бойынша факультативтік сабақтың жоспары

- Көрнекі және ынталандыру материалы

- оқушыларға арналған тапсырмалар және т.б.

2-ҚАДАМ.

“Огонь учительской души” nxplorers демалысы

Интенсивті бағдарлама жалпы білім беруде жобалық тәсілді және атап айтқанда NXplorers құралдарын қолдану саласында білімді, дағдылар мен қабілеттерді нығайтуға бағытталған

Интенсивті оқуға қатысу үшін Педагогикалық біліктілікті арттыру конкурсының жеңімпазы болу керек.

ӨЗГЕРУ

Өзгерістер кезеңінде ұсынылған әрекеттер мен практикалық әрекеттер туралы сыни ойлана бастайсыз. NXplorers өзгерту құралдары тұрақты өзгерістерді жоспарлауға және орындауға көмектеседі және мүдделі тараптарды өз көзқарасыңызға сенуге қалай сендіруге болатынын көрсетеді.

1-ҚАДАМ.Nxplorers республикалық сабақ апталығы


Бұл онлайн-спринт конференциясы, онда педагогикалық шеберлік байқауының 30 финалисті қатысады және өз сабақтарында NXplorers құралдарын қалай пайдалану керектігі туралы өз ойларымен бөліседі: Биология, Химия, Физика, География, Математика, Информатика және тілдер.



Спринт, өйткені ол 4 күн, күніне 1-2 сағат қана уақыт алады. Әр сөйлеушіге – 10 минут беріледі.


Егер сіз сабақтарыңызды өткізіп қана қоймай, оны қызықты, тартымды еткіңіз келсе. Егер сіз білімнің жадты жаттықтырып қана қоймай, ойлауды дамытқанын қаласаңыз, онда біздің онлайн-конференцияға қосылыңыз, онда Қазақстанның түкпір-түкпірінен 30 мұғалім өз идеяларымен бөліседі.


2-ҚАДАМ.Білім алушыларды оқыту әдістемесі


Қыркүйек айында мұғалімдер оқушыларға экожобалар байқауына қатыса алуы үшін әдістемені үйретеді.











3-ҚАДАМ. Оқушылар жобаларының өңірлік конкурсы

Экологиялық жобалар конкурсына қатысу үшін NXplorers әдістемесі бойынша оқушыларды оқытқан оқытушы оқушылар командаларын құруы қажет.

Конкурстың 1-кезеңі (облыстық):

Онлайн питчинг және өңірден үздік жобалардың бірін іріктеу

2-кезең (республикалық):

Астана қаласында өтетін конкурстың жобасын және финалын жеделдетуге финалистердің қатысуы.

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЖОБАҒА ҚАТЫСУ МҮМКІНДІКТЕРІ:

Үздік жобаларды жасауға және кез келген проблемалардың шешімін табуға көмектесетін халықаралық бағдарламаны үйрену

Сабақтарында әдіснаманы қолдану

жобалық іс-шараларда тәжірибе жинақтау және білім беру саласындағы жобалық тәсіл - идеядан іске асыруға дейін.

Бағдарлама жаттықтырушы сертификатын алу

Өз оқушыларының, олардың мектебінің және жалпы білім берудің дамуына ықпал ету

Астана қаласында өткен жобалық конкурстың финалы (3 күн). Финалға шыққан барлық командалар үшін ақылы қатысу (әр өңірден 1 команда).

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖОБАҒА ҚАТЫСУ МҮМКІНДІКТЕРІ:

Іріктеуден өтетін үздік командалар ұйымдастырушылар есебінен акселерация үшін Астанаға барады.

Үздік жобаларды жасауға және кез келген проблемалардың шешімін табуға көмектесетін халықаралық бағдарламаны үйренеді.

Өзіңіздің экологиялық жобаңызды іске асыру мүмкіндігі болады.

Жобаны Астана қаласында акселерация кезінде талдап алу, Қазақстанның түкпір-түкпірінен пікірлескен адамдармен кездесу.

Жоба жеңімпаздары өз идеясын жүзеге асыру үшін 1 млн. теңге көлемінде грант алады.

SHELL NXPLORERS ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
«МӘСЕЛЕРДІ ШЕШУШІ»
ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ



Мәтіндегі бос орындарды толтырыңыз. Барлық тапсырмаларды орындап, өзіңіздің қаншалықты ТАБАҢДЫ екеніңізді біліңіз.

Сіз өлемді жақсы жаққа өзгертуге ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙ аласыз ба?

NXplorers – бұл ...

Аты-жөні _____

Мен туралы маңызды:

1. _____

2. _____

3. _____

NXplorers әдістемесі неден тұрады?
Бос орындарды толтырыңыз



___ кезең

___ ойлау түрі

___ құрал

NXPLOERS ойлау түрлері

	Атауы	Мағынасы неде?	Осы ойлау түрін жөке қолданған кездегі мысалдарды келтіріңіз
1	Жалпы жағдайды талдау		
2	Пікірлерді талдау		
3	Байланыстарды талдау		
4	Болашақты талдау		
5	Өзгерістерді талдау		

Республикалық деңгейде ұсынған оқушылардың жұмысын ұсынамыз



Жасыл ұрпақ бәйгесі

Топтың аты:

Green Team

Жоба тақырыбы:

Ақ тұқы өсіру арқылы саябақтағы суды балдырлардан тазарту



Жасыл ұрпақ бәйгесі



Қарағанды қалалық саябағы көлінің аумағы- 4га, судың тереңдігі – 3м



Жасыл ұрпақ бәйгесі

Жініктемелі сұрақ

Біз Green Team оқушылар тобы
Қарағанды қаласындағы қала
ішіндегі саябақтың су қоймасын
балдырлардан қалай тазарта аламыз?



Жасыл ұрпақ бәйгесі

Күш салу нүктелері

Қоқыстар

Балық өсіру



Ақ тұқы, ақ амур - суыққа төзімді, өсімтал балықтар. Олар бір-бірімен жақсы үйлесімде тіршілік етеді. Мамыр-шілде айларында уылдырық шашады. Ақ тұқы 2-3 жасқа дейін күміс түстес, 4 жастан жоғары - көгілдір-сұр түсті болып келеді.



Жоба бюджеті

Җе шара атауы		Ак түскә, ак аяуыр аяуыр араласы саябагысы суды баялылардан таяуы ²				
№	Атауы	Өлшем бірлігі	1 дана багасы	Саны	Багасы, тг	Тәуекелдер
1. Керектә җабыдыктар						
1	Акварיום, 150л	кызмет	20000	1	20000	Акварיוםның сынуы
2	Су химиялык сапасын тексеру кызметі	кызмет	10000	2	20000	Кызметтің кымбаттауы
3	King Fish курсы	кызмет	300000	1	300000	
					340000	
2. Материалдар						
4	Акварיום, 150л	дана	68000	1	68000	Сапасы төмен болуы
5	Тұғыры(стойка)	дана	40000	1	40000	
6	Белгілер, ескертпелер	дана	10000	1	10000	
					118000	
3. Фильтрация						
6	Фильтр: сырткы	дана	80000	1	80000	Сапасы төмен болуы
7	ішкі	дана	10800	1	10800	Сапасы төмен болуы
8	Флейта	дана	4000	1	4000	Істемей калуы мүмкін Сынып калуы мүмкін
9	Компрессор TETRATEC APS 150	дана	15000	1	15000	
10	Тор(Сачок)	дана	2000	1	2000	
					111800	

Жоба бюджеті (жалғасы)

4.Жарыктандыру						
11	Жарык (светильник) 40-67 см	дана	46000	1	46000	Ауыстыру керек болуы мүмкін
12	Таймер	дана	3600	1	3600	
49600						
5.Температура режимі						
13	Жылытқыш (обогреватель)	дана	10000	1	10000	Істемей қалуы мүмкін
10000						
6. Декорациясы						
14	Құм (грунт) JBL Monado	дана	4000	20	80000	
15	Декор жйынтығы	дана	1	6000	6000	
86000						
7. Су/химия						
16	Судын сапасын тексеретін тест-комплекттар: судын сапасын тексеру (рН, аммиак, нитраты, нитриты).	дана	10000	1	10000	Істемей қалуы мүмкін
17	Аквариум тазалайтын химиялық коспа ХИМОЛА	дана	2000	1	2000	Таусылып қалуы мүмкін
12000						

Жоба бюджеті (жалғасы)

8.Балыктар						
16	Балыктар	дана	1000	50	50000	ауыруы мүмкін, өліп калу қаупі
					50000	
9.Жем						
17	Жем(корм)	дана	2000	20	40000	кымбаттауы мүмкін
	Жем коспа (дәрумендер)	дана	1000	20	20000	
					60000	
10. Коммуналдық төлемдер						
18	Электроэнергия	кВт.т	6675	5 ай(152 күн)	33375	кымбаттауы мүмкін
19	Су / кәріз	м³куб	3450	5 ай(152 күн)	18635	кымбаттауы мүмкін
					52010	
Жоба құны, теңгемен					889410	



Қазақстанда көптеген мектептер экология бағытында жұмыс жасайды. Солардың бірі Жамбыл облысы Меркі ауданы Мұхтар Әуезов атындағы

жалпы орта мектеп-лицейі.

Жобаның тақырыбы: Мектеп-лицей жағдайында оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың ұйымдастыру-педагогикалық шарттары.

Эксперименттің тұжырымдамасы: **Эксперименталды алаң тәжірибе жұмысының мақсаты** – жергілікті экологиялық жағдайды зерттеу кезінде мектеп оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларын анықтау және негіздеу, тәжірибе жүзінде эксперименттен өткізу, әдіснамасын жасау.

Эксперименттік тәжірибенің міндеттері:

1. Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың нормативтік құжаттық негіздеріне сүйене отырып элективті курстың бағдарламасын дайындау.

2. Мектеп-лицей жағдайында оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруды ұйымдастырудың отандық, шетелдік тәжірибесін анықтау.

3. Мектеп-лицей жағдайында оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда эксперименталды тәжірибелік экологиялық алаңдарды ұйымдастыру, сынақтар жүргізу.

4. Мектеп-лицей жағдайында оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруды ұйымдастырудың әдіснамасын жасау.

Эксперименталды алаңның нысаны – жалпы орта білім беретін мектептерде білім беру процесі.

Эксперименталды алаңның пәні – мектеп-лицей жағдайында оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру.

Зерттеудің ғылыми болжамы: Қазақстан Республикасындағы елеулі жаңашылдық өзгерістерге байланысты мектеп-лицей жағдайында оқушылардың экологиялық мәдениетін эксперименталды алаң жұмысы негізінде дамыту арқылы, оқушылардың түрлі экологиялық жобалар мен эксперименталды алаңды пайдалану арқылы тәжірибелер мен зерттеулер жүргізуі экологиялық мәселерді зерттеп шешу жолдарын анықтауға,

табиғатты экологияландыруға, ерте жастан оқушы бойында экологиялық мәдениет санасы қалыптасуына мүмкіндік екі есе артады.

Зерттеу әдістері: мектеп-лицей жағдайында оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруды ұйымдастырудың отандық, шетелдік тәжірибесін анықтау, экологиялық мәселелерді зерделеу, ұзақ мерзімді лабораториялық тәжірибелер жасау, сауалнама, тестілеу, сараптама, семинар-тренинг, практикалық және бақылау жұмыстары арқылы жасалады.

Эксперименталды алаң жұмысының кезеңдері және күтілетін нәтижелер.

Эксперименталды алаң 2022-2027 жылдар аралығында жоспарланып, бекітілген. Шартты түрде 4 кезеңге бөлінеді:

➤ **Бірінші кезең** - теориялық кезең – 2022-2023 жылдар аралығын қамтиды.

➤ **Екінші кезең** - тәжірибе кезең – 2022-2025 жылдар аралығын қамтиды.

➤ **Үшінші кезең** - бақылау кезеңі – 2025-2026 жылдар аралығын қамтиды.

➤ **Төртінші кезең** - қорытынды кезең – 2026-2027 жылдар аралығын қамтиды.

Бірінші кезең - теориялық кезеңі – 2022-2023 жылдар аралығын қамтиды.

Қазіргі кезеңдегі қалыптасқан экологиялық өзгерістерге байланысты жалпы орта білім беру жүйесінің даму тенденциялары қарастырылып, зерттеу тақырыбының көкейкестілігі анықталды. Отандық, шетелдік тәжірибелеріне сүйене отырып оларға талдау жасалып мектептегі экологиялық білімнің жүйесі сараланып зерттеудің ғылыми әдіснамасы және ғылыми аппараты анықталып, ғылыми тәжірибелік бағдарламасы әзірленіп, оқу процесіне теориялық тұрғысынан дайындық жасау.

Күтілетін нәтиже: Эксперименттің нормативтік құжаттары жасалады:

«Мектеп-лицей жағдайында оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың ұйымдастыру-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы педагогикалық эксперименттің бағдарламасы мен тұжырымдамасы, жоспары әзірленіп оқу процесіне енгізіледі.

Екінші кезең – тәжірибе жұмыстарын жүргізу арқылы экспериментті жүзеге асыру кезеңі – 2023-2025жж.

Мектеп-лицей жағдайында оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың ұйымдастыру-педагогикалық шарттарын қалыптастыру арқылы теориялық үлгісін мектеп тәжірибесіне енгізіледі. Озық экологиялық тәжірибелік білімдерді қолдану арқылы мектеп мұғалімдері мен оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырады. Эксперименттік-тәжірибелік алаңдарды ұйымдастыру арқылы

оқушылардың экологиялық зерттеушілік қабілеттерін және экологиялық сананы қалыптастырады.

Күтілетін нәтиже:

- Мектеп-лицей жағдайында еліміздің экологиялық мәселелерін шешу жолдарын мектеп оқушыларының ерте жастан экологиялық мәдениетін қалыптастыру арқылы ұйымдастырудың педагогикалық шарттары анықталады;
- Мектеп-лицей жағдайында оқушылардың экологиялық мәдениетін дамытудың негізгі практикалық тәжірибелік алаңдарымен танысып экологиялық мәдениеттің маңыздылығы айқындалады;
- Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру критерийлері, көрсеткіштері мен деңгейлеріне сипаттама талдау жасалады;
- Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың негізгі аспектісі ретінде экологиялық бағытта үйірме жұмыстары, экоклуб бағдарламалары мектептің іс-тәжірибесіне енгізіледі;
- Мектеп-лицей жағдайында оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда жасалған тәжірибелік жұмыстар, жобалық жұмыстар БАҚ ғылыми басылымдарда жарияланады;
- Тәжірибелік практикалық жұмыстар негізінде жекеленген экологиялық өнімдердің, жасалған жұмыс жоспарының оқу-әдістемелік құралдары, мектеп-лицей жағдайындағы экологиялық жұмыстар журналы жүзеге асырылады;
- Мектеп-лицей жағдайында тәжірибелік алаңдарды қолдану арқылы экологиялық өнімдер алынады.

Үшінші кезең – бақылау кезеңі – 2025-2026 жж.

Мектеп-лицей жағдайында эксперименталды алаң жұмысының оқушылардың және педагог қызметкерлерінің экологиялық мәдениетіне әсерін бақылау.

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылардың эксперименталды алаң жұмысының экологиялық тұрғысынан зерттеушілік қабілетін бақыланып сарапталады;
- Педагог қызметкерлерінің эксперименталды алаң жұмысының жүргізу барысын бақылау және сарапталады.

Төртінші кезең – экспериментті қорытындылау кезеңі – 2026-2027 жж. Эксперимент барысында жинақталған нәтижелермен тәжірибелік жұмыстардың соңғы кезеңіндегі қорытындыларды көрсететін және жинақталған мәліметтерді қамтитын оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулықтар тәжірибелік және жобалық жұмыстардың жинағы баспадан шығарылады.

Күтілетін нәтиже: «Мектеп-лицей жағдайында оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың ұйымдастыру-педагогикалық

шарттары» тақырыбындағы эксперименттік алаң жұмысының нәтижесі шығарылып, қорытынды жасалады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңызы:

1. Жеке тұлғаны қалыптастырушы білім парадигмаларының даму тенденциялары экологиялық білім деңгейі және оны дамытудың әдіснамасы аясында оқушылардың экологиялық мәдениетін дамытудың теориялық – әдіснамалық негізін анықтаушы бағдар болған эксперименталды алаң жұмысының мәні ашып көрсетілмек.

2. Ерте жастан бастап оқушылардың бойында экологиялық сана толыққанды түрде қалыптаспақ.

3. Оқушылардың экологиялық мәдениетін дамытуды мектеп лицей жағдайында экологиялық эксперименталды алаң жұмыстары жүргізіліп, моделі жасалынып, компоненттері анықталады.

4. Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталып, әдіснамасы жасалады.

Эксперименттің практикалық мәнділігі:

➤ Білім берудің жаңашылдық сипатына сәйкес, жеке тұлға бойынан экологиялық мәдениетті қалыптастыруда жалпы орта білім беруді реформалау аясында мәселелерді шешуге мүмкіндік береді;

➤ Оқушылардың экологиялық мәдениетін дамытуда эксперименталды алаң жұмысындағы тәжірибелік жұмыстар мен экологиялық зерттеулер, акциялардың жоспар моделі жасалып экологиялық білім кеңейтуде маңызы зор.

➤ Эксперимент нәтижесі отандық шетелдік тәжірибесі әлемдік кеңістікке шығуға, білім беру жүйесінде педагогтардың эксперименталды алаң жұмысын, іс-тәжірибе алаңдарын қолдану арқылы білімін жетілдіруге септігін тигізеді.

Эксперименттің қағидалары:

➤ Білім беру процесінің жаңа парадигмасының педагогикалық мәні мұғалім мен оқушы оқыту процесінің субъектілері және инновациялық – дидактикалық, практикалық, тәжірибелік іс әрекетті іске асырушы ретінде сипатталады;

➤ Мектеп – лицей жағдайында оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық өлшемшарттары, эксперименталды алаң жұмысының моделі айқындалады;

➤ Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда - мектеп оқу процесінде жобалық жұмыстары есепке алынады.

Экспериментті өткізу үшін қажетті жағдайлар:

➤ Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыратын мектеп негіздемесі және жұмыс ережесі, қажетті оқу құралдары, ақпараттық – коммуникациялық құралдар, жаңа технологиялар, кадрлық құрамы, эксперименттік тәжірибе алаңдары, лабораториялық орталықтар, оқушылар үлесі, экспериментті жүргізу орны, қаржылық қолдау.

Эксперимент дәйектілігін қамтамасыз ететін мониторинг және бақылау құралдары:

➤ Әрбір жүргізілген кезең соңында ағымдық мониторинг жүргізу. Бақылау құралдары: құжаттардың сапасы, алынған нәтижелерді сипаттайтын оқу әдістемелік өнімдер, экологиялық тәжірибе өнімдері, оқушылардың және педагог қызметкерлердің жетістіктерін бағалау, ата-аналардың бағасы және оқушылардың экологиялық мәдениет білім көрсеткіштерін бақылау өлшемшарттары.

Эксперимент нәтижелерін сынақтан өткізу және ендіру

Зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми зерттеу жұмыстарды баяндама түрінде халықаралық ғылыми практикалық конференцияларда, республикалық ғылыми практикалық конференцияларында, облыстық және аймақтық ғылыми конференцияларда, білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңестерінде және түрлі экологиялық форумдарда, жасалған әрбір зерттеушілік және жобалық жұмыстар аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде кәсіби конкурстар мен байқауларда сынақтан өтіп, ғылыми мақалалар жарыққа шығарылады.

Жалпы білім беретін мектептердің 5-11-сыныптарының білім алушыларына биология пәнінен экологиялық білім беру

Биология сабақтарында тіршіліктің экожүйелік ұйымдастырылуы, биосферадағы тірі мен өлі табиғат арасындағы байланыс туралы түсініктер қалыптасады; қоршаған ортада экологиялық мониторинг жүргізу тәжірибесі жинақталады; экологиялық сауаттылықтың негіздері қалыптасады, оның ішінде адам іс-әрекетінің табиғаттағы салдарын, түрлі факторлардың адам денсаулығына әсерін бағалау қабілеті; өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің биоәртүрлілігі мен табиғи мекен ортасын сақтау қажеттілігін түсінеді; қоршаған ортаның экологиялық сапасының тез өзгеруі жағдайында табиғатты тиімді пайдалану, адам денсаулығын қорғау қажеттілігі мәселелерін шешуде биологиялық ғылымдардың маңызы туралы ойлар қалыптасады.

Экологиялық тәрбие мазмұны жағынан ғылымның әртүрлі салалары - биологияға, химияға, географияға, физика және т.б. тығыз байланысты.

Мектептегі экологиялық білім – экологиялық мәдениет субъектісінің қалыптасу кезеңі, яғни рефлексивті-бағалаушы экологиялық ойлауды қалыптастыру, әлемнің қазіргі ғылыми бейнесі, жаһандық құзыреттілік негіздері, экологиялық-мәдени сауаттылықты дамыту; экологиялық және адамгершілік императивтерді саналы түрде қолданудың практикалық тәжірибесі; экологиялық этика нормаларын түсіну болып табылады және бұл экологиялық, құқықтық, патриоттық және адамгершілік тәрбиенің өзара байланысында жүзеге асырылады.

«Биология» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының «Ағза мен қоршаған орта» бөлімінде «Биосфера, экожүйе, популяция», «Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері» бөлімшелері бар. Мұнда жергілікті жер

экожүйесі қоршаған орта факторларының тірі ағзаларының тіршілік әрекеті мен таралуына әсері, табиғи қоректік тізбектер, экологиялық сукцессия үдерісі, Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар. Жергілікті жердің ерекше қорғалатын аймақтары, Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Жергілікті өңірдің Қазақстан республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктері, Биосферадағы биохимиялық үрдістер. Топырақ пен шөгінді жыныстар түзудегі тірі ағзалардың рөл, Пайдалы қазбаларды өндірудің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері т.б. тақырыптар қарастырылған.

Үлгілік оқу бағдарламасындағы «Ағза мен қоршаған орта» бөлімінде қарастырылатын оқу мақсаттарының жүйесі 1-кестеде берілген.

1-кесте. «Ағза мен қоршаған орта» бөліміндегі оқу мақсаттарының жүйесі

«Биосфера, экожүйе, популяция» бөлімшесі			
7-сынып	8-сынып	9-сынып	11-сынып
7.3.1.1 жергілікті жер экожүйесі қоршаған орта факторларының тірі ағзаларының тіршілік әрекеті мен таралуына әсерін зерттеу; 7.3.1.2 табиғи қоректік тізбектерді салыстыру; 7.3.1.3 қоректік тізбекті және қоректік торларды құру; 7.3.1.4 экологиялық сукцессия үдерісін сипаттау	8.3.1.1 экожүйелердің жалпы құрылымының сызбасын жасау; 8.3.1.2 су және құрлық экожүйелерін салыстыру; 8.3.1.3 популяцияның негізгі қасиеттерін және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау; 8.3.1.4 ағзалардың түрлі тірі қалу тәсілдерін зерттеу; 8.3.1.5 жыртқыш-құрбан қарым-қатынасы мысалында популяция санының өзгеру себептерін орнату; 8.3.1.6 тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттау; 8.3.1.7 тірі ағзалардың қоршаған	9.3.1.1 популяция өсімінің экспоненциал-дық және сигмоидтік үлгілерінің қисық сызықтарының графиктерін талдау; 9.3.1.2 энергия ағымының тиімділігін есептеу; 9.3.1.3 энергия, биомасса және сандар пирамидаларын салыстыру; 9.3.1.4 азот пен көміртек айналымының табиғаттағы сызбасын құру	11.3.1.1 - экологиялық пирамида ережесін түсіндіру 11.3.1.2 - экожүйенің алуан түрлілігі мен тұрақтылығы арасындағы өзара байланысын орнату; 11.3.1.3 - өз аймақтың экожүйесін статистикалық талдау әдістерін (Студенттің t-критерийі, с2-критерий) қолданып зерттеу

	ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу механизмдерін түсіндіру		
«Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері» бөлімшесі			
7.3.2.1 адам мен экожүйе арасындағы қарым-қатынастарды сипаттау; 7.3.2.2 экожүйеге жағымсыз әсер ететін адам тіршілігінің шаруашылық салаларынан мысалдар келтіру; 7.3.2.3 Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өсімдіктері мен жануарларын сипаттау; 7.3.2.4 Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жергілікті өңірдің жануарлары мен өсімдіктеріне мысал келтіру	8.3.2.1 биологиялық әртүрлілікті сақтаудың және қолдауды қажеттіктің себептерін негіздеу; 8.3.2.2 Дүниежүзілік Тұқым қорының маңызын бағалау; 8.3.2.3 Қазақстан аумағындағы экологиялық проблемалардың туындау себептері мен оларды шешу жолдарын түсіндіру	9.3.2.1 пайдалы қазбалар өндірудің және қайта өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру; 9.3.2.2 пестицидтерді пайдаланудың қоршаған орта мен адам денсаулығына әсерін түсіндіру; 9.3.2.3 жылыжай эффектісінің тірі ағзаларға әсерін түсіндіру; 9.3.2.4 озон қабатының бұзылуының себептері мен салдарын түсіндіру	11.3.2.1 - мүмкін болатын климаттың жаһандық жылыну салдарыа болжау; 11.3.2.2 - Қазақстанның экологиялық проблемаларын оқып білу және шешу жолдарын ұсыну

Әрі қарай «Биология» пәнінен экологиялық білім беруді жүзеге асыратын кейбір тақырыптарға сабақты ұйымдастыру бойынша бірнеше ұсыныстар мен мысалдар берілді.

7-сынып:

Тақырып: Ортаның экологиялық факторлары: абиотикалық (температура, жарық, рН, ылғалдылық) биотикалық (микроағзалар, жануарлар, өсімдіктер). Зертханалық жұмыс "Жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу (мектеп ауласы мысалында)".

Оқу мақсаты:

7.3.1.1 жергілікті жер экожүйесі қоршаған орта факторларының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті мен таралуына әсерін зерттеу

«Ортаның экологиялық факторлары» тақырыбында сабақ беру оқушылар үшін қызықты және танымдық сабақ болуы мүмкін. Мысал ретінде сабақ жоспары ұсынылады.

Кіріспе

Экология ұғымын айқындау. Экология ұғымын және оның біздің планетамыз үшін маңызын түсіндіру. Оқушыларды тірі организмдерге әсер ететін қоршаған орта факторларын атауға шақыру.

Негізгі кезең.

Негізгі экологиялық факторлар.

Атмосфера:

Атмосфераның құрамын, оның тіршілікті қамтамасыз етудегі рөлін және организмдерге әсерін талқылаңыз. Ауаның ластануы және оның салдары туралы сөйлесіңіз.

Гидросфера:

Су ресурстары, су айналымы және судың тірі ағзаларға әсері туралы әңгіме орнатып, судың ластану мәселелерін және олардың экожүйеге әсерін талқылау.

Литосфера:

Жер қыртысы, топырақ және оның биоалуантүрлілікті сақтаудағы рөлі туралы әңгіме құру, топыраққа антропогендік әсер туралы талқылау.

Практикалық бөлім

Жергілікті жердің экожүйелерін талдау:

Оқушыларды топтарға бөліп, таңдалған аймақтың экологиялық жағдайына талдау жасауды ұсыныңыз. Нәтижелерді талқылауға және ықтимал мәселелерді анықтауға ықпал етіңіз.

Қорытындыларды талдау:

Топтардан экологиялық жағдайды жақсарту бойынша өз қорытындылары мен ұсыныстарымен бөлісуін сұраңыз. Табиғатқа жауапкершілікпен қараудың маңыздылығын және экожүйелерді сақтаудағы әр адамның рөлін талқылаңыз.

Рефлексия:

Сабактан кейін оқушыларға зерттелген тақырып бойынша өз ойлары мен әсерлерін айтуға мүмкіндік беретін қысқа рефлексия жасаңыз. Бұл сонымен қатар экологияға жеке және ұжымдық әсер етудің маңыздылығын атап өту үшін жақсы сәт болуы мүмкін.

Зертханалық жұмыс "Жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу (мектеп ауласы мысалында)".

Жұмыстың мақсаты:

Мектеп учаскесіндегі жергілікті экожүйені оның биоәртүрлілігін, өзара байланыстары мен жағдайын түсіну үшін зерттеу және талдау.

Жұмыс кезеңдері:

Зерттеу саласын анықтау:

Зерттеу үшін мектеп учаскесін таңдау.

Аумақтың шекаралары мен сипаттамаларын анықтау.

Климат пен топырақты зерттеу:

Жергілікті жердегі климаттық жағдайларды талдау.

Жер жамылғысын зерттеу (құрамы, құрылымы, ылғалдылығы).

Өсімдік жамылғысының анықтамасы:

Ағаштарды, бұталарды, шөптесін өсімдіктерді анықтау.

Кейін талдау үшін өсімдік үлгілерін жинау.

Экологиялық интербелсенді тапсырмалар

1. Көмірқышқыл газының жиналуы

Бөтелкедегі сірке суы мен ас содасын араластыру арқылы CO_2 визуализациясы жасалады, содан кейін оның бөтелкенің аузында орналасқан шарды үрлегені байқалады. Бұл тым көп көмірқышқыл газының зиянды әсерін көрсетудің тамаша тәсілі. Бұл экспериментте біз көмірқышқыл газы болып табылатын CO_2 газын алу үшін үйде көп кездесетін екі затты алуымыз керек.

Балаларға көмірқышқыл газы туралы айтатын бірнеше нәрсе:

- бұл көзге көрінбейтін газ немесе бу;
- онда иіс жоқ;
- дем алған кезде көмірқышқыл газын шығарамыз.

CO_2 көмегімен әуе шарын үрлеу

Қолда бар заттарды пайдалана отырып эксперименттер жасау мүмкіндігі болады. Осылайша қолда бар заттарды пайдаланып, көмірқышқыл газын жасай аласыз - бұл сірке суы мен ас содасының қоспасы ғана.

Әуе шарымен эксперимент жасау үшін біз 1,5 стақан сірке суы мен 1 шайды қасық ас содасы пайдаланылған.

2. Сыныптан тыс

Қоршаған ортаны бақылау үшін оқушыларды мектеп айналасына алып шығады. Оларға өз ортасын шынымен түсінуге және бағалауға итермелейтін кеңестер беріледі. Олардан өздері көріп отырған ағаштарды санауды, ауаның тазалығын бағалауды немесе қоқыс жинауды сұрауға болады. Бұл олардың кішкентай әрекеттері олардың әлемін қалай өзгерте алатынын және мектебіңізді одан да керемет ете алатынын көрудің тамаша тәсілі.

3. Викториналық сұрақтар

1. Жаһандық жылыну туралы не білесіз?

Жанартау белсенділігінің өсуі

Адам қызметі

Жануарлардың көптеген түрлерінің жойылуы планетаның экожүйесін өзгертті

2. парниктік әсер деп не аталады?

Жылу Жер бетінде парниктік газдармен ұсталғанда

Атмосферадағы көмірқышқыл газының шоғырлануын ұлғайту

Өсімдіктердің көмірқышқыл газын сіңіруі

3, Экономиканың қай секторы ең көп көмірқышқыл газын өндіреді?

Энергетика секторы

Қалдықтар

Өнеркәсіптік процестер

Жауап:

2016 жылы энергетика атмосфераға ең көп парниктік газдарды шығарды - 73,2%

4, Атмосферадағы парниктік газдардың шоғырлануы сыни белгіге дейін қашан көтерілді?

19 ғасырдың басы

18 ғасырдың соңы

20 ғасырдың ортасы

Жауап:

Жаһандық жылынудың қазіргі заманғы үрдістері 1950-жылдардан, өнеркәсіптік революцияның басталуынан басталды. Суретте соңғы 300 жылда көмірқышқыл газының 400 миллионнан 70 миллионға дейін көбейгені көрінеді. Яғни, ауадағы әрбір миллион молекулаға 400 молекула келеді CO_2

5. 2018 жылы көмірқышқыл газын ең көп өндірген төрт елді дұрыс ретпен атаңыз?

Үндістан, Қытай, Еуроодақ, АҚШ

Қытай, АҚШ, Еуроодақ, Үндістан

Еуроодақ, АҚШ, Үндістан, Қытай

Жауап:

2018 жылы әлемдегі көмірқышқыл газын өндіруде Қытайдың үлесі 28% -ды құрады. Екінші орында - Америка Құрама Штаттары (15%), одан кейін Еуроодақ (9%) және Үндістан (7%). Әлемнің әр елі атмосфераға шығарындылар шығарады және жаһандық жылынуға өз үлесін қосады.

6. 2018 жылы жан басына шаққандағы көмірқышқыл газының көбін қай ел өндірді?

Біріккен Араб Әмірліктері, Кувейт, Катар

Жауап: Дүниежүзілік банктің зерттеулеріне сәйкес, 2018 жылы Катарда бір адамға 32,4 тонна көмірқышқыл газы өндірілді, бұл оны әлемде бірінші орынға қояды. Екінші орында - Кувейт, үшінші орында - Біріккен Араб Әмірліктері.

7. Планетаның орташа температурасы көтерілетіндіктен, онда,

Жауын-шашын мөлшері азаяды

Жауын-шашын мөлшері артады

Жауап: Температура неғұрлым жоғары болса, табиғатта су айналымы соғұрлым белсендірек болады. Жауын-шашын көп түсуде, сонымен қатар төтенше ауа райы құбылыстарының саны да ұлғаяды.

8. Орталық Азия елдерін 2019 жылы парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша дұрыс реттілікпен қойыңыз.

Өзбекстан, Қазақстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Тәжікстан

Түрікменстан, Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан

Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан және Тәжікстан

Жауап:

2019 жылғы деректер бойынша Қазақстан 313,80 млн тонна көмірқышқыл газын, Өзбекстан - 110,25 млн тонна, Түрікменстан - 86,65 млн тонна, Қырғызстан - 11,48 млн тонна және Тәжікстан - 8,98 млн тонна өндірді.

9. 2018 жылы Орта Азия елдерін жан басына шаққандағы көмірқышқыл газы шығарындыларының саны бойынша төмендеу жүйелілігіне қою

Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан

Өзбекстан, Қырғызстан, Қазақстан, Түрікменстан, Тәжікстан

Түрікменстан, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан

Жауап:Түркіменстанда жан басына шаққанда 12,3 тонна көмірқышқыл газы өндірілді. Екінші орында Қазақстан (12,1 тонна), үшінші орында - Өзбекстан (3,4 тонна), төртінші орында - Қырғызстан (1,7 тонна), бесінші орында - Тәжікстан (0,8 тонна).

4. Шағын тест

1) Жоғарыда аталғандардың қайсысы жаңартылатын энергия көзінің мысалы болып табылады?

Дұрыс жауап: Күн энергиясы ✓

2) Мыналардың қайсысы жаңартылатын энергияны жақсы сипаттайды?

Дұрыс жауап: Пайдаланылмаған энергия көзі ✓

3) Неге жаңартылатын энергетиканы дамыту Жер бетіндегі өмір үшін маңызды?

Дұрыс жауап: Жоғарыда аталғандардың барлығы ✓

4) Өзендерде бөгет салу кезінде жаңартылатын энергияның қандай түрі алынады?

Дұрыс жауап: Гидроэнергетика ✓

5) Жердің ішінде өндірілетін жылуды пайдалану есебінен жаңартылатын энергияның қандай түрі алынады?

Дұрыс жауап: Геотермалдық энергия ✓

6) Жаңартылатын энергияның қандай түрі күн сәулесінің энергиясын пайдалану есебінен алынады?

Дұрыс жауап: Күн энергиясы ✓

7) Жаңартылатын энергияның қандай түрі мұхит энергиясынан алынады?

Дұрыс жауап: Толқын және толқын күші ✓

8) Өсімдіктерді жағу кезінде жаңартылатын энергияның қандай түрі алынады?

Дұрыс жауап: Биомасса энергиясы ✓

9) Жел турбиналары жаңартылатын энергияның қандай түрін генерациялайды?

Дұрыс жауап: Жел энергиясы ✓

10) Дұрыс немесе дұрыс емес: жаңартылатын энергия, әдетте, қоршаған орта үшін анағұрлым пайдалы, өйткені ол аз ластануды өндіреді.

Дұрыс жауап: шындық ✓

5. Баламалы энергия көздері туралы дебаттар

Оқушыларға қазба отынға баламала энергия көздерін зерттеу ұсынылады және олардың қайсысы ең жақсы нұсқа екенін шешу үшін пікірталас ұйымдастырылады. Олар фактілерді игергенде, өз ойларын ұйымдасқан және құрметпен бөлісуді үйренулері керек.

Баламалы энергияның негізгі түрлері.

Жел энергетикасы. Үлкен жел турбиналары жел энергиясы есебінен электр энергиясын өндіреді.

Күн энергиясы. Күн сәулесі ғимаратты немесе бассейнді жылытуға көмектеседі.

Оларды күн батареяларының көмегімен электрге айналдыруға болады.

Гидроэнергетика. Бөгеттен немесе өзеннен алынған суды турбиналарды

айналдыру және электр энергиясын өндіру үшін пайдалануға болады.

Толқынды және толқынды энергия. Бұл жаңа технология мұхит толқындары

мен толқындарының орасан зор күшін пайдалану тәсілдерімен жұмыс істейді.

Геотермалды энергия. Жердің ішіндегі жылуды жылу сорғыларының көмегімен

үйлер мен ғимараттарды жылыту үшін пайдалануға болады. Жер ішіндегі буды

электр энергиясын өндіру үшін де пайдалануға болады.

Биомасса энергиясы. Өсімдіктер күн энергиясын фотосинтез арқылы жинайды.

Біз бұл энергияны ағаштар сияқты өсімдіктерді өртеу арқылы, сондай-ақ этанол және биодизель сияқты өсімдіктерден отын жасау арқылы пайдалана аламыз. Тіпті қоқыс пен көң газын да энергия алу үшін пайдалануға болады.

6. Сыныпта компост үшін контейнер жасау.

Олар көміртегі циклін жақын арада көре алады, кешкі астағы қоқысты компост контейнеріне қосып, уақыт өте келе оның қалай ыдырағанын көре алады. Сонда тіпті өсімдіктерді өсіру үшін компостты пайдалануға мүмкіндік туады.

7. Күн шамын жасау

Пластикалық бөтелкеден, ағартқыштан және судан күн шамын жасауды көрсетуге болады. Бірнеше қақпақ ағартқыш сумен

араластырылады және ол күні бойы күн сәулесінде қалады. Кешке қарай жарқыраған шам болады - электр қуаты қажет емес. Шөлмектерден күн шамдарын жасау балаларды өнертапқыш болуға үйретеді және оларға күн энергиясын жарық шығару үшін қалай пайдалануға болатынын білуге мүмкіндік береді. Бұл сабақ үшін сіз тұрмыстық ағартқышты қолданатын боласыз, бәлкім, бұл жобаға ересек балаларды тартқан дұрыс шығар. Сонымен қатар, ағартқыш иісі балаларды тітіркендірмес үшін бұл жобаны ашық ауада орындау керек. Күн шамын жасау үшін мөлдір бос пластикалық бөтелкені сумен толтырып оған ағартқыштың екі қалпағын қосады. Пластикалық бөтелкені жауып, оны тікелей күн сәулесінің астына қояды. Кешке қарай күн шамы әдеттегі шамдай жарқырайды.

Балаларды жаңартылатын энергия көздеріне үйрету ғаламшарды сақтау үшін таза энергия көздерін пайдаланудың қаншалықты маңызды екенін түсінуге мүмкіндік береді. Балаларыңызға баламалы энергия көздері туралы айтып беру үшін осы қызықты іс-әрекеттерді ашық аспан астында өткізсеңіз өте көңілді болады.

8. Террариум жасау

Шыны құмыра террариумын жасау - жер атмосферасының температураға және төмендегі өсімдіктерге қалай әсер ететінін көрсететін тамаша оқыту құралы. Балалар шыны ыдысқа өсімдіктерді, топырақты және тастарды салып, мезгіл-мезгіл банканың ішіндегі және сыртындағы температураны өлшеп тұрады. Олар неге біреуі екіншісінен жылырақ болатынын түсінеді. https://youtu.be/vFlujKRU_7k?si=2i_rko9mOWOSJMtG

9. Қоқыстарды сұрыптау немесе қайта өңдеу ойыны

а) Пластик стақандағы 1 пакеттегі шайды түрлі-түрлі шығындыларға сұрыптап, және олардан қандай заттар өңделетінін анықтайды.

1-шәй

2-жіп

3-қағаз

4-темір

5-пластик

Бұл сіздің сынып үшін қызықты және қоршаған ортаға да пайдалы! Әр түрлі қоқыс жәшіктерінің суреттерін басып шығарыңыз және оқушыларға оларды әртүрлі контейнерлерге сұрыптауға көмектесіңіз. Содан кейін неге кейбір заттарды қайта өңдеуге болатынын, ал басқаларын қайта өңдеуге болмайтынын түсіндіре аласыз.

б) Табиғат аясында оқушылар - өте көңілді! Оқушылар өңдеуде пайдаланылған әртүрлі тұрмыстық заттарды жинап, сұрыптап, плакатта көрсетеді. Бұл практикалық тәсіл оқушыларға қайта өңдеудің маңыздылығын, пәндерді және қайта өңдеуге болатын материалдардың түрлі түрлерін дұрыс сұрыптауды түсінуге көмектеседі.

Оқушылардың қатысуымен жағалауды/қоғамдық орындарды тазарту жөніндегі іс-шараларды өткізу ластанудың теңіз өмірі мен жабайы

табиғатқа әсері туралы білімдерін арттыруға көмектесуі мүмкін. Балалар қалдықтарды сұрыптау мен қайта өңдеудің маңыздылығын біледі. Негізгі нәтиже оқушылардың экологиялық жауапкершілік сезімін дамыту болып табылады.

10. зиянсыз парниктік газдар

Балалардың сүйікті мармелад кәмпиттерінен парниктік газ молекулаларын жасауға болады. Сыныпты 3-4 оқушыдан тұратын топтарға бөліп, әр топқа жылыжай газдарының молекула моделін жасауды тапсырады. Тіс шұқығыштары мен түрлі-түсті кәмпиттерді пайдаланып, балалар әрқайсысы кәмпиттің әртүрлі түсін қажет ететін бес түрлі атомды құрастырады. Ғылымның соншалықты тәтті болатынын кім білген?!

«Планетаны құтқарамыз» рөлдік ойыны

Оқушылар 3-4 адамнан топқа бірігеді. Әр топ жаһандық жылыну проблемасының әртүрлі «жағын» көрсетеді: үкімет, ғылыми зерттеушілер, қоршаған ортаны қорғау ұйымдары, бизнес өкілдері және т.б. Әр топ жаһандық жылынумен күресу стратегиясын әзірлеп, оны «әлемдік сотқа» ұсынсын.

Футуристік жарнамалық плакаттарды жасау

Оқушыларға жаһандық жылынумен күресу үшін ешқандай әрекет жасалмаса, болашақта әлемді бейнелейтін плакаттар немесе бейнелер жасауды ұсыныңыз. Бұл әрекет оқушыларға ықтимал салдар туралы өз ойларын айтуға және мәселеге назар аударуға мүмкіндік береді.

Өткенге және болашаққа экспедиция

Оқушылар өздерін уақыт бойынша саяхаттай алатын ғылыми зерттеушілер ретінде елестетеді. Өткенде планетаның климаты қалай өзгергенін, жаһандық жылынуға қандай факторлар әсер ететінін және ештеңе өзгермесе, болашақты болжайтын презентация жасау ұсынылады.

Биология пәнінде экологиялық тақырыптардың оқу мақсаты оқушылардың бойында табиғатты қорғауға жетелейтін дағдыларды арттырады.

Мұғалім сабаққа дайындалғанда берілген тақырыпты меңгерту үшін балалардың өзі орындайтын тапсырмалар дайындауы қажет. Сонда берілген білімді оқушы толық меңгере алады.

Экологиялық тақырыптарда туған жердің табиғатын, әрбір тасын, суын, жалпы адамзаттың ортақ үйі жер планетамызды қорғауға деген махабатты қалыптастыратын мақсат бар. Сол мақсатқа жеткізетін теориялық біліммен қатар практикалық тапсырмаларды орындатып отырған нағыз оқушыларды туған жер, атамекенге деген сүйіспеншілігін арттырады.

Мысал ретінде 11-сыныптағы «Қазақстанның экологиялық проблемалары және оларды шешу жолдары» тақырыбын жоспарлау үлгісі берілді.

Оқу мақсаты 1.3.2.2 - Қазақстанның экологиялық проблемаларының шешу жолдарын ұсыну

Сабақ барысы

«Ой қозғау» - Оқушыларға табиғат туралы мақал—мәтелдер , қанатты сөздер айтуға ұсынылады.

- «Тегін-де адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ». Абай Құнанбайұлы

-Табиғат- тал бесігің, аялай біл

-«Ағаштың жемісін жеймін десең, түбіне балта шаппа».

-Бір тал кессең, он тал ек.

-«Ең бастысы, табиғатпен тіл табыса білуге ұмтылдым. Шалғай ашық аспаннан, шуақты күннен, көктемгі жаңбырдан пайдалы сыр іздедім». Жазылбек Қуанышбаев

- Су мен жер туралы ой – бұл түптеп келгенде адамның өзі туралы ой.

-Экологиялық проблемалар – ең маңызды өмірлік проблемалардың бірі ғой, өйткені әңгіме адамның өмір сүрген ортасы туралы, болашақ ұрпақтардың өмірі туралы болып отыр. Шыңғыс Айтматов.

- Біз табиғаттың өзін қайта түлететін ұрпақпыз. Әрбір ағашты, әрбір бұлақты, жалғыз дәнді де ыждаһаттылықпен сақтау, қамқор болу – басты міндеттің бірі.

- Жердің төсін еміп, жемісін еріп жеген адамзат нендей ғажаптарды осы жер бетінде жасайды.

- Жер... Қасиетті де қастерлі жер. Сен ыстықсың бәрінен де. Сенің бойыңда өзекті жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар. Жер, қандай қасиетті сөз. Осы бір сөзде бүкіл тіршілік тынысы тұрғандай. Бұл сөздің терең мағынасын адам тілімен айтып жеткізіп алар ма, сірә.

Ыбырай Жақаев[13].

1-тапсырма: Қазақстандағы экологиялық проблемалар туралы ақпарат жинау. (3 балл)

Ұжымдық жұмыс әдісі «Джигсо»

Дескрипторлар:

1. Қазақстандағы экологиялық проблемаларды анықтайды.
2. Қазақстандағы экологиялық проблемалардың тізімін олардың маңыздылығына қарай орналастырады
3. Әрбір экологиялық проблеманы оның себептерін көрсете отырып сипаттайды

Ресурстар: оқулықты немесе арнайы нұсқаулықты, интернет ресурстары н т.б пайдалануына болады.

Мысалы: Экологиялық проблемалардың өзектілігіне қарай реті

1. Ауаның ластануы
2. Судың ластануы
3. Топырақтың ластануы
4. Шөлдену

5. Ормандардың деградациясы

6. Биоәртүрліліктің жоғалуы

7. Климаттың өзгеруі

2- тапсырма: Табиғаттың ластануының адамға және қоршаған ортаға әсерін талдау.

жұптық жұмыс «Таныстырылым» әдісі (3 балл)

Дескрипторлар:

1.оқушылар алдын ала қаланың қоғамдық орындарына немесе су айдындарына , өнеркәсіптік кәсіпорындарына саяхат жасайды.Қала табиғатының шынайы көрінісін бақылайды.

2.Табиғаттың ластануының адамға және қоршаған ортаға залалы туралы талдау жасайды. Табылған қоқыстарды жинап, тазалау жұмыстарын атқарады.

3.Оқушыларға жұптасып «таныстырлым» жасау тапсырмасы беріледі

1- Ауаның ластану салдары

2- Судың ластану салдары

3- Топырақтың ластану салдары тақырыптарының біреуін таңдап орындайды

Ресурстар: Видеоматериалдар, слайдтар,оқулықтар, интернет-ресурстар

3-тапсырма: Шымкент қаласының экологиялық проблемаларын шешудің нақты шараларын ұсыну

Топтық жұмыс «Рольдік ойын» әдісі (4 балл)

1- топ: Медиктер

2- топ: Экологтар

3- топ: Қала тұрғындары

Дескрипторлар:

1. Ұсыныс саны

2. Ұсыныстың нақтылығы

3. Адам денсаулығына ықпалы

4. Орындалу мүмкіндігі

Ресурстар; А4 парақ, конверт,қаламсап

Сабәқ жоспарының үлгісі:

Қысқа мерзімді жоспар

Сабәқтың тақырыбы: Ғаламдық жылыну: себептері, салдарлары және шешу жолдары.

Бөлім:	Экология және адам іс-әрекетінің қоршаған ортаға әсері
Мектеп:	Шымкент қаласы. №69 жалпы орта білім беретін мектеп
Педагогтің аты-жөні:	Тапаева Г.
Күні:	
Сыныбы:11	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Ғаламдық жылыну: себептері, салдарлары және шешу жолдары.
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	11.3.2.1 - мүмкін болатын климаттың жаһандық жылыну салдарын болжау;
Сабақтың мақсаты:	<u>Барлық оқушылар үшін:</u> Оқушылар сабақтың соңында жаһандық жылынудың себептерін анықтайды <u>Көпшілік оқушылар үшін:</u> Жаһандық жылынудың қоршаған ортаға және адамзатқа тигізетін салдарын түсіндіреді <u>Кейбір оқушылар үшін:</u> Жаһандық жылынудың әсерін азайтудың ықтимал шешімдерін ұсынады және бағалайды
Құндылықтарға баулу:	Біздің планетамызды болашақ ұрпақ үшін қорғау, бұл мәселені шешу біз үшін өте маңызды екенін түсінеді. Күн және жел энергиясы сияқты жаңартылатын энергия көздеріне көшу, энергия тиімділігін арттыру, жерді тұрақты пайдалану тәжірибесін ілгерілету және көміртекті ұстау және сақтау технологияларын жақсарту сияқты жаһандық жылынуды азайтудың бірнеше шешімдерін іздей отырып елге, жерге деген патриотизм және азаматтық жауапкершілік дағдысы қалыптасады. Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығы артады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту 3 мин.	(Ұ). Ұйымдастыру кезеңі: • Топқа бөлу: сандық карточкалар арқылы 4 топқа бөлу • 1-топ: Үкімет • 2-топ: Ғылыми зерттеушілер. • 3-топ: Қоршаған ортаны қорғау ұйымдары. • 4-топ: Бизнес өкілдері • Мұғалім сыныпта жағымды психологиялық атмосфера орнатады; • Мұғалім мен оқушы бірлесе сабақтың мақсатына жетеді және өзара іс-қимыл нәтижелерін талқылайды; • Мұғалім оқушыларға, оқушылар бір-бірлеріне көмек көрсетеді.			

Жаңа сабаққа кіріспе 2 мин	«Ой қозғау» әдісі Интертақтадан бірінеше слайдтар көрсетіледі Оқушылардың бүгінгі сабақ тақырыбын ашуға ой қозғайтын сұрақтар береді Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.	<i>Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, Сабақ тақырыбын ашады, сабақ мақсатына өзара ұжымдық талқылау жасайды</i> Мақсаты: <i>Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту.</i>	Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген <u>мадақтау сөзімен</u> ынталандыру.	Интербелсенді тақта, слайдтар.
---	--	---	--	--

Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. 10 мин.	Видеоролик көрсетеді Оқулықтағы жаңа сабақтың мәтінін оқуға тапсырма береді. Білу және түсіну айдарындағы тапсырмаларды орындатады, бақылайды, мысал, үлгі көрсетеді. Кілт сөздер: 1.Ғаламдық жылыну, 2.Жылыжай эффектісі, 3.Ғаламдық қараңғылану, 4.Күн белсенділігі.	Шағын бейнеролик көреді 1.«Айналмалы бекет» әдісі ұжымдық жұмыс Плакат 4ке бөлінеді. Әр бөліке топтар өз тапсырмаларын орындайды. Плакатты сағат тілімен топтар арасында айналдырады. Алдарына келген плакатқа оқушылар өз тапсырмаларын орындап жіберіп отырады. Соңғы айналымда толық орындалған постерді топпен қорғайды Тапсырмалар: 1-топ: Кілт сөздерге анықтама береді. 2-топ:Ғаламдық жылырудың нақты себептерін тұжырымдайды. 3-топ: Адамзатқа ғаламдық жылырудың тигізетін әсерлеріне мысалдар келтіреді 4-топ:Ақпарат көздерін пайдаланып 2000-2024 жылдар аралығында климаттың өзгеру динамикасын салыстырады.	Жалпы – 2 балл Бағалау дескрипторы: 1.Тапсырманы дұрыс орындайды 2.Постер дегі тапсырмаларды толық қорғай алады	Тақырыпқа байланысты интернет желісін пайдаланып видео көріп танысу https://youtu.be/j5mk24QhoqY?si=dClEQeAmzAmGKB0x Оқулық. Плакат, маркерлер Сызғыш, түрлі түсті қарындаштар, А4 парақтар
15 мин	Қолдану, талдау, синтез тапсырмаларын ұсынады,	2. «Шағын тәжірибе» -топтық жұмыс	Жалпы - 3 балл	1-топқа Нұсқаулық парағы

	4 топқа 4 түрлі тәжірибенің материалдарын беріп мақсатымен таныстырады және жұмыс барысы жазылған нұсқаулықты береді, орындатады, бақылайды, бағалайды	1-топқа: Теңіз деңгейінің көтерілуін өлшеу Балаларға жерді бейнелеу үшін мөлдір ыдыстың бір жағына балшық немесе құм кесек қоюды ұсыныңыз. Содан кейін мұз текшелерін үстіне қойып, контейнердің екінші жағын мұзға жетпейтін сумен толтырыңыз. Су сызығын белгілеп, мұз текшелері еріген кезде оның көтерілуін бақылап, айырмашылығын өлшейді, Дәптерге қорытынды жазады 2-топ: Көмірқышқыл газының жиналуы. Бөтелкедегі сірке суы мен ас содасын араластыру арқылы осы керемет әрекетпен CO_2 визуализациясын жасайды, содан кейін оның бөтелкенің аузына кигізілген шарды үрлегенін қарайды. Бұл тым көп көмірқышқыл газының зиянды әсерін көрсетеді 3-топ: Террариум жасау Шыны құмыра террариумын жасайды - жер атмосферасының температураға және төмендегі өсімдіктерге қалай әсер ететінін көрсететін тамаша	Бағалау дескрипторлары: 1. Жұмыс барысын орындайды. 2. Нәтижесін анықтайды 3. Қорытынды шығарады: Жаһандық жылынудың салдарын түсіндіреді	Пластик ыдыс, лай кесектері, құм, мұз кесектері, су Нұсқаулық парағы Сірке суы, ас содасы, бөтелке, ауа шары, шам, сіріңке https://youtu.be/vFlujKRU_7k?si=2i_rko9mOWOSJMtG 3 л банка. Түрлі шөптер, майда тастар, құмды топырақ, су, ағаш кесінділері т.б Пластик стақан, пакетиктегі шәй, темір кесегі, бума қағаз, мата, пластик ыдыс, биогурус ұнтағы
--	---	--	--	---

10 мин	Бағалау тапсымалары бойынша Жаһандық жылыну мәселелерін шешу жолдарын табуды ұсынады	оқыту құралы. Балаларға шыны ыдысқа өсімдіктерді, топырақты және тастарды салып, мезгіл-мезгіл банканың ішіндегі және сыртындағы температураны өлшеп тұрады. Оларды неге біреуі екіншісінен жылырақ болуы мүмкін екендігі туралы түсінік береді 4-топқа: Қоқысты сұрыптау және қайта өңдеу Пластик стақандағы 1 пакеттегі шайды түрлі-түрлі шығындыларға сұрыптап, және олардан қандай заттар өңделетінін анықтайды 1-шәй 2-жіп 3-қағаз 4-темір 5-пластик 3.«Планетаны құтқарамыз» рөлдік ойыны. Жұптық жұмыс: Әр топтан 2 оқушы шығып Өз рольдері бойынша жаһандық жылыну проблемасының әртүрлі шешу жолдарын көрсетеді: 1-топ: Үкімет 2-топ: Ғылыми зерттеушілер. 3-топ: Қоршаған ортаны қорғау ұйымдары.	Жалпы балл-3 Бағалау дескрипторлары: 1.Жаһандық жылыну мәселелерін шешу жолдары 2. Рольге кіруі 3.Шешімнің маңыздылығы ескеріледі Жалпы балл-2 80-100% тапса- 2 балл 50-80% тапса-1 балл	Хат-конверт
Сабақты бекіту 2 мин	10 сұрақтан тұратын тест береді			

		4-топ: Бизнес өкілдері Әр топ жаһандық жылынумен күресу стратегиясын әзірлеп, оны «әлемдік сотқа» ұсынады 4. «Шағын тест» - жеке жұмыс Оқушылар GOOGLE TEST арқылы орындайды		
Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 3 мин.	«Бір ауыз сөз» әдісі. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. Мақсаты: Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. Үйге тапсырма: Бұл әрекет студенттерге ықтимал салдар туралы өз ойларын айтуға және мәселеге назар аударуға мүмкіндік береді.	Жеке жұмыс: Оқушылар бір ауыз сөзбен сабақ туралы өз ойларын түсіндіріп береді. Бір ауыз сөздеріне сабақты бағалайтын келесі сөздерді айтуға болады ұнады, пайдалы, қажет, білдім, үйрендім, қызықтым, ұмтылдым, есте сақтадым, жасай аламын. т.б. Футуристік жарнамалық плакаттарды жасау. Оқушылар жаһандық жылынумен күресу үшін ешқандай әрекет жасалмаса, болашақта әлемді бейнелейтін плакаттар немесе бейнелер жасау.	Мұғалім оқушылардың сабаққа қатысқан белсенділігіне қарай 1-10 баллдық жүйе бойынша әр оқушының өзіне тиісті баллын қойып бағалайды. Сонымен қатар, оқушыларды ынталандыру үшін қошеметтеу арқылы бағалайды.	«Қошеметтеу» әдісі

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған "Биология" пәнінде экологиялық тәрбие беру бойынша ұсыныстар
7-сынып:

Ұзақмерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақмерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
Білім алушылар:		

1-тоқсан		
Экожүйелер	Ортаның экологиялық факторлары:абиотикалық (температура, жарық, рН, ылғалдылық) биотикалық (микроағзалар, жануарлар, өсімдіктер). Зертханалық жұмыс "Жергіліктіжердің экожүйелерін зерттеу (мектеп ауласы мысалында	7.3.1.1 жергілікті жер экожүйесі қоршаған орта факторларының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті мен таралуына әсерін зерттеу
	Экологиялық білім берудің алғы шарттары төмендегідей адамның адамгершілік құндылықтарына негізделеді. Табиғи ресурстарды үнемдеу, қоршаған ортаны ластауды тоқтату, табиғи экожүйені сақтау, қабылданған экологиялық этиканы, тәртіп кодекстерін және халықаралық одақ нормаларын сыйлауды меңгеру, қоршаған ортаны қорғауды жүзеге асыруға белсенді түрде қатысу. Міне осының барлығы әр оқушының міндеті болу керек. Табиғатты қорғау мақсатында жасалған әрбір оң қадам жарқын болашақтың –суы- таза, ауасы жұпар, аспаны ашық, Қазақстанның игілігіне жұмсалары анық және табиғат әлемін таза ұстау-адамзат өмірін де ұзартады .	
	Қоректік тізбектер және қоректік торлар. Модельдеу "Қоректік тізбек пен торды құру"	7.3.1.2 табиғиқоректіктізбек терді салыстыру; 8.3.1.2 қоректік тізбектержәне қоректік торларды құрастыру
	Экологиялық тәрбие бере отырып оқушыларға жануарлар табиғаттың бір бөлшегі екеніне көз жеткізу.Жылан – қазақ ұғымында зұлымдықтың белгісі болғанымен, ол киіз үйге кіріп кеткен кезде оған тиіспеген, басына ақ құйып шығаратын болған. Киелі жануарлардың ішінде түйе ең таза мал саналды, оны ұруға, жүнін аяқ асты етуге болмайды Сонымен бірге қазақтар аққу, қарлығаш сияқты құстарды қасиетті санап, оларға тисуге, атуға тыйым салған. Бұдан ата – бабаларымыздың табиғатты құрметтеп, қастерлегенін, аялағанын байқауға болады.	
	Экологиялық сукцессиялар: Бірінші және екінші реттік сукцессиялар. Экожүйелердің алмасуы	7.3.1.4 экологиялық сукцессия үдерісін сипаттау
	Адамгершіліктің «алтын ережесінің» кейінірек «өзіңе не тілесен, табиғатқа да соны тіле» деген экологияның «алтын ережесіне» айналуынан,біз қазіргі кезде экологиялық мәселелердің өзекті болып отырғандығын көреміз. Халықта «атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» дейді қазақ. Біреуге риза болғанда «көсегең көгерсін» деп айтатын болған. «Жерге шыққан жемістен жетіссең де жеті аса» деген мақал көшпелілердің көкті қастерлегенін білдіреді. Қазақ жалғыз өсіп тұрған ағашты кеспейді, оған зақым келтірмейді.	

Адам экожүйенің бір бөлігі. Антропогендік фактор	7.3.2.1 адам мен экожүйе арасындағы қарым-қатынастарды сипаттау
Экологиялық білім берудің алғы шарттары төмендегідей адамның адамгершілік құндылықтарына негізделеді. Табиғи ресурстарды үнемдеу, қоршаған ортаны ластауды тоқтату, табиғи экожүйені сақтау, қабылданған экологиялық этиканы, тәртіп кодекстерін және халықаралық одақ нормаларын сыйлауды меңгеру, қоршаған ортаны қорғауды жүзеге асыруға белсенді түрде қатысу. Міне осының барлығы әрбіріміздің міндетіміз болу керек. Қорыта келе табиғатты қорғау мақсатында жасалған әрбір оң қадам жарқын болашақтың –су таза, ауасы жұпар, аспаны ашық Қазақстанның игілігіне жұмсалары анық және табиғат әлемін таза ұстау-адамзат өмірін де ұзартатынына көз жеткізу.	
Адам әрекеттерінің экожүйеге жағымсыз әсері	7.3.2.2 экожүйеге жағымсыз әсер ететін адам тіршілігінің салаларына мысалдар келтіру
Экологиялық тәрбие бере отырып,қазақтың дәстүрлі мәдениеті табиғат пен адамның етене тығыз байланысты болғандығын және олардың бір – бірінен ажырамас күйде өмір сүргендігін куәлайды. Мұның негізінде көшпелілер өздерін табиғаттың тікелей жалғасы, өзін табиғатың перзенті ретінде сезінуі жатыр. Игерілмеген қуаң дала мен шөлейтті тек көшпелі ғана меңгере алды. Қазақтар көк шөпті жұлмаған, шыбықты сындырмаған. Өйткені жас өмірдің бәрі бақыттың бастамасы, барлық тірліктің қайнар көзі болып саналған. Көк жұлсаң көктей орыласың, қарғыс атады деп ырымдалады. Қазақ баласы бастауды, бұлақты ластамайды. Барлық тіршіліктің көзі сол бұлақ, сол бастау деп біледі.	
Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар. Жергілікті жердің ерекше қорғалатын аймақтары	7.3.2.3 Қазақстан Республикасының ерекшеқорғалатын табиғи аймақтарының өсімдіктері мен жануарларын сипаттау
Тәрбие беруде мақал – мәтелдің маңызы зор. Өскелең ұрпақтың табиғатқа жан ашырлық сезімін оятуда, экологиялық санасын қалыптастыруда халық тың даналық сөздерінің, мақал –мәтелдердің орны ерекше. Қазақ халқы табиғатқа аса мән беріп, онымен үйлесімділікте өмір сүрген, табиғат құбылыстарына табынған. Мұны ата – бабаларымыздың табиғатқа іс – әрекетінен,ырым – тыйымдардан көруімізге болады. Оған мысал келтіретін болсақ, көшпелілер айға сәлем беріп, жаңа ай жарылқа, ескі ай есірке деп айға табынатын болған.Көшпенділер табиғатты тірі, әрі ақылды деп есептеген. Ертеде қазақтар санасында Жер –Ана, Аспан –Әке түрінде бейнеленді.	
Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Жергілікті өңірдің ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктері	7.3.2.4 жергілікті өңірдің Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарларымен өсімдіктеріне мысал келтіру

Табиғатқа байланысты «бір тал кессең, он тал ек», «су ішетін құдығыңа түкірме», «бұлақ көрсең көзін аш», «көкті жұлма» және т.б. көптеген мақалдар көп. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде суды қорғау парыз деп есептелген. Су –бүкіл тіршіліктің көзі. Ол болмаса астық шығымдылығы, өсімдік әлемі де болмайды.

«Судың да сұрауы бар» деп, халық оны тіршіліктің бастауы, тазалықтың рәмізі ретінде санаған. «Бастау су алса, бақыт су алады», «құлазыған шөл – жетім, құс қонбаған көл –жетім, сортаңға құйған сел –жетім», «ағын су –өмір, тоқтау су –өлім» деген нақыл сөздер оған куә. Міне, осы тақырыптады өткен кезде осы мақалдарды айтып тоқталу

Сабак кезінде оқушыға экологиялық тәрбие беру біздің міндетіміз. Осы бағытта

Экологиялық этика негіздерін қалыптастыру, мінез-құлқы үшін табиғат алдындағы жеке жауапкершілік сезімін ояту; кітаппенжұмыс істеу, сұрақтарға жауапберу, қарапайым қорытынды жасау, қажетті ақпаратты таңдау және талдау қабілеттерін қалыптастыру; пәнге қызығушылық ояту; талдаумен синтездегі жаттығулар негізінде ойлауды түзету, логикалық байланыстарды орнату."Экожүйе","биосфера", "зиянкестер", "қорғаушы"ұғымдарын түсіндіру зерттеу жұмысының дағдыларын қалыптастыру Білімалушылардың эстетикалық талғамын дамыту, шығармашылық қабілеттерін іске асыру.Ең маңызды шеберлікті дамыту- өз бетінше оқуды үйрету.Шығармашылықойлауды дамыту. "Экологияға әсерететін факторлар"ұғымдарын түсіндіру Шығармашылық фотосуреттер арқылы көрерменге әсері. Оның өмірге деген өзіндік көзқарасы. Өзойыннақты айта алу. Оқушыларғафотосуреттердің қандайниетпен түсірілгенін сезіну және түсіну үшін идеяны анықтауға көмектесу. Экологиялық сенбілік"ұғымдарын түсіндіру. Балалар мен жастарды табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу, жас кезіненбастапәлеуметтік жауапты азаматсанасын қалыптастыру,практикалық әлеуметтік пайдалы айдалықызметті танымал ету.

Білім алушылардың назарын қалдықтармен жұмыс істеу проблемасына аудару, қалалар мен елді мекендердегі экологиялықжағдайды жақсартуға жәрдемдесу және табиғатпен үйлесімді өмір сүретін қоғам мәдениетін қалыптастыру.Еңбек және экологиялық мәдениетті тәрбиелеу ісіндегі дәстүрлерді жаңғырту, мектеп аумағында туған қала / ауылға деген сүйіспеншілік үшін оқушылардың әлеуметтік жауапкершілігін тәрбиелеу.

Білім алушылар:

Негізгітерминдермен ұғымдардың мағынасын түсіну:

"экожүйе","экологиялық дағдарыс","кәдегежарату", "экологиялық мораль". "Экологиялық мораль"ұғымының мағынасын түсіну;

Табиғи ортаға ұқыпты қарау қажеттілігін түсіну;

Табиғатпен моральдық және азғындық өзара әрекеттесудің заңдылықтарын түсіндіріңіз; "Өзін-өзі таныстыру", "әлеуметтік желілердегі пост", "кері байланыс", "Пікірлер"ұғымдарын түсіндіре алады.Тиімді бірлескеншешімдер қабылдау үшінтопмүшелері арасында білім алмасуды біледі; Олармәселені өзбетінше анықтай

	және тұжырымдай алады, оныңшешімінің нұсқаларын ұсына алады; түпкілікті нәтижені ескере отырып, аралық мақсаттардың Реттілігін анықтай алады, ақпараттыкеңейтілген іздеуді. жүзеге асырады, фактілер мен құбылыстардыталдайды, салыстырады, жіктейді және жалпылайды, тұжырымдамаларға анықтама береді, өз іс-әрекеттерін экологиялық мораль тұрғысынан талдай білу; белсенді қызмет түрлері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту. Алған білімді қысқа түрде қолдана алады, тек ең негізгісін таңдап, таңдалған сұрақты жарықтандырады. Шығармашылық ойлауды қолданыңыз Олар "экожүйе", "биосфера", "зиянкестер", "қорғаушы"ұғымдарын түсіндіре алады Негізгі терминдермен ұғымдардың мағынасын түсіну: "экологияға әсер ететін факторлар" оқыту мен жеке дамуды қолдау үшін өзінің күшті және әлсіз жақтарын, өзіне және басқаларға әл-ауқатқа жету үшін өмірдің әртүрлі аспектілерін, сыртқы әлеммен қарым-қатынасын талдайды өзініңмінез-құлқы мен мәдениетін бағалайды. Негізгі терминдермен ұғымдардың мағынасын түсіну:"экологиялық сенбілік". Олар дағдыларды қолдана алады және білімді қарапайым өмірде және жаңа жағдайларда қолдана алады. Мектеп ауласының аумағын табиғи қоқыстан тазалауға, құрғақ бұталарды кесуге, гүл егетін жерлерді қазуға, ағаштарды әктеуге қатысады. Ұғымдарды түсіндіре алады: "экологиялық сенбілік"
--	---

8-сынып:

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімдері	Тақырыптары/ұзақмерзімді жоспардың бөлімдері	Оқыту мақсаты. Білім алушылар білуге тиісті.
Білім алушылар		
4-тоқсан		
Биосфера, экожүйе, популяция	Экожүйелердің компоненттері. Су және құрлық экожүйелері. Модельдеу "Су және құрлық экожүйелерін салыстыру"	8.3.1.1 экожүйелердіңжалпы құрылымының сызбасынжасау; 9.3.1.1 су және құрлық экожүйелерін салыстыру
	Оқушыларға экологиялық тәрбие бере отырып, қазақтың дәстүрлі мәдениеті табиғат пен адамның етене тығыз байланысты болғандығын және олардың бір – бірінен ажырамас күйде өмір сүргендігін куәлайды. Мұның негізінде көшпелілер өздерін табиғаттың тікелей жалғасы, өзін табиғатың перзенті ретінде сезінуі жатыр. Игерілмеген қуаң дала мен шөлейтті тек көшпелі ғана меңгере алды. Қазақтар көк шөпті жұлмаған, шыбықты сындырмаған. Өйткені жас өмірдің бәрі бақыттың бастамасы, барлық тірліктің қайнар көзі болып саналған. Көк жұлсаң көктей орыласың, қарғыс атады деп ырымдалады. Қазақ баласы бастауды, бұлақты ластамайды. Барлық тіршіліктің көзі сол бұлақ, сол бастау	

	деп біледі. Қазақ халқы беталды жер шұқып, жер қазбайды. Бұндайды теріс қылық деп санайды, оны өліммен, ажалмен байланыстырып, жаман ырымға балайды. Міне, осы тақырыптарды өткен кезде қосымша осы песурстарды қолдану ұсынылады		
	<table border="1"> <tr> <td data-bbox="432 353 900 757"> Популяцияның құрылымының негізгі сипаттамалары және ерекшеліктері. Ағзалардың тіршілікке қабілеттілігінің әртүрлі тәсілдері. (Тіршілікті сақтаудың К және Г стратегиялары). "Жыртқыш-жемтік" қарымқатынас түрі. Популяция санының өзгеруі </td><td data-bbox="900 353 1402 757"> 8.3.1.3 популяцияның негізгі қасиеттерін және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау; 9.3.1.3 ағзалардың тіршілікке қабілеттілігінің әртүрлі тәсілдерін зерттеу; 10.3.1.3 жыртқыш-құрбан қарым- қатынасы мысалында популяция санының өзгеру себептерін анықтау </td></tr> </table>	Популяцияның құрылымының негізгі сипаттамалары және ерекшеліктері. Ағзалардың тіршілікке қабілеттілігінің әртүрлі тәсілдері. (Тіршілікті сақтаудың К және Г стратегиялары). "Жыртқыш-жемтік" қарымқатынас түрі. Популяция санының өзгеруі	8.3.1.3 популяцияның негізгі қасиеттерін және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау; 9.3.1.3 ағзалардың тіршілікке қабілеттілігінің әртүрлі тәсілдерін зерттеу; 10.3.1.3 жыртқыш-құрбан қарым- қатынасы мысалында популяция санының өзгеру себептерін анықтау
Популяцияның құрылымының негізгі сипаттамалары және ерекшеліктері. Ағзалардың тіршілікке қабілеттілігінің әртүрлі тәсілдері. (Тіршілікті сақтаудың К және Г стратегиялары). "Жыртқыш-жемтік" қарымқатынас түрі. Популяция санының өзгеруі	8.3.1.3 популяцияның негізгі қасиеттерін және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау; 9.3.1.3 ағзалардың тіршілікке қабілеттілігінің әртүрлі тәсілдерін зерттеу; 10.3.1.3 жыртқыш-құрбан қарым- қатынасы мысалында популяция санының өзгеру себептерін анықтау		
	Қоршаған орта туралы айтқан кезде де, оқушыларға экологиялық тәрбие беру ұсынылады. Көшпелі қазақ мәдениетінде «обал» және «сауап» түсініктерінің мораль-дық реттеуші қызметі жоғары болған. Обал — жақсы нәрсенің қадірін біл, оны тастама, түбінде оның зарын тартасың деген ұғымды білдіреді. Бұл — қоршаған ортаға зиян келтіруге, жамандық жасауға, яғни жыңдыны жәбірлеуге, жансызды бүлдіруге болмайды деген сөз. Мәселен, біреуге қиянат жасау — обал. Нанның түйірін аяққа басу, не оны рәсуа ету де обал. «Судың да сұрауы бар» дегендей та-мақты босқа ысырап ету, соны жасау үшін төгілген терді, қажырлы еңбекті бағаламау деген сөз. Көргенсіздік пен әдепсіздіктің осындайлардан шығатынын түсіну қиын емес. Сөйтіп обал ұғымы біреуге қиянат жасаған жағдайдың бәріне де орын алады. Обал мен сауап ұғымдары қазақ ырымдарында жан-жақты көрініс тапқан. «Қазақ шашты далаға тастамайды, жерге көмеді. Құс шашты ұясына салса — бас ауруға шалдырады, бас айналғыш болады, ұмытшақтық, жеңілтектік дертке шалдырады деп пайымдайдағаны жайында да оқушыларға айтуымыз керек.		
	<table border="1"> <tr> <td data-bbox="432 1420 900 1693"> Тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлері. Ағзалардың тікелей және жанама қарымқатынас түрлері. Қоршаған орта жағдайларының өзгерістеріне ағзалардың бейімделуі </td><td data-bbox="900 1420 1402 1693"> 8.3.1.6 тірі ағзалардың өзара қарым- қатынас түрлерін сипаттау; 9.3.1.6 тірі ағзалардың қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу механизмдерін түсіндіру </td></tr> </table>	Тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлері. Ағзалардың тікелей және жанама қарымқатынас түрлері. Қоршаған орта жағдайларының өзгерістеріне ағзалардың бейімделуі	8.3.1.6 тірі ағзалардың өзара қарым- қатынас түрлерін сипаттау; 9.3.1.6 тірі ағзалардың қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу механизмдерін түсіндіру
Тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлері. Ағзалардың тікелей және жанама қарымқатынас түрлері. Қоршаған орта жағдайларының өзгерістеріне ағзалардың бейімделуі	8.3.1.6 тірі ағзалардың өзара қарым- қатынас түрлерін сипаттау; 9.3.1.6 тірі ағзалардың қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу механизмдерін түсіндіру		
	Тірі ағзалардың өзара қарым- қатынас түрлері. Ағзалардың тікелей және жанама қарым-қатынас түрлері. Қоршаған орта жағдайларының өзгерістеріне ағзалардың бейімделуі туралы айтқан кезде де экологиялық тәрбие беру маңызды деп ойлаймын. Осы мәселеге қатысты қазақ даласын жете білген поляк саяхатшысы Б.Залесскийдің «Қазақтардың киелі ағашы» деген суреттемесінен ақпарат алуға болады. Оның бейнелеуі бойынша, қазақтар киелі ағаштың жанынан өткен кезде түйелерін шөгеріп, аттың жабуын немесе кілемшені жайып қояды да тізелерін бүгіп, немесе малдас		

Мақсаты: экологиялық білім мен мәдениетті қалыптастырып, табиғат байлықтарына ұқыпты, жауапкершілікпен қарайтын әлеуметтік белсенді тұлғаны тәрбиелеу.

Бағдарламаның міндеттері:

- Бізді қоршап жатқан табиғаттың нысандары туралы экскурсанттардың білімдерін кеңейту. Балалардың үздіксіз экологиялық білім алуына жағдай жасау;

- Табиғатты пайдаланудың практикалық тәжірибесін қалыптастыру арқылы жеке тұлға мен қоғамның экологиялық мәдениетін дамыту:

- Білім алушыларды рухани дамуға, ақпарат, сұлулық, денсаулық, материалдық әл-ауқат көзі ретінде табиғатты бағалауға үйрету;

- Білім алушыларды экологиялық проблемаларды зерттеудің негізгі бағыттарымен және ерекшеліктерімен таныстыру;

- Оқушылардың табиғатта белсенді демалысын ұйымдастыру;

- Жобалар мен экологиялық зерттеулердің қарапайым түрлерін орындаудың практикалық біліктері мен дағдыларын дамыту;

- Білім алушыларда табиғатқа және өз денсаулығына ізгілікті және жауапты қараудың тұрақты негіздерін қалыптастыру.

Курс мазмұнын игеру нәтижесінде оқушылар білуі керек:

- Жергілікті жерде кездесетін жануарлар, өсетін өсімдіктер жайлы;

- Ағаш көшеттерін отырғызу, оларды күту, гүлдер өсіру, баптауды;

- Фенологиялық бақылау жүргізуді;

- Дәрілік өсімдіктерді жинауды, дайындауды;

- Биологиялық материал ретінде топтамаларды (гербарий, жемістер мен тұқымдар, саңырауқұлақтар мен қыналар, жәндіктер, шаян тәрізділер, ұлулар және басқа да омыртқасыздар) жинауды;

- Құстар мен аңдардың қалай тіршілік ететінін, оларға қалай қамқорлық жасау керектігін

Түсіндіре білуі керек:

- Табиғат жағдайларының адам іс-әрекетіне және адам қызметінің табиғатқа әсерін;

- Соқпаққа экскурсия жүргізу барысында балаларға табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін;

- Соқпақтың жалпы көрсеткіші және сызбасын;

- Экологиялық жол белгілері және көрсеткіштерді

Ажырата білуі керек:

- Экологиялық проблемаларды зерттеудің негізгі бағыттары және ерекшеліктерін;

- Жан-жануарлардың (құстардың, көбелектердің, насекомдардың т.б.) түрлерін;

- Өсімдіктердің түрлерін, оның ішінде дәрілік өсімдіктерді;

- Экологиялық белгілер мен көрсеткіштерді;

- Табиғат қорғауға арналған іс-әрекеттердің маңызын

Қолдана білуі керек:

- Анықтамалық материалдарды, қосымша әдебиеттерді, интернет-ресурстарды;

- Жобалар мен экологиялық зерттеулердің қарапайым түрлерін орындауды;

- Табиғатты пайдаланудың практикалық тәжірибесі

Экологиялық тәрбие мен білім беру принциптері:

- Ғылымилық принципі - негізгі ұғымдарды мазмұнға қосу, адам мен табиғаттың өзара байланысы мен бірлігі, оқыту мен тәрбиелеудің жүйелілігі;

- Демократиялық принципі - жалпы білім беру немесе қосымша білім беру мекемесі оны жүзеге асыру нұсқасын анықтаумен ғана емес, сонымен бірге мұғалім бағдарламада жоспарланған қызмет нәтижесіне қол жеткізу жолдарын өз бетінше таңдауымен де қол жеткізеді;

- Практикалық бағыттылық принципі - практикалық сабақтарды, экскурсияларды, шығармашылық тапсырмаларды енгізу есебінен іске асырылады;

- Ізгілендіру принципі – жаратылыстану, география, биология пәндерін тереңдетіп оқу үшін пайдаланылатын өлкетану материалын жүргізу арқылы қол жеткізеді, негізгі ақпаратты қызықты етуге мүмкіндік береді, құндылық бағдарларын тиімді қалыптастыруға, өз өлкесінің табиғатына деген қызығушылық пен құрметті дамытуға ықпал етеді.

Экологиялық соқпақ білім беру мақсатында әр түрлі жастағы оқушылармен сабақ өткізу үшін де пайдаланылуы мүмкін: бастауыш

сыныптарға (1-4 сыныптар) дүниетану, жаратылыстану сабақтарында туған өлкенің табиғатымен танысу үшін, орта буын оқушыларына (5-8 сыныптар) жаратылыстану, биология сабақтарында, сондай-ақ жаратылыстану бағытындағы үйірмелер мен секциялардағы бағдарламадан тыс сабақтар үшін; жоғары сынып оқушыларына (9-11 сыныптар) жалпы биология пәні бойынша білімдерін тереңдету және жеке зерттеу қызметі үшін қажет.

Соқпаққа экскурсия жүргізу барысында балаларға табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін түсіндіру, экологиялық сана-сезімдерін дамыту қажет. Экскурсияны өткізетін педагог экскурсанттарды дұрыс ұйымдастыруы, олардың назарын аударуы, өз материалын қызықты баяндауы, тыңдаушылардың назарын соқпақта кездесетін табиғат нысандарына үнемі аударып отыруы тиіс.

Соқпақ география пәнінің мұғалімдеріне ғана емес, сондай-ақ АӘД сабағында (Алғашқы әскери дайындық) жергілікті жерде бағдарлау принциптерін түсіндіру және экскурсия кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету үшін, биология сабағында табиғатты тануда көрнекі игеру үшін, көркем еңбек сабағында табиғат аясында пейзаждар мен жекелеген табиғи нысандарды салу үшін қажет.

Сонымен қатар, бұл соқпақ қосымша білім беру педагогтары және мектеп мұғалімдеріне экскурсиялар мен ашық аспан астында сабақтар өту үшін пайдаланылуы мүмкін. Орталық немесе мектеп маңындағы флора және фауна өкілдерімен танысу, оқушыларға зерттеу жұмысының принциптерін көрнекі көрсету және жоба тақырыбын таңдауға көмек көрсету үшін пайдаланылады. Сондай-ақ, соқпақ биологиялық материал ретінде топтамаларды (коллекцияларды) жинау үшін пайдаланылуы мүмкін (гербарий, жемістер мен тұқымдар, саңырауқұлақтар мен қыналар, жәндіктер, шаян тәрізділер, ұлулар және басқа да омыртқасыздар). Мұнда жиналған материалдар сабақтарда және үйірме сағаттарында көрнекі құрал ретінде пайдаланылады. Әртүрлі қолдан жасалған бұйымдарды жасау үшін табиғи материалды (құрғақ гүл, жаңғақ бүрлері, және т. б.) жинау мүмкіндіктері қарастырылады.

Курсты оқытудан күтілетін нәтижелер:

- Экологиялық және географиялық білімі қалыптасқан, табиғатты қорғауға, денсаулықты сақтауға байланысты түрлі жағдайларда шешім қабылдай білуге қабілетті тұлға тәрбиеленеді;
- Табиғатқа деген жауапкершілікті сезімді қалыптастыруға ықпал ететін негізгі экологиялық принциптер мен ережелерді біледі;
- Білім алушылар зерттеушілік мамандыққа бейімделу жолында өз таңдауларын жасай алады.

Авторлық бағдарлама «Экологиялық соқпақ – табиғат жанашыры» экологиялық соқпағы бойынша «Алматы облысының балалар-жасөспірімдер спорттық туризм және экскурсиялар орталығы» КМҚК

аумағында 2019 жылдан бері жұмыс істеуде. Талғар қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы №49 мектепте жаратылыстану, география, биология сабақтарын өткізуде нәтижелер беріп жүр.

Бағдарлама республика мектептері мен мектептен тыс мекемелерде жергілікті жер табиғатына орай қолдану мүмкіндіктеріне ие.

«Экологиялық соқпақ – табиғат жанашыры» курсының базалық мазмұны

Курстың мазмұны төмендегі бөлімдерден тұрады:

- 1) Кіріспе. Экологиялық соқпақ – табиғат жанашыры
- 2) Туған өлкенің экологиясы және оның проблемалары
- 3) Экологиялық соқпақтың ерекшелігі
- 4) Экосоқпақтың маршруты
- 5) Соқпақтың экологиялық сипаттамасы
- 6) Экосоқпақты безендіру (рәсімдеу)
- 7) Соқпақ маршрутының аялдамалары
- 8) Экскурсиялық нысандар (бекеттер)
- 9) Туристік өлкетану іс-әрекеттері
- 10) Экскурсия, топсеруен

1. Кіріспе. Экологиялық соқпақ – табиғат жанашыры (1 сағат)

Табиғат - біздің анамыз. Оны таза ұстау, қорғау, экологиялық орта қалыптастыру еліміз үшін, адам баласының келешегі үшін қажет.

«Алматы облысының балалар-жасөспірімдер спорттық туризм және экскурсиялар орталығы» аумағының экологиясын оқып білуде «Экологиялық соқпақ – табиғат жанашыры» экологиялық соқпағының маңызы зор. Соқпақ экскурсанттарды орталық аумағындағы табиғи, тарихи-мәдени нысандармен таныстырады, оқушыларға табиғи құбылыстар мен нысандар туралы білім беруге, экологиялық тәрбие мен табиғатты қорғау үшін алғышарттар жасауға мүмкіндік береді.

2. Туған өлкенің экологиясы және оның проблемалары (2 сағат)

Қоршаған орта және табиғи экологиялық факторлар. Қоршаған ортадағы қауіпті жағдайлар. Адамның қоршаған ортаға әсері. Қоршаған ортаны қорғау шаралары

3. Экологиялық соқпақтың ерекшелігі (2 сағат)

Экологиялық соқпақ маршруттарының көптеген әзірлемелері тек соқпақ маршрутының картасын, оның кейбір сипаттамаларын, аялдамалар тізімін және кейде экскурсия барысында кездестіруге болатын ең қызықты нысандардың тізімін қамтиды.

Аялдамалардағы тірі табиғат жағдайы жыл мезгілдеріне байланысты өзгереді, кейбір өсімдіктер мен жануарлар дүниесін көктемде, басқаларын - жазда немесе күзде кездестіруге болады, сондықтан экологиялық соқпақты әзірлеуде табиғаттағы фенологиялық өзгерістер ескерілуі тиіс.

Оқушылардың жас құрамына байланысты экскурсиялардың үлгі мәтіндерін жасау керек: төменгі сынып оқушылары туған өлкеміздің табиғаты мен экологиясы бойынша алғашқы білімдерін алады; орта буын оқушыларының жаратылыстану, география, биология пәндері бойынша алған білімдерін бекітуіне баса назар аударылады; жоғары сынып оқушыларының мектептегі білімдерін кеңейтуден басқа, өзіндік зерттеу жұмыстары, олардың экология және биология бойынша жобаларын әзірлеуі маңызды міндет болып табылады.

4. Экологиялық соқпақтың маршруты (3 сағат)

«Экологиялық соқпақ – табиғат жанашыры» экологиялық соқпағының оқу маршруты орталық аумағында өтеді. Маршруттың біраз бөлігінде антропогендік әрекеттің теріс көрінісі байқалады. Осының өзі табиғатқа ұқыпты қарау керектігін мысалдар келтіре отырып, оқушылармен экологиялық сабақ жүргізуге көмектеседі. Әр түрлі флора мен аз да болса кездесетін фауна әлемі мектеп бағдарламасындағы жаратылыстану, биология және экологиядан тақырыптық экскурсиялар жүргізуге және көрнекі материал жинауға жәрдемдеседі.

Соқпақтың жалпы ұзындығы – 800 метрді құрайды. Соқпақ арқылы ұйымдастырылатын экскурсияның жалпы ұзақтығы 25-30 минут. Мұндай экскурсиялар оқушылардың экологиялық жобалармен жұмыс жүргізуіне тиімді.

5. Соқпақтың экологиялық сипаттамасы (4 сағат)

«Экологиялық соқпақ – табиғат жанашыры» экологиялық соқпағының құрамында шығу тегі табиғи және жасанды биоценоздар бар. Бізде орман, тоғай жоқ, бірақ оларды қолдан отырғызылған ағаштар алмастырады. Жол бағыты бойынша негізгі биоценоз – боз арша, бозқараған, гүлдер, аққайың, қара жаңғақ, шалғындар, жеміс ағаштар бағы, дәрілік өсімдіктер, шыршалар.

Өсімдік әлемі бай және әр түрлі, шөп өсімдіктерінің арасында негізінен ылғалды шабындықтардың түрлері, орманды, батпақты, шөлді аймақтарда өсетін түрлер, сондай-ақ жасанды биоценоздарда өсімдіктердің мәдени түрлері бар.

Соқпақ аумағында жануарлар әлемі де әр түрлі, бірақ көзге бірінші омыртқасыздар, әсіресе көптеген жәндіктер, өрмекші тәріздестер, түрлі құрттар мен ұлулар бар, олардан басқа көптеген құстардың түрлерін, қыс мезгілінде шибөрі (шакал) және ақтиінді байқауға болады.

Соқпақты білім алушыларға көрнекі мысал ретінде көрсету керек, бұл табиғатқа ұқыпты қарау дегенді білдіреді.

6. Экосоқпақты безендіру (ресімдеу) (6 сағат)

Біз келесі ақпараттық мәтіндер мен белгілер түрін пайдаланамыз:

- ✓ Соқпақтың жалпы көрсеткіші және сызбасы;
- ✓ Табиғатта өзін дұрыс ұстау ережесі;
- ✓ Ұрандар мен шақырулар;

✓ Жекелеген табиғи нысандар және құбылыстар туралы мәліметтер;

✓ Соқпақ аймағында орналасқан табиғат ескерткіштері туралы мәліметтер;

✓ Табиғатпен адамның қарым-қатынасы туралы поэтикалық мәтіндер, суреттер;

✓ Экологиялық жол белгілері және көрсеткіштер.

Экосоқпақ жабдығы жергілікті жерде нысандар белгіленген картосхеманы құрудан басталды. Ары қарай соқпақтың маршруты зерттелді және ақпараттық тақталарды, экологиялық белгілер мен көрсеткіштерді орнату орындары анықталады.

7. «Экологиялық соқпақ – табиғат жанашыры» экологиялық соқпақ маршрутының аялдамалары (12 сағат)

Экологиялық соқпақ маршруты бағытына 12 аялдаманы орналастыруды жоспарладық. Мұндай бекеттер экскурсияға қатысушыларды биоценозбен жақынырақ таныстыру және табиғатқа әсер еткен антропогендік әсер мен экологиялық жағдайларды көру үшін қажет. Алдымен экскурсияға қатысушыларды ақпарат тақтасымен таныстырамыз.

1. «Ақпарат» аялдамасы
2. «Қылқан жапырақтылар» аялдамасы
3. «Май бозқараған» аялдамасы
4. «Археологиялық» аялдамасы
5. «Гүлдер» аялдамасы
6. «Шағанды» аялдамасы
7. «Аққайыңды-жаңғақты» аялдамасы
8. «Шалғынды» аялдамасы
9. «Жеміс бағы» аялдамасы
10. «Құмырсқалар илеуі» аялдамасы
11. «Жасыл дәріхана» аялдамасы
12. «Ағаштағы үй» аялдамасы (Соңғы аялдама)

Жануарлар мен өсімдік әлеміне саяхат. Дәрілік өсімдіктер мен оның адам өміріндегі маңыздылығы. Туристік маршруттар.

8. Экскурсиялық нысандар (бекеттер) (2 сағат)

Экскурсия басында табиғаттағы жүріс-тұрыс мәдениеті туралы әңгіме жүргізуді бастау, осы соқпақтың қашан және қандай мақсатпен жасалғаны туралы айту, тақтайшадағы соқпақтың карта-сызбасымен таныстыру ұсынылады.

Келушілерге "Өзін табиғатта қалай ұстау керек?" тақырыбында жадынама беріледі.

№ 1 аялдамада соқпаққа келушілерге мынадай сөздер айтылады:

Біз, экологиялық соқпақты құрдық, ол арқылы жүріп өтіп, қоршаған табиғат қандай жағдайда екенін сендерге көрсету мақсатында және әр қайсыларының табиғатты қорғау керектігін сезінсін деген ниетпен ұйымдастырдық. Мұқият бол, саған ғажайып әлем ашылады! Сонымен, кеттік!

9. Туристік өлкетану іс-әрекеттері (3 сағат)

Мектептерде туризм жұмыстарының формалары және әдістері - саяхаттар, жорықтар, экскурсиялар, мектептің туристік эколагерін ұйымдастыру қарастырылады. Мектеп жағдайына орай мектеп жанында немесе бақтарда, ауылға жақын орналасқан табиғи нысандарда экологиялық соқпақ жасауға негіз бар. Сонымен қатар «Менің туристік, экологиялық маршрутым» атты ғылыми жобалар іске асырыла алмақ.

10. Экскурсия (1 сағат)

Оқушының «Туристік, экологиялық маршрутым» атты экскурсия-маршруты. Экологиялық соқпақпен жүріп өту. Білім беру мектебінің маңызды міндеттерінің бірі-жалпы табиғат құбылыстарымен, оның ішінде тірі және жансыз табиғаттың негізгі құбылыстары мен заңдарымен таныстыру. Мұғалімнің жетекшілігімен табиғи құбылыстарды тікелей бақылау оқушылардың әлемнің материалдылығы туралы бастапқы және ең бастысы дұрыс түсініктерін қалыптастыруға ықпал етеді. Осыған байланысты экскурсияларды қоршаған құбылыстар туралы толық, жан-жақты тақырыптық идеяларды құрудың маңызды құралы ретінде бірінші орынға қоюға болады

Негізгі орта білім беру деңгейінің және қосымша білім берудің 6-8 сыныбына арналған «Экологиялық соқпақ – табиғат жанашыры» курсы бойынша ұзақ мерзімді жоспар

№	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1. Кіріспе. «Экологиялық соқпақ – табиғат жанашыры» (1 сағат)		
1.	Экологиялық соқпақ - экологиялық мәдениет пен дүниетанымды арттырудың әдісі	1
II. Туған өлкенің экологиясы және оның проблемалары (2 сағат)		
2.	Табиғаттағы экологиялық жағдайлардың пайда болуы	1
3.	Туған өлкенің табиғатының экологиялық проблемалары	1
III. Экологиялық соқпақтың ерекшелігі (2 сағат)		
4.	Экологиялық соқпақ туралы мәлімет беру	1
5.	Табиғатты қорғаудағы соқпақтың ролі	1

IV. Экологиялық соқпақтың маршруты (3 сағат)		
6.	Экологиялық мәселелерді шешу мақсатында соқпақ орналасқан орынды анықтау, зерттеу	1
7.	Экологиялық соқпақ жобасын таңдау және талқылау	1
8.	Экологиялық соқпақтың мақсаты мен міндеттері	1
V. Соқпақтың экологиялық сипаттамасы (4 сағат)		
9.	«Экологиялық соқпақ – табиғат жанашыры» экологиялық соқпағының табиғи биоценоздары	1
10.	Экосоқпақтың антропогендік нысандары	1
11.	Табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерімен танысу	1
12.	<u>National Geographic Qazaqstan журналына шолу. Видео-роликтермен танысу</u>	1
VI. Экосоқпақты безендіру (рәсімдеу) (6 сағат)		
13.	Соқпақтың жалпы көрсеткіші және сызбасы	1
14.	Жекелеген табиғи нысандар және құбылыстар туралы мәліметтер	1
15.	Соқпақ аймағында орналасқан табиғат ескерткіштері туралы мәліметтер	1
16.	Экологиялық жол белгілері және көрсеткіштер	1
17.	Соқпақтың маршруты және ақпараттық тақталар	1
18.	Экологиялық белгілер мен көрсеткіштерді орнату орындары	1
VII. «Экологиялық соқпақ – табиғат жанашыры» экологиялық соқпақ маршрутының аялдамалары (12 сағат)		
19.	«Ақпарат» аялдамасы	1
20.	«Қылқан жапырақтылар» аялдамасы	1
21.	«Май бозқараған» аялдамасы	1
22.	«Археологиялық» аялдамасы	1
23.	«Гүлдер» аялдамасы	1
24.	«Шағанды» аялдамасы	1
25.	«Аққайыңды-жаңғақты» аялдамасы	1
26.	«Шалғынды» аялдамасы	1
27.	«Жеміс бағы» аялдамасы	1
28.	«Құмырсқалар илеуі» аялдамасы	1
29.	«Жасыл дәріхана» аялдамасы	1
30.	«Ағаштағы үй» аялдамасы (Соңғы аялдама)	1
VIII. Экскурсиялық нысандар (бекеттер) (2 сағат)		
31.	Қосымшадағы көрсетілген материалдарды талдау, зерделеу	1

32.	Ғылыми жоба тақырыптарын қарастыру	1
ІХ. Туристік өлкетану іс-әрекеттері (4 сағат)		
33.	Туристік іс-әрекеттер туралы түсініктерді толықтыру, экскурсия және жорық барысында қолдану	1
34.	Туризм жұмыстарының формалары және әдістері: саяхаттар, жорықтар, экскурсиялар	1
35.	Туризм жұмыстарының формалары және әдістері: мектеп, орталық жанынан туристік эколагерь ұйымдастыру	1
36.	Экскурсия	1

Экологиялық соқпақ – табиғат жанашыры» экологиялық соқпағы маршрутына бағыт бойынша 12 аялдаманы орналастыруды жоспарладым. Мұндай бекеттердің қажеттілігі экскурсияға қатысушыларды биоценозбен жақынырақ таныстыру үшін, табиғатқа әсер еткен антропогендік әсер мен экологиялық жағдайларды көру үшін. Алдымен экскурсияға қатысушыларды ақпарат тақтасымен таныстырамыз.

1. «Ақпарат» аялдамасы
2. «Қылқан жапырақтылар» аялдамасы
3. «Май бозқараған» аялдамасы
4. «Археологиялық» аялдамасы
5. «Гүлдер» аялдамасы
6. «Шағанды» аялдамасы
7. «Аққайыңды-жаңғақты» аялдамасы
8. «Шалғынды» аялдамасы
9. «Жеміс бағы» аялдамасы
10. «Құмырсқалар илеуі» аялдамасы
11. «Жасыл дәріхана» аялдамасы
12. «Ағаштағы үй» аялдамасы (Соңғы аялдама)

Экскурсия басында табиғаттағы жүріс-тұрыс мәдениеті туралы әңгіме жүргізуді бастау, осы соқпақтың қашан және қандай мақсатпен жасалғаны туралы айту, тақтайшадағы соқпақтың карта-сызбасымен таныстыру ұсынылады.

Келушілерге "Өзін табиғатта қалай ұстау керек?" тақырыбында жадынама беріледі.

№ 1 аялдамада соқпаққа келушілерге мынадай сөздерді айтамыз:

Біз, экологиялық соқпақты құрдық, ол арқылы жүріп өтіп, қоршаған табиғат қандай жағдайда екенін сендерге көрсету мақсатында және әр қайсыларының табиғатты қорғау керектігін сезінсін деген ниетпен ұйымдастырдық. Мұқият бол, саған ғажайып әлем ашылады! Сонымен, кеттік!

Экологиялық соқпақ аялдамаларына сипаттама.

Экскурсиялық нысандар (бекеттер)

№1. Маршруттың басы – «Ақпарат» аялдамасы

Негізгі мазмұны - Экологиялық соқпақ және оның маңызы туралы ақпарат беру, тақтайшадағы соқпақтың карта-сызбасын таныстыру

№2. «Қылқан жапырақтылар» аялдамасы

Негізгі мазмұны – Бозарша, шырша ағаштарының экологиясымен танысу, олардың орталықтың микроклиматына әсері және адам ағзасын сауықтырудағы рөлі. Аллеяда өсетін қабіршөп гүлі (барвинок), қарағаш және жабайы алма туралы мағлұмат беру

Бозарша (туя). Қылқан жапырақты ағаштардың ішінде арша – кипаристер тұқымдасына жататын мәңгі жасыл бұта. Ағаш түрінде Солтүстік Америкада, Жерорта теңізі маңында өседі, биіктігі 10-15 метрге жетеді. Қазақстанда арша туысының 10 түрі өседі (кәдімгі арша, сауыр арша, зеравшан аршасы (қара арша), дәрілік немесе сібір аршасы, түркістан аршасы (балғын арша), талас аршасы, қызыл арша және т.б. Арша көбінесе таулы жерлерде өседі.

Аршаның басқа қылқан жапырақтылардан айырмашылығы: сырттай қарағанда жүзімнің жидегі сияқты, көбінесе бұта түрінде өседі және бүрі (шишка) шырынды, білмегендер оны “жидек” деп қалады. Ашық тұқымдыларда жидек түзілмейді – “бүржидек” (шишка-ягода) деп атайды. Шын мәнінде, ол жидек емес, әрі жидекке ешқандай қатысы жоқ, тек шартты түрде берілген атау. Қарағай, шырша, балқарағайлардың бүрлері (шишкасы) кебу, құрғақ болады, ал аршаның бүрі жұмсақ болған соң оны “бүржидек” деп атаған. Бүрлері екінші немесе үшінші жылы жетіледі. Әрбір бүрде 1-ден 12-ге дейін тұқымы болады. Аршаның қылқан жапырақтары жас кезінде ине тәрізді болса, кейін біртіндеп қатайып қабыршақ тәрізді болып өзгереді. Ине тәрізді қылқандары үшкір тікенекті, қабыршақты қылқандары ұсақ, өркенге жабысып тұрады, өркенге 2-3-тен топтанып орналасады. Қылқандары бұтағында 8-10 жылға дейін түспей сақталады. Қазақстанның таулы жерінде жан-жағына жайылып төселіп өсетін – кәдімгі арша. Арша - екі үйлі, бір үйлісі өте сирек кездеседі. “Бүржидегі” – бірінші жылы жасыл, екінші жылы жұмсақ, көкшіл-қара немесе күрең-қызыл түсті болады. Әбден пісіп жетілген тұқымы қатты, қоңыр, бүрдің шайырлы жұмсағынан тез ажырайды, жаздың аяғы мен суық күзге дейін жерге шашылады. Тұқымдары түрлі жануарлар мен құстар арқылы таралады, себебі “бүр-жидегі” шырынды, тәтті. Арша жарық сүйгіш, суыққа, құрғақшылыққа да төзімді, топырақ талғамайды. Жақсы дамыған тамырлары топырақтың терең қабатына еніп тарамдалып, 10 метрдей аумаққа жайылады. Суды еркін сіңіретіндіктен құмның үстінде, сазды жерлерде, әкті топырақта өсе береді. Аршаны теңіз деңгейінен 4000 метр биіктіктегі тау беткейлерінен де кездестіреміз.

Арша баяу өседі. 800, 1000, 2000 жылға дейін тіршілігін жоймайды. Өркені баяу өскендіктен тамырлары да баяу өседі, әрі мықты болады. Бүрі өте хош иісті, құрамында шайыр, 40% қант, органикалық қышқылдар (алма,

құмырсқа, сірке қышқылдары), өсімдік балауызы және т.б. бар. Жапырағынан бөлінетін эфир майы ауаны зиянды бактериялардан тазартады. Эфир майы жас өркендерінде және бүрлерінде де болады.

Жалпы, аршаны қазақ халқы киелі, әрі қасиетті ағаш деп санаған. Оны беталды кесуге мүлде тыйым салған, тек кейде ғана бесікке немесе қобызға қажетті ағаш таңдаған кездерде талғаммен қурай бастаған арша ағаштарын кесіп пайдаланған. Бұл өңірде аршаны жаппай кесу ХІХ ғасырдың орта тұсынан бастап отынға, шахталар мен жерасты жолдарына тіреу үшін, темір жолға төсеу үшін және мыңдаған жауынгерлердің сырт киімдерін бояу үшін арша ағаштары көптеп қырқылғандығы туралы деректер кездеседі.

Шырша (ель) - қарағай тұқымдасына жататын биіктігі 30-50 метр, баяу өсетін қылқанжапырақты ағаш. 15-20 жылға дейін өте жай, кейін жылына 30 см-ге дейін өседі. Мәңгі жасыл өсімдік болғанымен, 6-12 жылда қылқандарын кезекпен түсіріп, жаңарып отырады. Өсе келе жан-жағына жайыла түсетіндіктен, олардың бір-бірінен немесе өзге ағаштардан арақашықтығы кемінде 6 метр болғаны абзал. Осы себепті оны тар аулалардан гөрі, кең ауласы бар балабақша, мектеп алаңқайларына немесе арнайы бақтарға еккен жөн. Шыршаны ауа тазартатын ерекше қасиетіне қарай, аурухана, шипажайлардың

маңына көптеп еккен дұрыс. Шыршаның түрі өте көп. Дүние жүзінде 50-ге жуық түрі бар. Оның ішінде қылқанының түсі көк, сарғыш, қызғылт және ашық жасыл түрлері көгалдандыруда үлкен қолданыста. Шығыс шыршасының қылқаны сары немесе алтын түстес, ине қылқанды шыршаныкі көк, көкшіл, кәдуілгі немесе еуропалық шыршаның қылқаны қою жасыл, балқандық шыршаныкі күміс түсті немесе сұр болады. Түрлеріне қарай 50-150 жыл аралығында өмір сүреді. Шыршаның ағашы жұмсақ, жеңіл және мықты емес. Сондықтан құрылыста, ағашты қайта өңдеуде қолданылады. Шыршадан жасалған музыкалық аспаптардың дауысы керемет болады. Италиян скрипка шеберлері Амати мен Страдиваридың скрипкалары шыршадан жасалған. Шырша өнімінен қағаз, целлюлоза, қатты қатырма қағаздар, скипидар, канифоль майларын және ағаш сіркесін алады. Шыршаны жол жиектеріне жел ұстағыш ретінде егеді. Бүрі орман құстары мен кеміргіштеріне тамақ ретінде қызмет етеді. Діңінің қабығы тері илеуде қолданылады. Шырша көптеген елдерде жаңа жыл ағашы ретінде танымал.

Қарағаш (Карагач) - қарағаштар тұқымдасына жататын көп жылдық жапырақ тастайтын ағаш. Солтүстік жарты шардың қоңыржай белдемдерінде кездесетін 30-дай түрі белгілі. Қазақстанның өзен аңғарларында, далалы жерлерінде, сай-жыраларда, тау етегіндегі құрғақ қойнауларда өседі. Көп тарағаны - жылтыр қарағаш. Биіктігі 35 метрдей. Бұтақ шоғыры қалың, жарты шар пішінді, диаметрі 60-80 см. Жай жапырақ жүйкелерінің ұшы жапырақ жиектеріне тіреле аяқталады. Бөбешік жапырақтары ерте қурап түсіп қалады. Жапырақтары негізінен жемістері піскеннен кейін жайылады.

Топталған гүлдері қос жынысты, жапырағы шықпай тұрып гүлдейді. Гүлсерігі 4-8, аталық саны да осындай. Аналығының аузы қостілімді, қанатша тәрізді өсіндімен тұтасып бірігіп кеткен, жемісі піскенде де қанатша сақталады. Жемісі - жиегі жарғақ қанатшамен көмкерілген жаңғақша. 200-400 жылдай жасайды. Қарағаш - бағалы орман ағашы, әрі дәрілік өсімдік. Жапырақтары мен жас бұталарының қабығы емдік мақсатта пайдаланылады. Халық медицинасында қабығын суға немесе спиртке тұндырып, құлақтан ірің аққанда, жапырағының ұнтағын ішек және бүйрек шаншуларын емдеуге қолданады. Сүрегі ауыр әрі тығыз, шірімейтіндіктен, түрлі үй жиһаздарын жасау үшін, құрылыс материалы ретінде қолданылады. Қарағаш - суыққа төзімді ағаш, көбінесе көгалдандыру мақсатында жол жиектеріне отырғызылады. Аңызак желге тосқауыл болу үшін егістіктердің айналасына, сусымалы құмдар мен сай-жыраларды су шаймас үшін мәдени түрде егеді.

Қабіршөп гүлі (барвинок) - көпжылдық өсімдік. Негізінен Солтүстік Африка, Еуропа, Азияда кездеседі. Қабіршөп жапырақтары тіпті қар астында да таңқаларлық беріктігімен ерекшеленеді, сондықтан қабіршөпті - өмірлік күштің символы, ал зираттарда отырғызылғанды - мәңгілік махаббат пен мейірімді еске алудың белгісі деп атайды.

Жабайы алма. Көбінесе биіктігі 3-5 метрге дейінгі биік бұта түрінде, кейде биіктігі 10 метрге дейінгі ағаш түрінде кездеседі. Ағаш діңі – тығыз, қабығы - қоңыр. Сәуір, мамыр

айларында гүлдейді. Күлтелері – ақшыл қызғылт түсті. Алманың жемістері диаметрі 2-4 см-ге дейін болады, дәмі - ащы-қышқыл. Құстар ағаштарды ұя жасау үшін пайдаланады. Ағаш жемістері тосаптарға дәмді хош иіс беру үшін қолданылады. Ағаш аязға төзімді, мұндай қасиеті оны алма селекциясындағы будандастыру үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Шымшық (синица) – торғайтәрізділер

отрядының құнақ тұқымдасына жататын құс. Аралас және қылқанжапырақты ормандарды мекендеп, су айдындарына жақын жүреді, қайыңды, қандыағашты тоғайларда қоректенеді. Қанатының ұзындығы 70 мм, салмағы 13 г. Шамасында. Аталығы жасыл-сарғыш түсті, оның төбесінде бір шоқ қауырсын айдары болады, қанат, құйрық қауырсындары қара, оларға жол-жол болып сары қауырсындар араласқан, бауыры ақ. Аналығы мен балапандарының арқасы жасыл сұрғылт тартқан, бауыры ақшыл. Отырықшы құс. Ұясын ағаш басына салады. Мамыр айында 5-6 көгілдір не жасылдау жұмыртқа салып, аналығы 12-14 күн басады. Балапандарын да аналығы 13-15 күндей асырайды. Жылына екі рет балапан өргізеді. Өсімдік тұқымымен және жәндіктермен қоректенеді, олардың зияндыларын жеп пайда келтіреді. Шымшықтар жақсы сайрайды.

Торғай (воробей)торғайтәрізділер отрядына жататын құстар туысы. Жер шарына кең тараған 27 түрі бар. Еуропа, Азия және Африкада кең таралған, кейбір түрлерін Америка, Аустралия мен Жаңа Зеландияға

апарып жерсіндірген. Қоразы мен мекиенінің сыртқы түсі әртүрлі: қораздарының тамақ асты қара түсті болады. Көпшілігі - отырықшы, кейбіреулері - жыл құстары. Ұзындығы 12-15 см. Ағаш қуыстарын, індерді, үй-жайларды мекендейді немесе ағаштарға шар тәріздес ұялар салады. Көптеген түрлері -синантропты. Қорегі – дән, балапандарын бастапқы уақытта жәндіктермен, кейіннен өсімдік тұқымдарымен қоректендіреді.

Еуразия материгінде кең тараған түрлері: үй торғайы, дала торғайы, үнді торғайы. Орта Азия мен Кавказ сыртында ағаштарда үлкен топ құрып өмір сүретін испандық немесе қаратөс торғай басым. Шөл даланы мекендейтін сексеуіл торғайы, шөл торғайы және Сахалин, Оңтүстік Куриль

аралдарында кездесетін жирен торғай адамдар мекендерінен тыс жерлерде тіршілік етеді. Үнді және испандық торғайлар - дәнді дақылдардың зиянкестері. Шөл торғайлар сирек кездесетін құс ретінде «Қызыл кітапқа» енгізіліп, қорғауға алынған.

3. « Мамыргүл » аялдамасы

Негізгі мазмұны – Мамыргүл түрлері және емдік қасиеті туралы әңгіме.

Сирень -мамыргүл немесе бөртегүл деп те атайды, зәйтүндер тұқымдасына жататын бұталар тегі. Тектің әр түрлі мәлімет бойынша 22-36 түрі бар. Олардың барлығы жабайы түрінде Еуразияның таулы аудандарында өседі. Мамыргүлдің 2300 астам мәдени сорттары бар. Сорттары бұталардың гүлденуі, биіктігі, гүл түсі, пішіні және мөлшері т.б. бойынша ерекшеленеді.

Қазақстанда қалаларда, саябақтарда және демалыс орындарында кәдімгі әсемдік үшін өсіріледі. Биіктігі 2-8 метрдей, жасыл түсті жас өскіндері безді, бір жылдық бұтақтары сұр түсті. Бүтін жиекті жалаң жапырақтары сопақша жұмыртқа тәрізді, қарама-қарсы орналасқан, ұзындығы 5-10 см, ені 4-7 см. Сыпыртқы гүлшоғыры төбе жағына қарай бүйір, кейде соңғы бүршіктерінде орналасады. Ұзындығы 1,5-2 мм болатын 4 тісшелі тостағаншасы конус тәрізді, тісшелері үшбұрышты әрі өте қысқа, тісшелерінің арасындағы ойықтары доға тәрізді. Гүлі ұсақ, жұпар тәрізді. Күлтесі көкшіл немесе ақшыл түсті, ұзындығы 1 см-дей болатын түтікшесі бар. Аталығы 2, жатыны қос үйлі. Сопақша келген төрт қырлы қоңыр түсті қауашағы қос жармалы, сырты тегіс әрі жылтыр, ұзындығы 1-1,5 см. Тұқымы қабысыңқы, сыртында жарғақты жіңішке айдаршалары бар. Мамыр айында гүлдеп, маусымда жеміс береді. Гүлінің құрамында эфир майы мен глюкозид және тер шығаратын, ауруды басатын қасиеті бар. Гүлінің тұнбасын көкжөтелге және бүйрек ауруларына қолданады. Жапырағын жаралардың іріңін шығару үшін пайдаланады және халық медицинасында өкпе туберкулезін емдеуге қолданылатын шөптер қосындысының құрамына енеді.

Бақытгүл (хризантема) - астралылар тұқымдасына жататын бір және көпжылдық өсімдіктер туысы. Олар негізінде Еуропа, Азия, Африкада

таралған, 200 жуық түрі белгілі. Қазақстанда саябақтарда, бау-бақшаларда, гүл шаруашылықтарында қолдан өсіріледі. Бақытгүл биіктігі 0,5-1,5 метрдей, көп сабақты бұта. Жапырақтары күңгірт-жасыл, шеті тегіс не тілімденіп келеді, сабақта кезектесе орналасады.

Ақ, қызыл, күлгін түсті гүлдері ірі гүлсебетіне топтасып, күрделі гүлшоғырын құрайды. Қазан-қараша айларында жаппай гүлдейді. Бақытгүлді көктем айларында арнаулы жылыжайда, көшетханада қалемшелеу әдісімен көбейтеді. Кесіліп, суға салынған бақытгүл 20-25 күнге дейін сақталады.

Оны мектеп, балабақша аулаларына еккен дұрыс. Жазғы демалыстан кейін білім нәрін игеруге құлшына кіріскен оқушылардың көңіліне мектеп ауласында құлпырып тұрған бақытгүл ерекше қуаныш сыйлайды. Бақытгүлді әсіресе, жапондар қатты қадірлейді. Жапон елінде осы гүлге қатысты жыл сайын тойланатын дәстүрлі “Бақытгүлі” мерекесі бар.

Традесканция. Традесканцияның отаны – Солтүстік Америка. Ол ерекше күтімді талап етпейтін үй гүлі ретінде танымал. Гүлдің атауы атақты саяхатшы Традесканттың құрметіне қойылған. XVII ғасырда саяхатшы осы гүлге ең бірінші болып сипаттама берген. Жапырақтары жұмыртқа пішіндес, қысқа сабақты. Гүлдері ақ түсті, үй жағдайында сирек гүл жарады. Гүлдері бір күн ғана гүлдеп тұрады. 30-дан астам түрлері бар. Сабақтары ұзын, шырмауық тәрізді болғандықтан көбінесе аспалы түбектерге отырғызылады. Тез өседі. Сондықтан жылына бір рет түбегі мен топырағын ауыстырып тұру керек.

№4. «Археологиялық» аялдамасы

Негізгі мазмұны – Сақ қорғандары жайлы және осы жерге макетін жасаған, «Алтын адамды» тапқан Бекен ата туралы әңгіме.

Бекмұханбет Нұрмұханбетов 1969 жылы ғылыми жетекшісі, археолог Кемел Ақышевпен бірге Есік қаласында біздің заманымызға дейінгі 5-6 ғасырларға жататын сақ қорғанына қазба жұмыстарын жасап, алтын киімді сақ жауынгерінің мүрдесін тапқан. Қорғаннан алтын киімді адаммен бірге төрт мыңнан астам алтыннан жасалған киімге тағатын әшекей табылған.

Бекен ата 1990-2011 жылдар аралығында біздің орталықта «Жас археологтар» үйірмесін жүргізді. Ол уақытта орталық «Алматы облысының балалар мен жасөспірімдердің туристік және экскурсия орталығы» деп аталған. Бекен ата орталық ауласына Сақ қорғанының макетін жасаған болатын. Бірнеше жылдар қараусыз қалған макет қайта жаңартылды.

№5. «Гүлдер» аялдамасы

Негізгі мазмұны – әр түрлі гүлдерге сипаттама беру. Осы аялдамада өскен талшын ағаштары мен қарағай туралы әңгімелеу.

Құртқашаш гүлі (ирис). Құртқашаштың 250-ден астам түрі белгілі шөптесін өсімдік. Оның көптеген түрлерінің ішінде бір метрден асатын өте биіктері және тым аласа түрлері де бар. Бірақ олардың барлығының дерлік

гүл күлтесі бірдей пішінде болады. Гүлінің түсі ақ түстен қоңыр қызылға дейінгі аралықта алуан түрлі. Құртқашаш көктемде немесе жаздың басында гүлдейді. Табиғаттағы түрлері сәуір айында ерте гүлдесе, көгалдандырудағы түрлері мамыр, маусым айларында гүл жарады. Егер, өскен ортасы ыстық болса гүлдеуі 15-20 күнге, ал ауа-райы салқын болса 25-30 күнге созылады. Қазақстанның табиғатында құртқашаштың 21 түрі бар. Біраз түрі көгалдандыруда қолданылады. Құртқашаштың гүлінің түсі сары, көк, сиякөк болып келетін ергежейлі түрі және сазды, сулы жерлерде өсетін түрлері де бар.

Сары құртқашаш - дәрілік өсімдік, жоңғар құртқашашы жапырағынан щетка жасау үшін ірі талшық алынады. Альберт құртқашашы және Людвиг құртқашашы - өте сирек кездесетін эндемиктер, қорғауға алынып, Қазақстанның “Қызыл кітабына” енгізілген.

Құртқашаш жер талғамай жақсы өседі. Кез келген жерге тез жерсініп, жылдам өседі. Мол суғарғанды, күннің көзін ұнатады. Кейде осы қасиетін бағалап гүлпаздар құртқашашты жасанды көлшіктің, арықтың жиегіне егіп жатады. Гүлдеп болған гүлсабағын қырқып отырса, жапырағының өзі әдемі болып тұрады.

Оттай жанған Барқытгүл,

Ажарымен тартып тұр.

Өзі әдемі, төзімді,

Жаулап алар көзіңді.

Көрік берген көшеге,

Болар сұлу десе де

Барқытшөп (Бархатцы) - астралылар

тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік. Оның 35 түрі белгілі. Барқытшөп табиғи жағдайда тек Мексикада өседі. Қазақстанда тік барқытшөп, ұсақ барқытшөп, ауытқы барқытшөп деген түрлері қолдан өсіріледі. Биіктігі шамамен 10-15 см. Сабағы тік, оған қауырсынды, тілімденген жапырақтары қарама-қарсы орналасады. Сары, қызғылт-сары, қоңыр түсті гүлдері себет гүлшоғырына топтасқан. Қорғаныш қызметін атқаратын 5 орамжапырағы жұмыр білікше тәрізді бірігіп өседі. Оның сыртында майлы зат (эфир майы) бөлетін бездері болады. Қос жынысты, тұқымынан көбейеді. Шілдеден қазан айына дейін гүлдеп тұрады. Жемісі - қара түсті, ұзынша келген тұқымша. Барқытшөп жарық сүйгіш, шөл мен суыққа төзімді өсімдік болғандықтан алаңдарды, гүлзарларды, саябақтарды, көшелерді көгалдандыру мақсатында өсіріледі.

Цинния - тік сабақты, жақсы бұтақтанған декоративті гүлді өсімдік. Биіктігі - 30-90 см. Жұмыртқа пішінді, бүтін жиекті жапырақтары сабақта қарама-қарсы орналасқан. Гүлдері әр түрлі пішінді және әр түрлі ренді. Жемісі – тұқымша. Маусымнан қазан айына дейін гүлдейді.

Халықаралық ғарыш станциясында тұңғыш рет гүл өсіп шықты. Бұл туралы ХҒС экипажының мүшесі, NASA астронавты Скотт Келли Twitter

әлеуметтік желісінде хабарлады. «Ғарышта өсірілген гүлдің тарихта тұңғыш рет гүл ашуы», - деп, жазды Келли. «Иә, ғарышта тіршіліктің өзге де иелері бар!», - деп, әзілдеді ол. Цинния гүлдерін ХҒС-да өткен жылы Veggie контейнерінде астронавт Челл Линдгрэн отырғызған болатын. Ол Жерге оралғаннан кейін бақташының ролін Келли алды. Келлидің өзі болса «Марсианин» фантастикалық фильмінің Қызыл ғаламшарда картофель өсірген кейіпкері секілді сезінетінін айтты.

Раушангүл (роза) - гүлдердің патшайымы. Жалынды махаббат пен тәжім етудің, сүйкімділіктің нышаны. Раушан бұрынғы замандардан-ақ ең сәнді өсімдік саналып келген. Аталған гүлдің әсемдігі жағынан да, түсінің байлығы жағынан да, мұрныңызды жарардай хош иісі тұрғысынан да теңдесі жоқ десек, артық айтқандық емес. Ежелгі Иран халқында осы гүлдің көркемдігі туралы жүздеген томды кітаптар жазылған. Еңбектегі Иран халқының ақындарының айтуынша, раушангүл Тәңірдің тарту еткен сыйы екен. Күндердің күнінде Флора патшалығының балалары Құдайдан өздеріне қашанда ұйқыда жүріп, билеушіге тән міндеттерін есінен шығарып ала беретін Лотостан басқа, патша тағайындап беруін жалынып сұрайды. Мейірімді Аллаһ Тағала өтініштеріне құлақ асып, оларға өткір тікенді, періштедей пәк ақ раушанды жібереді. Раушан гүлінің тарихы жер бетінде адамзат баласы пайда болмай тұрғанда, яғни осыдан 25 миллион жыл бұрын басталатындығына көптеген ғалымдардың еңбектеріндегі деректер дәлел бола алады. Раушан туралы қолжазбалардағы ең көне деректер Тигр мен Ефрат өзендерінің арасында орын тепкен Ура қаласындағы патша моласынан табылған (осыдан 5000 жыл бұрын). Конфуцийдің еңбектеріне сүйенер болсақ, ежелгі Қытайдың патшалық кітапханасында раушан туралы 600 кітап болған екен. Сол кездің өзінде қытайлықтар раушан майын дайындау тәсілін жетік білген. Б.з.д. 372-287 жылдары өмір сүрген Теофраст раушан гүлдің жабайы және бақта өсетін түрлерін ажыратып берген. Ал, көненің көзі саналатын Алтай қорғандарынан (б.з.д. V-IV ғ.ғ.) раушандар бейнеленген күміс тиындар табылған.

Раушандар әлеміндегі соңғы жаңалықтар:

- Әр түрлі елдердің селекционерлерінің арқасында бүгінде раушанның шамамен 25 000 сұрпы алынған.
- Раушанды сұрыптауды жүргізіп отырған алпауыт мемлекеттердің басында Франция, АҚШ және Ұлыбритания тұр.
- Раушан гүлдері ақ, алқызыл, сары тіпті қара және көгілдір түсті болып келеді. Гавай аралдарының көгілдір аспандарының астында көгілдір күлтелі раушандар жайқалып тұрады.
- Раушандардың ең сирек кездесетін түрі – меруерт раушандар. Мұндай

гүлдер Румынияның Клуж қаласындағы «Напока» ботаникалық бағында өсіріледі. Күлтелері ашық жасыл түсті бұл таңғажайып раушандар инеліктің қанатын еске түсіреді.

- Бұл аз десеңіз, соңғы уақытта мұңды кейіптейтін қара раушандар дүниеге келген.
- Италияда өткен гүлдер көрмесіне сабағында бірде-бір тікен жоқ ақ раушан гүлі қойылған.

Жапырағы жалпақ, қалың, ірі ағаш,
Діңі жуан, дауыл соқса құламас.
Оныменен ажарланар бақтар шын,
Баққа әдемі көрік берер Ат талшын.

Талшын (каштан). Биіктігі 25 метрге дейін жетеді. Қазақтар оны “Ат талшын” деп те атайды. Жер жүзінде табиғи 30-дан астам түрі бар, көгалдандыруда 500-ден астам сұрпы қолданылады. Талшын ағашы 500 жылға дейін өмір сүреді және 30 жылдан кейін жеміс бере бастайды. Жапырағының пішіні күрделі қауырсын тәрізді. Ерте көктемде шырақ секілді ақ, қызыл түсті гүл жарады. Гүлдері әдемі, бірақ иісі болмайды, көлемі 10-20 см. Талшынның гүлінде 65-75 % қант бар. Гүлдеп біткен соң, жеміс салады. Қоңыр түсті, жылтыр, диаметрі шамамен 3 см, жалпақтау келген домалақ жемісінің сыртында тікенекті жасыл қабығы болады.

Қазақстанда тек көгалдандыру мақсатында өсірілсе, шетелдерде талшынның тамаққа да қолданылатын сұрыптары өсіріледі. Оңтүстік Еуропада жемісін ас мәзірінде пайдаланады және кепкен жемісінен ұн тартып, нан пісіреді. Парсылар талшынның дәнінен күлше пісіреді. Жемісі бұлшық еттерді нығайтып, қан айналымын реттейді. Дененің және мидың шаршағанын басады, қан аздыққа көмектеседі. Қазіргі кезде кең тараған тамыр, холестерин және жоғары қан қысым ауруларына қолданады. Талшынның балы да пайдалы. Жиһаз жасауда кең қолданылады. Желімдеуге ыңғайлы болғандықтан, діңінен музыкалық аспаптар жасайды. Талшыннан жасалынған жәшіктерде заттар жақсы сақталады. Сондықтан қымбат мата, темекі секілді заттарға жәшіктер мен қораптарды осы талшыннан жасайды. Ал, тұқымын кептіріп, квас араласқан ұнға салу арқылы желім жасайды. Жаңбыр жауардың алдында жапырағының ұшында тамшылар пайда болады. Халық «талшынның көз жасы» деп атап кеткен.

Қарағай (сосна) - қарағай тұқымдасына жататын, мәңгі жасыл, қылқан жапырақты ағаш. Ол тез өсетін қылқанжапырақтылардың бірі. Еліміздің таулы аймақтарында бірнеше түрі кездесетін қылқанжапырақты мәңгі жасыл өсімдік. 500-600 жылға дейін өмір сүреді. Ең биік түрлері 50-60 метрге жетеді. Шыршаныкіндей емес қарағайдың қылқаны ұзын, жуандау. Қылқанының түсі түріне қарай сары, көкшілдеу, жасыл және қою жасыл болады. жер шарында жүзден аса түрі болса, оның жиырма шақты түрі көгалдандыруда қолданылады. Олардың ішінде бұтағы тік өсетін және жайыла өсетін түрлері де бар. Өсе келе жан-жағына 6-7 метрге дейін жайылатындықтан, бір-бірінен немесе өзге ағаштардан арақашықтығы кем дегенде 5-6 м болуы керек. Оның барлық түрі бой жасап өсіргенге ыңғайлы. Жай және тез өсетін түрлері бар. Биіктігі екі метрден аспайтын “тау қарағайы”

деген түрі бар. Қарағайдың қылқанымен қоса, өте жиі орналасатын бұршіктері де өте әдемі. Осы бұршіктерін сәндік үшін теріп алып, қолөнер бұйымдарына қолданып жатады.

Қарағайдың ағашы мықтылығымен және қаттылығымен ерекшеленеді. Оны кеме құрылысында, теміржолда, авиацияда және құрылыста кеңінен қолданады. Қарағайдың діңінде шайыр көп мөлшерде болады. Одан скипидар мен канифоль алынады. Канифольді сүргіт және лак дайындауда қолданады.

Қарағайдың бұршіктері, эфир майы және шайыры бронхит, өкпе ауруларына қарсы пайдаланылады. Қарағайдың қара майын тері ауруларына жақпа май ретінде пайдаланады. Қылқанын С дәрумені жетіспегенде және алдын-алу үшін қолданады.

№6. «Шағанды» аялдамасы

Негізгі мазмұны – Кательпа, шаған, күлді үйеңкі немесе американдық үйеңкі және тоқылдақ құсының ағаштарды құтқарудағы пайдасы туралы әңгіме

Кательпа - Бигнония тұқымдас өсімдіктер түрі. Табиғи таралу аймағы- Солтүстік Америка, Вест-Индия, Қытай, Жапония. Кательпа тұқымының өкілдері - ағаштар немесе бұталар; олардың жапырақтары жалпақ немесе жүрек тәрізді, ағаштардың онға жуық түрі бар. Кейбір түрлер әлемнің көптеген аймақтарында, соның ішінде Украинада, Беларусь Республикасында және Ресейдің оңтүстігінде, сонымен қатар, Қазақстанда сәндік өсімдіктер ретінде өсіріледі. Кательпа атауын Солтүстік Американың үндістері қойған. Ежелгі тілде "кательпа" "қанатты бас" деген мағынаны береді. Табиғатпен етене араласатын халық үлкен қашықтыққа ұшатын ағаш тұқымдарының қауырсындарын байқаған болар. Мүмкін, жапырақтары жалпақ, әрі үлкен болғандықтан солай аталған болар.

Кательпа кең таралған АҚШ-тың солтүстік-батысында тұрғындар жаңа аумақтарды игере отырып, шпалдар, қоршаулар және телеграф бағаналарын жасау үшін оның ағашын белсенді пайдаланды. Өсімдікте табиғи фунгицидтер бар, соның арқасында осы материалдан жасалған тақтайлар шірімейді. Дегенмен, кательпа ағаш өндірісінде кеңінен танымал емес, мүмкін, сүрегі мен бұталарының қисықтығына байланысты болар.

Ағаш басында құстар демалғанды жақсы көреді, жалпақ жапырақтарының астында жаңбыр мен желден тамаша қорғанады. Кательпа Қара теңіз жағалауындағы қалалардың көпшілігінің бульвары мен жағалауларын ерекше сәнге бөлеп тұрады.

Шаған (ясень) - жапырағы түсетін, зәйтүндер тұқымдасына жататын, ағаш. Солтүстік жарты шардың қоңыржай және субтропиктік аймақтарында, Азия мен Американың тропиктік аймақтарында кездесетін 70-ке жуық түрі белгілі. Қазақстанның оңтүстік облыстарындағы таулардың, ормандардың, өзен жағаларындағы су жайылымдарында өсетін 4 түрі бар. Соның ішінде саябақтарда, көшелерде қолдан өсірілетін түрі

сириялық шаған. Оның биіктігі 30 м-дей, бұтақтары цилиндр пішінді, қабығы қоңыр сұр түсті. Бұрлері қоңырқай немесе қара, қысқа түкті, жапырақтарының ұзындығы 25 см, бір-үштен жұпталып шығады, шеті ара тісті, үстіңгі беті қанық жасыл, астыңғы жағы ақшыл келеді. Гүлдері желмен тозаңданады, қос жынысты кейде полигамды (бір гүлінде аталық та, аналық та немесе екеуі де болады), шашақ гүлшоғырына топталған. Гүлшоғыры ұзын, сәл төмен қарай иіліп тұрады, олар алдыңғы жылдан қалған жапырақ қолтығында жетіледі. Маусым айында гүлдеп, жемісі шілдеде піседі. Жемісі - эллипс пішінді, шеті ойық келген жаңғақша. Шағанның қатты әрі серпімді сүрегі кеме, темір жол вагонын, ұшақ жасау өнеркәсібінде және ағаш бұйымдарын жасауда қолданылады. Еуропа шағанынан манна (тәтті шырын, іш қатып қалғанда ішеді) алынады. Ал қытай шағаны ақ балауыз бөліп шығарады, сондықтан оны шырақ жасау және медицинада, парфюмерияда, тоқыма өнеркәсібінде пайдалану үшін өсіреді.

Күлді үйеңкі немесе американдық үйеңкі (клён ясенелистный, или клён американский) - жапырақты ағаш, Солтүстік Американың үйеңкі тұқымдас үйеңкі түрі. Табиғатта кең таралған, ол биологиялық әртүрлілікке қауіп төндіреді. Өзінің өте жоғары экологиялық икемділігіне байланысты Еуразияның орман аймағындағы ең агрессивті ағаштың бірі болып табылады. Бұл үйеңкінің болуы экожүйелердің айтарлықтай өзгеруіне, тіпті байырғы түрлерінің толық ығыстырылуына және жоғалуына, жануарлардың, оның ішінде ірі тұяқтылардың жем-шөп базасының нашарлауына әкеп соғады. Орыс тіліндегі әдебиетте кездесетін тағы бір атауы - "калифорниялық үйеңкі».

Тоқылдақ тұқымдастар (Дятлообразные)

- ерекше ұзын қашау тәрізді тұмсығы бар шағын және орташа денелі (300 г шамасында) тоқылдақтәріздес құстар отрядына жататын тұқымдас құстардың бірі.

Тұмсықта бойлай созылған қырлар мен қатпарлар болады, тілі - ұзын және нығыз, тұмсықтың ұзындығындай алға созылып шығуға бейім, тілінің ұшы үшкір, арнайы сөл шығатындықтан, жабысқақ болып келеді. Тоқылдақтар осы тұмсықтың жәрдемімен қабық тесігі мен жарығына және сүрегіне тереңірек бойлап, бунақденелілерді және олардың дернәсілдерін жапсырып немесе шаншып алады. Жабын қауырсындары - қатқыл, көбінесе ашық түсті. Құйрығы - ұзын, конус пішінді қатқыл. Құс құйрығын таяныш етіп, қысқа және өте имек, өткір тырнақтарымен тік бетке жабысады. Аяқтары қысқа және күшті екі саусағы алға, екі саусағы артқа бағытталған 4 саусағы болады. Орман құсы, отырықшы өмір сүреді, кейде шағын қашықтыққа қоныс аударады. Топ та үйір де түзбейді. Моногамиялы, жұбын көптеген жылдар бойы жиі сақтайды. Қабықта және сүректе тіршілік ететін бунақденелілерді және солардың дернәсілдерін жейді. Күзде және

қыста тұқымдар мен жемістерді жейді. Тоқылдақтар отрядында 207 түрді қамтитын 34-35 туыс бар. Қазақстанда 5 туыстан 8 түр кездеседі.

Орман шаруашылығында тоқылдақтардың пайдасы үлкен. Олар күн сайын бірнеше жүз зиянды насекомдарды қырады. Тоқылдақтар әсіресе жаз айларында пайдалы, өйткені, олар бұл кезде насекомдармен қоректенеді. Қыста тоқылдақтар көпшілігінде қылқанды ағаштардың дәндерімен қоректенеді. Үзіп алған жаңғақтарын өздері шоқып жасаған ағаш қуыстарына бекітіп қойып, оны қатты тұмсығымен жарып, ішінен дәнін алып жейді. Пайдаланылып болған бүршік қабығын жерге түсіреді. Тоқылдақтардың жаңғақтарды апарып бекітіп қойып, ішінен дәнін алып жейтін жерін “дүкен” деп атайды. Мұндай “дүкендердің” астында қарағайдың бірнеше мыңдаған тұқымы алынған бүрлері үйіліп қалады. Тоқылдақтардың келтіретін аздаған осындай зияндарынан, олардың пайдасы көп. Сондықтан да халық “Тоқылдақ - тоғай дәрігері” деп атайды.

№7. «Аққайыңды-жаңғақты» аялдамасы

Негізгі мазмұны – Шудан қорғағыш жасыл өсімдіктер туралы, қара жаңғақ ағаштары, аққайың және ақ тиін өмірі туралы әңгіме.

Қара жаңғақ (орех черный). Биіктігі 40 метрге дейін өсетін, терең жарықтармен жабылған қара қабықты ағаш. Қара жаңғақтың дәні жеуге жарамды, құрамында 55-66% май бар. Ағаштың діңі қатты, қара-қоңыр, әдемі текстурасы бар, жақсы жылтырайды. Одан жиһаз бен үй-жайларды әрлеуге арналған фанера дайындайды, органикалық қышқылдардың, эфир майларының, ащы гликозидтердің құрамы есебінен антисептикалық және антипаразитарлы әсерге ие. Жапырақтарының ұзындығы 25-50 см, кезектесіп орналасқан, түсі ашық жасыл.

Жапырақтарының шығуымен бір мезгілде гүлдейді. Жемісі шар тәрізді немесе алмұрт тәрізді, түсі жасыл, диаметрі 3,5-5 см, түктермен қапталған. Эндокарпий (жаңғақ) дөңгелек немесе жұмыртқа тәрізді, жоғарғы жағы үшкір, қалың қабығы бар грек жаңғағын еске салады.

Аққайың (берёза). Қайың - ақ түсті қабығымен ерекшеленетін әдемі ағаш, ұшар басы үкідей шоқтанып, биік бойлап өседі. Ашық жерлерде қайың кейде жеке-дара өседі, бірақ көп ретте олар орман болып тұрады. Өмір сүру ұзақтығы - 100-150 жыл. Ол көктемде ерте бүршік жарып, кеш жапырақ түсіретіндігімен ерекшеленеді. Табиғатта қайыңның 140 түрі бар. Елімізде оның көптеген түрлері кездеседі. Ең кең таралған түрі - кәдімгі қайың немесе аққайың. Қайың ағашының бұтағы мен діңі берік, әрі шымыр. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері ара тісті. Қайың сәуір, мамыр айларында гүлдейді. Гүлдері сырға секілді. Күзде ерекше сары түске боялатын қайың жапырақтары саябақтарға көрік беріп тұрады. Қайыңның барлық түрі өте тез өседі және оңай жерсінеді. Гүлпаздар қайыңды «Саябақ ағашы» деп атайды. Әдемілігіне бола жолдың екі жағалауына, тіпті бақ ішіне қатар-қатар бірнеше түбін бірден егеді. Қайың өзгеше сұлулығына

бола ақындардың өлең-жырларына жиі арқау болған ағаштың бірі. Ажарлы да көрікті бойжеткендерді аққайыңға теңеп жатады.

Қайыңның бүршігі мен жапырағында, гүлі мен діңінің қабығында және ағашы мен шырынында емдік қасиеттер бар. Оның бүршіктері мен жапырақтарының құрамында эфир майы, қара май, флавоноидтар, сапониндер мен С дәрумені бар. Шырынын сусын ретінде пайдаланады. Қайыңнан жоғары сапалы шаңғы жасалынады. Тез шіріп кететіндіктен құрылыста аз қолданылады. Жанғыштық қасиеті жоғары болғандықтан, отын ретінде пайдаланылады. Көп күтімді қажет етпейді. Жас көшетін алғашқы жылдары түзулеп өсірсе, діңі тік әрі әдемі болып өседі.

Тиін (белка). Тиіннің Еуразия, Солтүстік және Оңтүстік Американың ормандарын мекендейтін 40-тан астам түрі белгілі.

Қазақстанның шығыс, орталық және солтүстік аймақтарында, Тянь-Шань мен Жетісу (Жоңғар) Алатауының қарағайлы ормандарын мекендейтін кәдімгі тиін бар. Оның тұрқы 16-28 см, салмағы 450-600 г. Түсі ақшыл сұр, не жирен, үлпілдек, қалың жүнді, құйрығы ұзын (23 см-ге дейін). Құлағында шашағы болады. Ұясын ағаш басына, кейде кеуегіне, не жартас жарығына салады. Тиін - тұрғылықты аң, бірақ қорегі (шырша, т.б. қылқан жапырақты ағаштардың тұқымы) тапшы болса, кейбір жылдары жаппай қоныс аударуы мүмкін. Қысқа қарай қор жинайды. 2 жаста жыныстық жағынан жетіліп, ақпан-наурыз айларында ұйығады. Жылына 2 рет (әр жолы 3-10) балалайды. Тиіндер терісі үшін ауланады.

Сауысқан (сорока) - торғайтәрізділер

отрядына, қарға тұқымдасына жататын, кіші денелі, тұзу, ірі қысқатұмсықты құс. Денесінің көп бөлімі қара, тек кеудесі ақ болады. Қанатының кей жеріне ақ араласқандықтан оны Қазақта кейде алақанат сауысқан деп те айтады. Құрт-құмырысқа жейді, етқоректі, аздап шөп қоректі. Сауысқан қазақ мәдениетінде сақтығымен, сергектігімен әйгілі.

Қара қарға (черная ворона) – торғай тәрізділер отряды, қарға тұқымдасына жататын құс. Қазақстанның барлық аймағында кездеседі. Қара түсіне күлгін немесе қара қошқыл түс қосылып құлпырып тұрады. Денесінің ұзындығы 47-50, қанатын жайғанда ұзындығы 100-104 см, қанатының ұзындығы 30 см, құйрығының ұзындығы 20 см. Салмағы 400-600 гр. шамасында. Тұмсығының жоғарғы ұшы төмен қарай иілген. Тұмсығы қауырсынмен жабылған. Қара қарғалар қорек талғамайды, кейде құстардың жұмыртқаларын жарып, балапандарын да жейді. Отырықшы құс. Ұясын ағаш басына, кейде қамыс нуларына салады. Сәуірде ұясына 4-5 жасыл қоңыр дақты жұмыртқа салып, оларды аналығы 18-20 күн басады. Аналығы мен аталығы 30-35 күн ұядағы балапанын бірігіп қоректендіреді. Қара қарға кемірушілер мен зиянды жәндіктерді жеп, ауыл шаруашылығына пайда келтіреді.

№8. «Шалғынды» аялдамасы

Негізгі мазмұны – Шалғын өсімдіктері мен жәндіктер туралы әңгіме жүргізу. Шалғын - көпжылдық шөптесін өсімдіктердің, негізінен жеткілікті және артық ылғал жағдайындағы астық тұқымдас және өлеңтұқымдастардың басымдылығымен сипатталатын белдемдік типі. Барлық шалғынға тән – оттылық пен шымның болуы. Шөбінің құрамында ксерофитті далалық дақылдармен бірге әр түрлі шөптер көп кездеседі. Шалғындықта көбіне шөптесін өсімдіктер өседі. Шалғындықтан жиі құмырсқа илеуін көруге болады. Мұнда көптеген бунақ денелілер тіршілік етеді. Дала тышқаны, көртышқан, қоян және құстар да шалғындықтан қорегі мен баспанасын табады.

Жатаған бидайық (Пырей) - астық тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік. Қазақстанның

барлық жерінде кездеседі. Оның 44 түрі бар. Оның ішінде тарбағатайлық бидайық - эндемик. Бұлардың тамыр сабақтары ұзын, жер астында 2 м-ге дейін көлбей өседі. Сабағы тік, оған кезектесіп орналасқан жапырақтары жіңішке таспа тәрізді, гүлінің сыртын мөлдір немесе жасыл гүл қабыршағы, ал оның төменгі жағын 2 жасыл масақша қабыршақ қоршап тұрады. Жел арқылы тозаңданады. Жеміс қабының қауызы тұқымға жабысып, тұтасып кеткен. Дәні бір тұқымды - дәнек. Бидайықтың ең көп тараған түрлері: құмеркек бидайығы және жолеркек бидайығы. Олардың биіктігі 25-100 см. Жатаған тамырлы, сабағы тік, төменгі жағы иіліп келеді. Жапырағы жіңішке таспа тәрізді, түксіз. Гүлшоғыры - масақ, ұзындығы 3-7 см, ені 5-9 см; масақшасы 3-7 гүлді. Маусым-шілде айларында гүлдейді. Бұлар - құнарлы мал азығы. Гектарынан 6-8 ц. пішен жинауға болады.

Жатаған бидайық жатаған тамырлы, су жайылған жерде өседі. Ол - зиянды арамшөп, бірақ мал жақсы жейді. 100 кг пішенінде 52 азық өлшемі, 7 кг сіңімді протеин бар. Гектарынан 25-35 ц. пішен жинауға болады.

Беде (Клевер) - бұршақтар тұқымдасына жататын көпжылдық кейде біржылдық шөптесін өсімдіктер. Республиканың барлық жерінде, шалғындықтарда, ойпаң жерлерде, өзен, жол бойларында, тау бөктерлерінде өседі. Жиі тараған түрі - қызылбас беде. Оның биіктігі 15-50 см-дей, сабағы жұмыр, тамыры жуан болады. Жапырағы күрделі, 5-9 жапырақшалары бар. Гүлі ұсақ қызыл, қызғылт, сары не ақ түсті, шар тәрізді домалақ немесе сопақша келген шашақ гүлшоғырға топталған. Жемісі - бұршақ, оның 1-2, кейде 3-6 дәні бар. Мамыр-тамыз айларында гүлдейді. Бедені таза күйінде немесе еркек шөппен, бидайықпен тарғақшөппен қосып себеді. Бұл жағдайда ол мол өнім береді әрі мал сүйсініп жейді. Беденің құрамында протеин, каротин, витамин, азотсыз заттар, май, күл және фосфор көп болады, жылына 3-4 рет орылады. Беденің топырақтың сортаңданбауына, эрозияға қарсы күресте тигізетін

әсері зор, сонымен қатар гүлдеген кезінде одан жақсы бал жиналады.

Дала тышқандары (Полевые мыши) - шағын тышқандардан ірі, дене ұзындығы 10-12 см, құйрығы 6-9 см. Арқа, бүйір үлбірі қызғылт түсті,

желкеден құйрығына дейін созылып жатқан қара жолағы болады. Бауыры сұрғылт, ақ түсті. Дала тышқандары тереңдігі 30-40 см келетін індерде тұрады. Жатақтарынан көбінесе түнде, кейде күндіз де шығады. Денесіне май жинап, қазан айының екінші жартысында қысқы ұйқыға кетеді. Ұйқы ұзақтығы 8-8,5 айға созылады. Негізгі азықтары - әр түрлі омыртқасыз жәндіктер - шегіртке, өрмекші, дәуіт және өсімдіктердің жапырақтары, жемістері, тамырлары. Еуразияның дала, шөлді аймақтарында таралған. Қазақстанның солтүстік аймағында ашық далада кездеседі. Ол әсіресе, Шығыс Қазақстан, Алматы облыстары таулы аудандарында кең таралған. Шалғындарда, пішен шөмейлерінде, далалық жерлерде - тал, итмұрын, тағы басқа бұталы өсімдіктердің арасын мекендейді. Жеміс-жидекті бақтарда қоныстануды ұнатады. Жылына бір рет көбейіп, 2-8 ұрпақ табады.

Қанқыз немесе **Ханқызы** (Божья коровка) - жәндіктер класы, қаттықанаттылар отрядына жататын жыртқыштар тұқымдасының аралас қоректі қоңыздарының бір түрі. Қанқыз жер шарында кең тараған, қорек тандамайтын отряд тармағының қоңыздар тұқымдасы. Бұлардың 2 мыңдай түрі белгілі, ал Қазақстанда 120-ға жуық түрі бар. Олар тек есейген кезеңінде ғана емес, дернәсіл кезеңінде де жыртқыштық тіршілік етеді. Көптеген әлем халықтарында ханқызы үлкен құрмет пен абыройға ие, өйткені адамдар олардың ежелден шіркейлердің, аққанаттардың, құрттардың, сымырлардың және өрмекшілердің бітіспес жаулары екендігін біледі. Дене тұрқы 3-7 мм, арқа жағы дөңесті, бауыр жағы тегіс, пішіні дөңгелек, реңі қызыл не сары күңгірт дақты келеді. Қанқыз ағаш қабығының астында, қуысында, жерге түскен жапырақ арасында, т.б. жерлерде қыстайды. Қанқыз тамағы мол болғанда, өсімталдығы да жоғары болады. Жылына 1-3 рет ұрпақ береді. Өсімдік үстіне 200-400-ден топтап, 1500-ге дейін жұмыртқа салады. Жұмыртқасы сопақша, сары, дернәсілі күңгірт түсті, қызыл, сары не ақ дақты немесе жолақты болады. Дернәсілдері өте тез өседі, тіпті 2-4 аптада қуыршаққа айналады. Қанқызының көптеген түрі пайдалы. Қолайлы жағдайда қанқыз саны тез өсіп, зиянды жәндіктерді жейді. Мысалы, жетідақты қанқыз бір тәулікте 80-ге дейін алма битін жояды. Қанқыз өсімдік бітесі, сымыр, бүрге-шіркей, жапырақ бүргесі, өрмекші, кене, т.б. ұсақ жәндіктерді жейді. Кейбір бақша қанқызы, картоп қанқызы, т.б. екпе өсімдіктерді жеп, зиян келтіреді. Бұл кәдімгі : «Ел қайда көшеді, суды қайдан ішеді», - деп ұшырып ойнайтын қанқыз. Әр тірі ағзаның өзінің жауынан деген, қарсыласынан деген қорғанысы болады. Сол секілді бұл насеком да өзін-өзі қорғаудан құралақан емес. Қауіп-қатер төнген жағдайда қанқыздың аяғының бүгілген жерінде қызғылт-сары түсті тамшылар, яғни, бір сөзбен айтқанда «сүт» пайда болады. Есесіне оның дәмі өте сүйкімсіз болып келеді. Осы сүт арқылы қанқыз өз жауларынан қорғанады. Қанқыз есесіне пайдалы насеком болып есептеледі. Оның қорегі - жас өсімдіктің сөлін соратын қарапайым кішкентай жәндік - өсімдік биті. Олар өсімдік сөлдерімен нәрленеді және

жаппай көбею кезінде егістікті жайпап та кетеді. Тамақ көп болған сайын, ханқыздарының аналықтары да алтын құрсақтыға айналады. Жұмыртқадан шыққан дернәсілдер тамақ үшін күреске де белсене қосылады: қуыршаққа айналу үшін олардың әрқайсысы 1 мыңға жуық шіркейден ауыз тиюі керек. Ханқыздардың көмегімен химиялық құралдарды пайдаланбай-ақ, зиянкес жәндіктерге бітіспес майдан ашуға болады. Олардың бірқатар түрлері әдейі айрылады, содан кейін бүлінген егістіктердің төбесіне түсіреді, не болмаса оранжереялар мен жылыжайларға өрбітіп жібереді.

Қанқыз күніне 200-ге жуық өсімдік жапырақ бетін жей алады. Ал енді оның личинкасы өзінен екі еседей қомағай болып келеді. Ханқыздарының 4000 мыңнан аса түрі белгілі. Кейбір түрлері шіркейлер бар бүкіл өсімдіктерде: ағаштарда, шөптерде болады. Ал екіншілері тек дала шөптерінде болады. Кейбіреулері өзен немесе су көзінің жанында, төртіншілері тек ағаштарда. Кей ханқыздары су өсімдіктерінде де өмір сүреді. Соңғы айтылған ханқыздары ұзын аяқтарымен ерекшеленеді. Себебі олар желден оңай майысып кететін өсімдіктерде жүре алу қажет. Ең қарапайым түрі – жеті ноқатты ханқызы. Оның ұзындығы 7-8 мм. Кеуде сауытындағы алдыңғы жақтағы қара жердегі ақ нүктелері, қызыл қанат үстеріндегі 7 қара нүктемен бұл қанқыздары Еуропада, Солтүстік Африка және Азияда өте танымал.

Ағылшынтілді елдерде ханқыздарын Ladybird, Ladybug немесе Lady Beetle деп атайды. Бұл сөздердің барлығының мағынасын біріктіретін сөз ол «Lady». Бұл сөз Дева Марияны білдіреді. Осыған байланысты құдайға сенетін елдерде ханқыздары киелі жәндік болып саналады. Әрине оларды өлтіруге болмайды. Адамдар байқағандай олар зиянкестермен күреседі. Ол өрмекші секілді ауыл шаруашылығына зиянын тигізетін жәндіктермен күреседі. Осы ханқызы кенелерді де өлтіреді. Бір ханқызы өз өмірінде 4000 мыңға жуық кенені жоя алады.

№9. «Жеміс бағы» аялдамасы

Негізгі мазмұны – Жеміс ағаштары - алма, алмұрт, өрік және долана және саңырауқұлақтар туралы мағлұмат беру

Жабайы алмұрт (дикая груша) - раушангүлділер тұқымдасының бір туысы, жеміс ағашы. Табиғатта 18 түрі, 5000-нан астам сұрпы бар. Сұрпына қарай биіктігі 20-30 метр аралығында болады. Өмір сүру ұзақтығы 50-80 жыл, кейбір түрлері 150-300 жылға дейін өмір сүреді. 8-10 жылдан кейін жеміс береді. Жапырақтары жұмыртқа пішінді немесе домалақ, ұштары үшкірлеу, ұзындығы 3-7 см. Алмұрттың гүлдеуі сәуір, мамыр айларында, жапырақтары шыға бастаған кезде басталады. Гүлдері ақ, хош иісті, жәндіктерді өзіне тартады. Бір алмұрт ағашынан 10 кг-нан 40 кг-ға дейін жеміс алуға болады. Жарық жерде жақсы өседі, көлеңкеге де шыдамды, бірақ көлеңкеде өссе, жемісті аз береді. Олар ауа райы қоңыржай және субтропикалық аймақтарда өседі. Қазақстанда кәдімгі алмұрт немесе орман алмұрт, Регель алмұрты, құлжа алмұрты немесе кеш пісетін алмұрт деген

түрлері бар. Алмұрт көп күтімді қажет етпейді, жылу сүйгіш, суыққа төзімсіз ағаш. Биікт. 10-12 м болады. Бұтақ шоғырының аумағы жалпақ, пирамида тәрізді. Жапырағы жұмыртқа пішінді, түксіз, жылтыр. Гүлі ақ, қызғылт, сарғыш, кейде қызыл түсті, гүлтабақшасына шоғырланған. Жемісі - сары, жасыл не қызғылт түсті сопақша келеді. Салмағы - 20-300 гр-дай. Алмұрт отырғызылғаннан кейін 4-5 жылда жеміс бере бастайды, 40-50 жылдай өседі. Мәдени сұрыптарын ұластыру арқылы өсіреді. Қазақстанда 14 сұрпы аудандастырылған, оның Орман аруы, Талғар аруы, хош иісті Алмұрт деген сұрыптары кең тараған.

Алматы, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстарында өсіріледі. Өсімдік зиянкестеріне төзімді, көбіне ауруға шалдықпайды. Алмұрт - бағалы ағаш, гүлінен аралар бал жинайды. Алмұрт ағашының жемісі өте пайдалы, әрі тәтті. Алмұрт қантқа, органикалық қышқылдарға, ферменттерге, өзектерге, илік, азотты және пектинді заттарға, С, В1, Р, РР дәрумендеріне, каротинге, сонымен қатар йод, калий, мырыш, магний, кремний, темір, флавоноидтарға бай. Емдік мақсатта жаңа піскен немесе кептірілген жемісін және жапырақтарын пайдаланады. Алмұрттың құрамындағы арбутин деген антибиотик микробтарды жояды. Пісірілген алмұртты қатты жөтелгенде, деміккенде және өкпе туберкулезіне ем ретінде қолданады. Кептірілген алмұрттан жасалған қайнатпаны қызба ауруы кезінде, несеп жүргізіп бүйректегі тасты шығаруға, іш ауруына, қант диабетіне, өт айдауға пайдаланады. Алмұрт жемісінен шырын, тосап, компот, джем, қақ жасалады. Тамақ, кондитер өнеркәсібінде қолданады.

Долана (Боярышник) - Қазақстанның таулы аймақтарында жиі кездеседі. Раушан гүлділер тұқымдасына жатады. Табиғатта мыңнан астам түрі болғанымен, оның 200-ге жуығы ғана кең таралған. Тікенекті бұталы өсімдік немесе шағын ағаш түрінде кездесетін долананың биіктігі шамамен 2-8 м болып келеді. Жапырақтарының ұзындығы 6 см, ені 4-5 см көлемінде. Барлық сұрыптары көктемде қалың гүл ашады. Гүлдері қызыл, ақ, қызғылт түсті болады. Мамыр айының соңында гүлдері шыға бастайды да, маусымның ортасына таман гүлдеп бітеді. Гүлдегеннен кейін кішігірім қызыл, сары, кейде қара түсті домалақ жеміс береді. Жас көшеті жеті жылдан кейін ғана жеміс салады. Долананың шаң мен газға төзімділігін және ауа тазартатын қасиетін ескере отырып, оны қала көшелеріне молынан егеді. Бірақ, қала көшелеріне егілген долананың жемісін жеуге болмайды. Бойы аса биік емес, әрі тікенекті болғандықтан долананы көбінесе жасыл қоршау жасауға қолданады. Жаз айларында қырқып-пішіндеуге болады. Өсуі жай болғанымен, долана төзімді ағаш болып саналады. Дәрілік мақсатта долананың жемісі мен гүлін пайдаланады. Доланадан жасалған дәрілер орталық жүйке жүйесін тыныштандырады, жүрек бұлшық еттеріне күш береді, жүрек пен мидағы қан айналымын жақсартады.

Долананың Қазақстанда 7 түрі Алтай, Тарбағатай, Іле және Жетісу (Жоңғар) Алатауында кездеседі. Көбірек тарағаны – алқызыл долана.

Жарықсүйгіш, аяз бен құрғақшылыққа төзімді, топырақ талғамайды. Бұтақтары тікенді, кейбір түрлері тікенсіз болады, биіктігі 1-4 м. Жапырақтарының жиегі тілімденген. Мамыр-шілдеде гүлдеп, жемісі тамыз-қыркүйекте піседі, жемісі қыста ағаш басында тұра береді. Гүлі ақ немесе қызғылт, қызыл, жартылай шатырша не қылқан тәрізді гүлшоғырын түзеді, қос жынысты. Жемісі - жидек, ұсақ, алқызыл, сары не қара түсті, 1-5 сүйекті, кейбір түрі жеуге жарамды, витаминге бай. Тұқымынан көбейеді. Аралар арқылы тозанданып, жануарлар арқылы таралады. Долананың 50-ге жуық түрлері қолдан өсіріледі. Долана медицинада дәрі-дәрмек жасауда пайдаланылады.

Жабайы абрикос (дикий абрикос) - биіктігі 3-10 метрге жететін ағаш. Діңгегінің диаметрі 25-30 см-ге жетеді. Жиі бұтақталған, бұтақтары жалаңаш. Жапырақтарының ұзындығы 6-9 см, жалаңаш, кең жұмыртқа және эллипс пішіндес, жиектері майда тісті, сағақтары қою қызыл түсті. Жапырақ жаймай тұрып гүлдейді. Гүлдерінің саны көп, ақ немесе қызғылт түсті. Жемістерінің түстері сарыдан қызылға дейін болады. Жабайы түрде Орта Азияда, Солтүстік-Шығыс Қытайда, Дағыстанда кездеседі. Таулардың құрғақ, тастақ етектерінде тоғайланып өседі. Қазақстанның таулы аудандарын теңіз деңгейінен 800-1900 м биіктікте өседі. Іле Алатауы, Кіші Алматы өзенінің жағасында, Талғар, Түрген аймақтарында жиі кездеседі. И. В. Мичурин бұл өріктің 8 жаңа сұрпын шығарған, олар КСРО-ның еуропалық бөлігінде, Қазақстан мен Орта Азияда өсіріледі.

№10. «Құмырсқалар илеуі» аялдамасы.

Негізгі мазмұны – құмырсқалар тіршілігі, илеуі туралы қызыққа толы деректер мен аңыздарды баяндау

Құмырсқа (Муравьи). «Құмырсқаның бірлігі мен тірлігін берсін» дейді халық даналығы. Құмырсқа илеуі, екінші сөзбен айтқанда топтасқан құмырс-қалар ұясы әдетте топырақтан, қылқан жапырақтан жасалады. Ол құмырсқалардың тамақ қалдықтарымен шымдалады. Оның құрамында сілекейлі у көп. Бір-біріне жабысып, жымдасқан құмырсқа илеуін кез келген долы жел, қар суыратын дауыл да ұшыра алмайды. Ертеректе аңшылар қарасуық жаңбырлы күз бен қақаған қыста құрған қақпандарының шаппай қал-мауы үшін айналасын құмырс-қаның илеуімен көмкеріп тас-таған. Өйткені, илеу қандай суықта да қатпайды, қақпанның қандауызын қатырмайды. Соны-мен қатар ол аң атаулыға темірдің иісін сездірмейді екен. Құмырс-қаның илеуі халық емінде жан-жақты қолданылады. Құмырсқалар өз илеуін ағаш-тың, түбірдің немесе бұтаның оңтүстік жағына салады. Илеудің оңтүстік жағы түйетайлы (көлбеу), солтүстік беткейі одан гөрі қиялау келеді.

Құмырсқаның илеуі буын ауруына шалдыққандарға бір-ден-бір ем. Ол буынға жиналған сары суды сорып алады. Илеу қақаған суықтың өзінде де бірқа-лыпты жылылығын сақтайды. Қыста үсік шалған адамның аяқ-қолын илеумен ысқыласа, онда екінші рет үсімейтіндей төзімділік пайда

болады. Ара, шыбын-шіркей шаққан жер асқынып, жараға айналса илеуді сулап немесе маймен жұмсартып, жарақатқа таңып тастайды. Мұндай әдісті құяңға, буындарға тұз жиналған жағдайда да қол-данады. Илеуді өкшеге тұз жиналғанда қара бидайдың ұны мен шикі жұ-мыртқаның сары уызы, қара тұз, жылқының немесе өсімдік майы-мен араластырып тартқан тиімді. Құмырсқаның уын өкпе, құрт ауруларына пайдалануға болады. Алайда, бұл айтылған тәсілдердің бәрін халық емшілерінің ұсыныс-кеңесі бойынша белгілі мөлшерде қолдану қажет. Өз бетінше әрекет ету қауіпті, әрине.

Кезінде Комб дейтін француз әйелі ғажап тәжірибе жасапты. Ол құмырсқаның илеуіне жанып тұрған шырақты қойған екен. Құмырсқалар сілекейін шашып, шамды бір минуттың ішінде сөндіріп үлгеріпті... Осының бәрі қоғамшыл жәндіктің бойындағы ұйымшылдық, емдік қасиеттерін білдіргендей. Оның әлі де ашыл-маған, анықталмаған құпия сырлары жетерлік. Ең бастысы, адамзат баласы кішкентай ғана құмырсқаның бірлігі мен тір-лігінен үлгі алса ғой, шіркін!

Көктем қылт етіп, күн жылынғалы қара құмырсқа інінен шығып, қауырт жұмысына қызу кірісіп кетті. Құмырсқаның адам денсаулығына пайдасы көп. Тынымсыз осы бір жәндіктің де неше түрлі ауруға таптырмас ем екенін көбіміз біле бермейміз. Ұзындығы бар-жоғы 13 миллиметр болатын, жылтыр қара, кіп-кішкентай ғана қос мүйізі бар қара құмырсқаның еркегі үлкен, ұрғашысы кішірек болып келеді. Осы құмырсқаның бойында адам денсаулығына аса пайдалы «у» болады. Оның илеуі де ем болады екен.

Балалардың алқым безінің жұқпалы ісінуінде немесе басқа да ісіктерді асқындырмау үшін мына емді есте ұстаңыз. Таңертең ерте, күн шықпас бұрын құмырсқаның илеуінен керегінше алып, суға шымырлатып қайнатып алып, су әбден суыған соң илеуді шүберекке орап, ісінген орынға таңса ісікті қайтарады. Жәндік шаққанда, ісікті, уытты қайтару үшін қара құмырсқа мен кәрікыз құртын (сабағының өзегінде болатын құрт) қосып талқандап, суға езіп, ісінген немесе жараланған жерге таңса жара жазылады. Аяққа жара шыққанда кептірілген қара құмырсқаны талқандап жараның аузына таңуға болады. Балтыр сыздағанда оның илеуіне аяғын салып отырып-, ем қабылдауға болады. Сол кезде адамның бойындағы ауруды құмырсқа өзіне тартып алатын- көрінеді. Олардың денесінде 70-тен астам амин қышқылы, дәрумендер бар. Қазіргі кезде Қытайда одан аса бағалы азықтық, дәрілік қасиеті бар препараттар дайындалады. Дәрілердің буын аурулары мен қант диабетін емдеуге, қан қысымын реттеуге әсері зор. Кішкентай ғана тіршілік иелері жұқпалы аурулармен ауырмайды, пайдалы болатыны сондықтан. Егер балаңыздың алқым безі жұқпалы ісінуге ұшыраса немесе басқа да ісіктердің алдын алғыңыз келсе, онда таңертең ерте тұрып, құмырс-қа илеуінен керегінше алыңыз. Оны қайнатып, суыған соң шүберекке орап, ісінген жерге таңасыз. Мұндай ем түрін жәндік шаққанда,- ісікті, уытты қайтару үшін, ая-ғыңызға жара шығып, мазаны

ал-ған-да да қолдануға әбден болады. Оның уы адамға қауіпті аурулардың көпшілігінен жаза алады. Құмырсқаның уы сүзек-тің, обаның, туберкулездің бациллаларын оп-оңай құртатыны байқалған. Құмырсқаның уын ғалымда иридомирмецин деп атайды.

Құмырсқалар топтанып өмір сүреді. Олардың өмір сүретін ортасын, яғни илеуді бұзуға болмайды. Халқымызда осындай ырым бар. Және де бір тәуліктің ішінде илеу-дегілер он мыңнан отыз мыңға дейін зиянды жәндіктерді жоятын көрінеді. Егістігіңіз болса, бұл – таптырмас көмек. Кейінгі кезде құмырсқа жейтін халықтардың да барын көріп жүрміз. Мысалы, Азияның оңтүстігінде тұратын-дар мен мексикалықтар сөйтеді. Бұл елдер-де құмырсқадан арнайы тағам да әзірленеді.

Құмырсқа жайлы қызық деректер өте көп. Күнделікті өмірде өзінен екі есе дәнді арқалайды да жүреді, тыным таппайды, өте бейнеткеш. Сезім мүшелері қатты дамыған. Егер жерде он дән жатса, оны көрген құмырсқа өзімен бірге тағы он серігін ерте келеді екен. Неге он дейсіз ғой? Себебі дән де он емес пе?! Топта «жауынгерлер» және «жұмыс-шылар» болады. Аналық тұрғыда қабілетсіздері илеудегі жұмыстарды атқаратын көрінеді. Соңғы кезде құмырсқаның сөйлейтіндігі жөнінде де айтыл-ып қалып жүр. Бұл олардың да өз тілі барын көрсетсе керек.

Ардақты Пайғамбарымыздың (с.а.с) мынадай хадисі бар: «Шындығында, Алла Тағала, оның періштелері, көк пен жердің мекендеушілері, тіпті өз илеуіндегі құмырсқа мен балықтардың өзі адамдарға жақсылық үйретушілерге игілік тілейді.». Қарап отырсақ, бұл хадис жер бетінде адамға жақсылық үйретуден артық қызмет жоқ екендігін айғақтайды. Алла мен оның періштелері, бүкіл жаратылыстар сәлем жолдап жатса, адамға одан артық нендей бақыт керек?! Ал адамдарға жақсылық үйретудің ресми ошақтарына бала-бақшалар, мектептер мен медреселер, институттар мен университеттер жатады десек, бұл сүйіншінің мұғалімдер мен оқытушыларға да қатысы бар. Ал отбасында ата-ана бала-шағасына жақсылық үйретсе, олар да осы бақыттан өз үлестерін алады. Тағы бір хадисте былай делінген: «Қиямет күні Алла Тағала ғалымдарды жинап, оларға былай дейді: Мен сендердің көкейлеріңе ғылым мен хикметті сендерді азаптау үшін салған жоқпын. Кәне, енді жұмаққа кіріңдер!». Бұдан артық қандай сүйінші болуы мүмкін?! Олай болса, адамдарды жақсылыққа қарай жетелеу үшін барша мұғалімдер мен ғалымдар қажыр-қайратын аямағаны дұрыс.

Бел ауырғанда Құмырсқаның илеуі салынған ыстық ваннаға түскен дұрыс. Екінші күні қозғалмай демалған жөн.

Құмырсқаның илеуін «әулие» санап, басына түнеп те жүрген. Мысалы көзін шел басқан адамдар құмырсқаның илеуі бар жерді іздеп тауып, оларға жем беріп, басына түнейтін болған. Кейде содан көздегі жұқа шел «көшіпті» деседі. Қазіргі химия ғылымында «құмырсқа қышқылы» деген термин бар. Жаңағы көздегі шелді сол қышқыл «жеуі» мүмкін деген

ғылыми жорамалды да естиміз. Демек, халықтың қарапайым ұғымының да шамалы болса да ғылыми негізі бар. Олардың көмегімен ревматизмді емдеуге болады. Ол үшін бір уыс құмырсқаны дәкеге орайды да ауырған жерге басады. Құмырсқалар денені шағып қызартқан соң дәкені алып тастайды. Осы әдісті бір ай бойы қайталасаңыз көп ұзамай ревматизмнен айығасыз.

№11. «Жасыл дәріхана» аялдамасы.

Негізгі мазмұны – дәрілік өсімдіктердің емдік қасиеті туралы мағлұмат беру

Гүлдің аты - қырмызы,
Терген талай қыр қызы.
Құшақ-құшақ гүл сыйлап,
Қуантыпты құрбыны.
Қажет етпес күтім көп,
Жинар ел ем үшін деп.
Он күн өңін жоғалтпас,
Тұрар жайнап, бүтін боп.

Қырмызыгүл (календула) - астралылар тұқымдасына жататын жартылай бұта, бір жылдық, кейде көп жылдық шөптесін өсімдік. Биіктігі 50 см-дей. Сабағы бұтақтанып өседі. Жапырақтары ұзынша қондырма, қандауыр пішіндес, жиектері тегіс. Гүл шоғы ұзын гүл сидамына орналасқан себетгүл, оның шетін 1-2 қатар жапырақ қоршап тұрады. Гүлі көбіне сары, сарғыш түсті, сондай-ақ қос жынысты, хош иісті. Тұқымы таға пішінді. Мамыр айының аяқ шенінен бастап, суық түскенге дейін гүлдейді. Жемісі - дәнек. Қазақстанның барлық аймағында егілетін 1 ғана түрі бар, ол - дәрілік қырмызыгүл. Оның құрамында календен атты ащы зат, шайыр, әр түрлі қышқылдар, шырышты заттар және каротиноидтар, алкалоидтар, эфир майы бар. Қырмызыгүлдің дәрілік қасиеті ежелгі Грекияда белгілі болған. Халықтық медицинада қырмызыгүл жара, безеу, шикан, ұшық және көз ауруларын емдеуге қолданылады. Себеті тамаққа пайдаланылады. Саябақтар мен гүлзарларда әсемдік үшін қолдан егіледі. Қырмызыгүлдің өзіне тән жұпар иісінен алыстан тануға болады.

Дәрілік жаужапырақ немесе Сермене (Мелисса) ерінгүлділер тұқымдасының жаужапырақ туысына жататын биіктігі 70-120 см, көп жылдық шөп тектес өсімдік. Сабағы түзу, төрт қырлы, сыртын түгелдей түк басқан, бұтақшалары көп. Жапырақтары – ақшыл-көк түсті, бір-біріне қарама-қарсы орналасқан, сағақтары - ұзын, пішіні сопақша келген, жұмыртқа тәріздес. Жапырақтарынан лимон иісіндей иіс шығып тұрады, дәмі ащылау болады. Гүлдері майда, 6-10-ы жиналып, сабақтың үш жағына шоғырланған. Гүл тостағаншасы түтікше тәріздес, 5-6 қалақшасы бар. Өсімдік шілде-тамыз айында гүлдейді. Гүлінен де лимон иісі шығады. Жапырақтарда, гүлінде лимонның иісі болғандықтан, халық мұны лимон шөбі, лимондық мелисса деп те атай береді. Дәрілік шикізат ретінде сабағы,

жапырағы, гүлі жинап алынады. Өсімдік гүлдей бастағанда жиналған дәрілік шикізаттың шипалық қасиеті жоғары болады. Дәрілік шикізат сапалы түрде кептіріліп, құрғақ орында сақталынады. Өсімдіктің дәрілік шикізатының құрамында эфир майлары болғандықтан, оны жүйке жүйесін тыныштандыру, ауырсынуды басу үшін қолданады. Сондай-ақ, дәрілік мелиссаның жүрек жұмысын жақсартатын, орталық жүйке жүйесінің қозуын тежейтін қасиеттері бар.

Бақбақ (Одуванчик) – көктемнің тұңғышы, халық оны атам заманнан қадір тұтып, сүйіспеншілікпен «Жердің күні», «Денсаулық эликсирі» деп атаған. Бақбақтың емдік қасиетін Ежелгі Грекияда ерте білген және оны араб медицинасы кеңінен қолданған. Көптеген елдерде (Швейцарияда, Чехияда, Словакияда) бақбақ тағамдық өсімдік ретінде өте бағалы, ал Францияда егіп өсіреді. Орта ғасырда дәрігерлер көз ауруын осы өсімдікпен емдеп жазған көрінеді. Бақбақтың жапырақтарында каротиноидтық заттар С және В2 витаминдері бар. Тамырлары мен жапырақтарындағы сүтсымақта шырыш және ащы зат - гликозид тараксацин бар. Тамырларында крахмалдың орнына, әсіресе күзде, 25% дейін инулин жиналады. Жапырақтарындағы ашқылтым дәмінен құтылу үшін жапырақтарды әбден ағарғанға дейін сабанмен бүркейді, немесе жапырақтың кесінділерін 30 мин тұзды суда ұстайды, ашқылтым дәмі қайтқанда және қуырғанда кетеді. Тағамға, әсіресе көктем кезінде, маринадталған гүл сабақшаларын да пайдаланады, ал қуырған тамырларын кофе орнына ішеді. Емдік мақсатқа жапырақтары мен тамырларының сөлін тәбет ашатын, асқортуды жақсартатын және қан тазартатын дәрі ретінде пайдаланады. Бақбақтан істелген тағам бауырды жақсартады және зат алмасуды дұрыстайды деген ұйғарым бар. Әр түрлі халықтың медицинасында тамыр мен құрғақ шөптің қайнатпасын асқазанның әр түрлі ауруларына, өт айдайтын, іш босататын, қақырық түсіретін дәрі ретінде, сондай-ақ май толық сіңбегенде қолданады. Атеросклерозды, анемияны емдеуге де болады. Тамырдан істелген ұнтақтар әр түрлі тері ауруларына және пигмент дақтарын кетіруге пайдаланылады.

Шоңайна (Лопух) - астралылар тұқымдасына жататын екі жылдық ірі жапырақты өсімдік. Негізінен Еуразияның қоңыржай белдеулерінде 10 түрі кездеседі. Қазақстанның барлық өңірінде өсетін 2 түрі бар. Әсіресе киіз Шоңайна жиі кездеседі. Биіктігі 60-150 см, ұршық тәрізді тамырсабағы болады. Бұл өсімдіктің бірінші жылы тамыры мен дегелек жапырақтары шығып, ал келесі жылы сабағы жапырақтары мен себет гүлшоғыры жетіледі. Сабағы түзу де жуан, бұтақты. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, бүтін жиекті, ірі, ұзындығы 20-50 см, ені 10-30 см, сағағы ұзын, ақ түкті. Гүлі қос жынысты (бір гүлде аталық пен аналық), оралып түтікшеге айналған, күлтесі қызғылт күлгін түсті, себеті шар тәрізді гүлшоғырын құрайды. Шілде-тамызда гүлдеп, тамыз-қыркүйекте жеміс салады. Жемісі - дәнек, ол піскен кезде қорапшасы сынғыш болатындықтан, жақындап

кеткен адамның киіміне, мал түгіне жабысады. Тұқымы жеміс серігімен тұтасып бірігіп кеткен. Шоңайнаның тамырында инулин, эфир майы, сұйық майы, органикалық қышқылдар, илік заттар; дәнінде глюкозидтер және аскорбин қышқылы бар. Халық медицинасында несеп жүргізетін және тер шығаратын дәрі ретінде, бауыр және бүйрек тастарын, подагралы, безеуді, сары ауруды, гастритті емдеу үшін қолданылады. Шоңайна - шірнелі өсімдік.

Жолжелкен (подорожник) – қорғасын шөптер тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдіктер туысы. Қазақстанда шөлді, таулы аймақтардың сор, сортаңды, құмды, тақырлы жерлері мен сексеуіл өскен алқаптарда кездесетін 2 түрі (жіңішке масақты жолжелкен, Суворов жолжелкені) бар. Олардың биіктігі 5-50 (80) см. Жапырақтары тамыр түбінен шығады, қанат тәрізді тілімденген. Тостағанша жапырақшалары түтікті, бес қалақты, түкті. Күлтесі шұңқырлау. Гүлдері ұсақ, қызғылт, ақ немесе қызғылт күлгін түсті. 2-4-тен масақ гүлшоғырына топталған. Сәуір-маусым айларында гүлдеп, мамыр-маусымда жемістенеді. Тұқымы жұмыртқа тәрізді, ашық қоңыр түсті, жылтыр.

Мыңжапырақ (Тысячелистник). Биіктігі 60 см-ге дейін жетеді. Сабақтары түзу, бұтақтары аз. Жапырақтары кезектесіп орналасқан, жіңішке бөліктерге бөлініп тілімделген. Тамыр жапырақтарының сағақтары ұзын. Сабақтары мен жапырақтарын түк басқан. Гүлдері майда, сабақтың жоғарғы жағында күрделі гүл тостағаншасын жасап шоғырланып тұрады. Гүл тостағаншасының шеткі гүлдері ақ түсті, ортадағылары түтікше тәрізді, олар ақ немесе сары түсті. Маусым айынан қыркүйек айына дейін гүлдейді. Өсетін жері мен таралу аймағы. Қазақстанның барлық облыстарында жазық жерлердегі шалғындарда, ашық ормандарда, жол жиегінде, сондай-ақ, егістік алқаптарда арамшөп ретінде өсетін 11 түрі бар. Соның ішінде жиі кездесетіні - кәдімгі мыңжапырақ. Оның биіктігі 5-20, кейде 60 см-дей болады. Сабағы тік, жапырақтары қауырсын тәрізді, жиегі тілімденген, жатаған тамырлы. Ақ, қызғылт түсті гүлдері себет гүлшоғырына топталған. Маусым-тамыз айларында гүлдеп, жеміс салады. Кәдімгі мыңжапырақ – дәрілік өсімдік.

Күңгірт қызылкүрең (Эхинацея) - астралылар тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдіктер туысы. Отаны - АҚШ. Бақтарда әсемдік үшін және дәрілік

шөп ретінде өсіріледі. Қазақстанда оңтүстік өңірлерде өсіріледі. Биіктігі

60-100 см. Сабағы тік, жоғарғы бөлігінде бұтағы аз, қысқа сирек түк басқан. Жапырақтары жұмыртқа пішіндес, төменгі және ортаңғы жапырақтары сағақты, жоғарғы бөлігі сағақсыз. Ұзындығы 8-15 см, ені 4-6 см-дей, ұшына қарай үшкір, ұсақ қатты түгі бар, ойық жиекті. Орама жапырақтары 3-4 қатарлы, қысқа түк басқан, ішкі қатардағылары жасыл түсті нәзік, 2 - 4 қатардағылары қатты. Тілшелі 10-20 гүлі қызғылт, күңгірт

түсті. Гүл жапырағы қандауыр тәрізді, ұшы үшкір тікенекті. Күн сәулесі жақсы түскен кезді, жартылай көлеңкелі жерлерде жақсы өседі. Тұқымы жалпақ пирамида тәрізді, жоғарғы жағында тісті жиекті. Маусым-қазан айлары аралығында гүлдеп, жеміс береді. Құрамында флавоноидтар,

шайыр, полисахаридтер, сапониндер, глюкозидтер, эфир майлары және т.б. бар. Дәрілік өсімдік ретінде созылмалы ауруларда, жара мен күйікті

емдеуде, орталық жүйке жүйесін нығайтауда, ал жаңа жиналған гүлінің шырынын қан ұйытуда қолданады.

Дәстүргүл (Маргаритка) - астралылар тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер тегі. Италияның ұлттық нышаны. Табиғи ареалы -Еуропа, Жерорта теңізі жағалауындағы елдер, Кавказ. Текте жеті биологиялық түрі белгілі. Қазақстанда көп жылдық дәстүргүл түрі ғана кездеседі. Ол бау-бақшаларда, саябақтарда, гүлзарларда өседі. Биіктігі 10-15 см болады. Күрекше пішінді жапырақтары сабақ астына шоғырлана орналасқан. Жиектері ұсақ тілімденген. Гүлдері дара, кейде бірнешеу болады. Гүл жапырақшалары ақ немесе қызғылт түсті. Мамыр-маусым айларында гүлдеп, жемістенеді. Тұқымынан және өсімді (вегетативті) жолмен көбейтіледі. Дәстүргүл – жарық сүйгіш өсімдік. Ылғалды топырақта жақсы өседі. Гүлдегеннен кейін тұқым салады. 1грамда 7500 данаға дейін ұсақ тұқымдары болады. Тұқымдардың өну қасиеті 3-4 жылға дейін сақталады. Сәуір, мамыр айларында гүлдейді. Гүлдерінің түсі ақ, күлгін, қызыл түсті. Қазақстанның әр аймағында әртүрлі кезде гүл жарып, алуан түрлі өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Мысалы, ылғалды және суық жерлерде гүл бүрлері бірінші суыққа дейін ашылса, ыстық климатты аймақтарда гүлдері ұсақталып өздерінің сұрыптық көрінісін жоғалтады. Орта ғасырларда дәстүргүлмен рухани азғындыққа ұшыраған адамдарды емдеген. Егер емделуші адам 15 күн ішінде жазылып шықпаса, ол жан тапсырады деп есептеген екен. Дәстүргүл өте нәзік гүл болғанымен, оның емдік қасиеті өте жоғары. Дәстүргүлдер ашық, жарық жерлерде өскенді ұнатады. Жартылай көлеңкелі жерде де өсе береді. Қыстың суығына шыдамды болғаны үшін жоғары бағаланады. Топырақ талғамайды, бірақ тасты, қарашірікке бай, құнарлы топырақта жақсы өседі. Үнемі ылғалдылық пен суғаруды қажет етеді. Құрғақшылықтан гүлдері кішірейіп қалады. Ерте көктемде гүл бүрлерін салған уақытта минералды тыңайтқышпен қоректендіреді. Олар ауруға жиі шалдыға бермейді, ең басты аурулары гүлдерінің ұсақталуы, жапырақтарының түсінің өзгеруі және т.б. Аурулары көбінесе жаздың басында пайда болады. Ондай жағдайда жараланған жапырағы мен гүлдерін кесіп тастау керек. Дәстүргүлге кене, ұсақ кеміруші жәндіктер зиян келтіруі мүмкін. Ондай жағдайда сарымсақтан жасалған тұнбамен өсімдікті тазалайды. Дәстүргүлдерді үлкен гүлзарлардың шетіне, жол жиегіне, альпі шоқысына, топтап немесе жеке отырғызған әдемі көрінеді. Тіпті, оларды бозкілем

ретінде ексе, жайылып керемет кілемнің көрінісін берері сөзсіз. Қылқанжапырақты ағаштардың түптерін гүлдендіруге өте ыңғайлы. Сонымен қатар шағын гүл шоғырларына да қырқып қосады. Дәстүргүлді нәркес, сүмбілшаш, наурызгүл, қызғалдақ, ботагөз секілді көктемде гүл жаратын гүлдермен бірге ексе үйлесімді көрініс береді.

Шегіргүл (Фиалка) - шегіргүл тұқымдасына жататын бір жылдық, көп жылдық шөп тектес, кейде бұталы өсімдік. Сабағы тік, жапырақтары кезектесіп орналасқан, қауырсын тәрізді. Гүлі дара, қос жынысты, гүлсерігі екеу. Аналыққа қысылған аталығы бесеу, жіпшелері қысқа, алдыңғы екі аталығы қапшық сияқты шірнелік. Аналығы бір ұялы, көп тұқымды түйін, аналық аузы қатпарлы. Жемісі - екі жағына ашылатын қорапша. Тұқымы - ақуызды ұрықтар. Түрлері, өсетін жері мен таралу аймағы. Жер бетінде 500-ге жуық түрі кездеседі, негізінен Солтүстік жарты шардың қоңыржай белдеулерінде таралған. Кейбір түрлері Солтүстік Америкада, Анд тауларында эндемик өсімдік ретінде, Жапонияда өседі. Аздаған түрлері Бразилияның субтропикалық аймағында, Оңтүстік Америка, Австралия, Жаңа Зеландияның тропикалық аймақтарында да кездеседі. Қазақстанда үш түсті шегіргүл, хош иісті шегіргүл және т.б. түрлері өседі. Шегіргүлден алынған препараттар бронх бездерінің қызметін күшейтеді. “Тривиолин” препараты жөтелге ем. Шегіргүлді ежелден әсемдік, сондай-ақ эфир майын алу үшін өсіреді. Халық медицинасында өсімдіктің қайнатпасы мен тұнбасын ішіп немесе теріге жағып, сары ауруды, ұшықты, қышыма қотырды, т.б. тері ауруларын емдеуге, сондай-ақ несеп жүргізіп, тер шығаруға, қан тазартуға кеңінен қолданады.

№12. «Ағаштағы үй» аялдамасы. Соңғы аялдама.

Негізгі мазмұны – ағаштағы үй және оның ерекшелігі туралы әңгіме

Ағаштағы үй бір немесе бірнеше діндер тұрғызылған жерден көтерілген ғимарат. Оны демалыс орны, жұмыс орны немесе уақытша баспана ретінде пайдалануға болады. Орманды алқаптағы үйлер тұрақты құрылысқа мысал бола алады, өйткені оларды салу үшін ормандарды кесуді қажет етпейді. 1990 жылдардың ортасынан бастап демалыс орны болып саналатын ағаштағы үйлер АҚШ-та және Еуропаның кейбір бөліктерінде танымал болды. Бұл қолда бар кірістің артуымен, құрылыс технологияларының жетілдірілуімен, қауіпсіз ғимараттар салу тәжірибесіндегі ғылыми зерттеулермен және экологиялық мәселелерге байланысты болды. Ағаштағы үйді 2015 жылы мұражай жасау мақсатында құрастырды. Жаз айларында кітапхана ретінде пайдаланылады.

Экскурсия-маршрутты аяқтау (рефлексия)

Біздің саяхатымыз аяқталды. Оны ұзақ уақыт есте сақтау үшін сендерде бұл жадынама-буклет қалады. Үйлерінде уақыт болады, тағы да ойша соқпақ маршрутымен жүріп, алған әсерлеріңді естеріңе алыңдар!

Ал енді менің бірнеше сұрақтарыма жауап берулеріңді сұраймын:

- Экскурсия барысында қандай қызықты мәліметтерді білдіңдер?
- Сендерге не ұнады?
- Сені не таңқалдырды?
- Не ұнамады?
- Экскурсия ұйымдастырушыларына қандай ұсыныстар айтар едіңдер?
- Сендер осында тағы да келесіңдер ма? Қандай мақсатпен?

Экологиялық соқпақта балалармен жүргізілетін жұмыстардың түрлері

Оқу-экологиялық соқпағын құру оқушылардың табиғатты зерттеу және қорғау бойынша көптеген түрлі жұмыс түрлерін орындауды талап етеді.

Біз олардың кейбірін ғана ұсынамыз.

Мысалы: Әр ай сайын экологиялық соқпақта жұмыстар жүргізіліп отырады

Қыркүйек Экологиялық соқпақтағы ағаштар

Ағаштарды, түскен жапырақтарды бақылау;

Ағаштардың қыс мезгіліне дайындығы туралы әңгіме жүргізу;

Табиғи бұйымдар жасау үшін түскен ағаш жапырақтарын жинау;

«Табиғат сыйлары». Табиғи материалдардан композиция жасау;

Халық ырымдарымен таныстыру: Ағаштарда жидектер көп болса, қыс жылы болады; саңырауқұлақтар көп шықса, ақтиіндер көп болады

Қазан Тірі және өлі табиғат

П.И.Чайковскийдің «Жыл мезгілдері, «Күз» музыкасын тыңдау;

Тірі және өлі табиғат нысандарын іздеу;

Тірі ағзалардың белгілері туралы әңгіме;

Бозаршаның бүрлерін жинау

Қараша Қалдықсыз қоғам – қауіпсіз ғалам

15 қараша - «Дүниежүзілік қайта өңдеу күніне» байланысты экоакция

«Қалдықтардан киім үлгісін жасау» байқауы

Желтоқсан Ағаштардың қыс мезгіліндегі жағдайы

Ағаштардың сұлбасын қарау;

Қарағай туралы түсінік беру. Шырша мен қарағайды салыстыру;

Жаңа жыл қарсаңында шыршаларды безендіру

Қаңтар Ақтиіндер мен құстардың тіршілігі

Ақтиіндердің тіршілігін бақылау;

Құстарға жем шашу;

Экскурсия барысында байқаған қызықты көріністерді схема түрінде көрсету;

«Қыстың тамаша бір күні» спорттық-туристік жарыс ұйымдастыру

Ақпан Экологиялық соқпақтағы жан-жануарлар

Құстар, ақтиін және шибөрінің қар бетіндегі іздерін бақылау;

Құстарға жем шашу;

Орталықта кездесетін жан-жануарлар, құстар туралы эссе жазу, суреттерін салу

Наурыз Ақ бүршік жарған, қош келдің, Көктем!

Ағаштардың бүр жарғанын бақылау;

Табиғаттағы музыка дыбыстарын тыңдау - жапырақтар сыбдыры т.б.;
«Қазақстанның мемлекеттік қорықтары» тақырыбында әңгіме жүргізу

Сәуірт Орталық ауласындағы көктемгі жұмыстар

Тазалық жүргізу, абаттандыру;

Гүлзарларға гүлдер отырғызу, гүлдердің түрін және санын арттыру;

Дәрілік өсімдіктерді көбейту

Мамыр Менің экологиям – менің денсаулығым

«Табиғат білгірлері». Аудандық экологиялық турнир;

«Қазақстанның қызыл кітабы» тақырыбында әңгіме жүргізу

Маусым Экология - бүкіл әлем тағдыры

5 маусым - Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне байланысты экоақпарат сағаты;

«Жас эколог» интеллектуалды сайыс

Шілде

Табиғаттағы су

Судың үш күйі туралы әңгіме;

Нептун күнін өткізу

Тамыз «Біз - экологтармыз» челленджі

1.Кеппешөп (гербарий) жасау

2. Экологиялық ойындар

3. Викторина.

4. Эмоциялық жағдайлар

Ағашты құшақта! Адам мен өсімдіктің қарым-қатынасына соңғы уақыттарда көп көңіл бөлініп жатыр. Бөлме өсімдіктері адамның көңіл-күйін өте жақсы сезінеді, жағымды сөздер мен басқа да назар белгілеріне жауап беретіні белгілі. Адам ағашты құшақтағанда, әдетте, оң эмоцияларды сезінеді, бұл табиғатпен бірге бірлік пен үйлесімділікті сезінуге мүмкіндік береді.

Экологиялық өлеңдер. Экскурсиялар тақырыптарына сәйкес іріктелген экологиялық әндер, балалардың немесе педагогтың орындауында, әсіресе лирикалық, мысалы гитараның сүйемелдеуімен алынған білімдерін тиімді бекітуге (егер, әрине, олардың мазмұнында белгілі бір ақпарат болса) болады.

Құстар дауысы. Құстардың тәуліктік белсенділіктерін ескере отырып және тыныштықты сақтай отырып құстардың дауыстарын жанды түрде естуге болады, сонымен қатар аудиозаждан тыңдап олардың қандай құсқа тиесілі екенін анықтауға болады.

Келушілерге табиғатқа ұқыпты қарау мәселелері бойынша ағарту жұмыстарын жүргізу

Экологиялық соқпаққа келушілерге «Табиғатта өзін қалай ұстау керек?» тақырыбында әңгіме жүргізу керек.

Мен гүлді жұлып едім – ол солып қалды,

Мен көбелекті ұстап алдым – ол алақанымда өліп қалды,

Сұлулықты тек жүреппен сезіну керек екенін, мен сонда ғана түсіндім

П. Гвездослав

Қымбатты достар!

Сіз жабайы табиғат әлеміне келдіңіз. Табиғат Сізді қонаққа шақырды деп ойлаңыз. Оған өз махаббатыңызды және сыйластығыңызды өзіңіздің үлгілі тәртібіңізбен білдіруге тырысыңыз! Ал ол үшін табиғатты осындай көркем қалпында сақтауға, өзіңіздің сау және бақытты болуыңызға көмектесетін кейбір ережелерді сақтауыңызды өтінеміз!

Өтініш:

Маршрут бойынша жүргенде, оның бағытын ешқашан өзгертпеңіздер!

Соқпақты ластамаңыздар! Барлық қоқыстарды (өздеріңіздің және басқаның) соқпақтан шығаруға тырысыңыздар! Бұл үшін табиғат Сіздерге рахмет айтады.

Ағаштар мен бұталарды, тіпті егер олар қартайған болса да, кеспеңіздер! Олардың діндері мен тамырлары ландшафттың барлық құрамбөліктерінің арасында маңызды буын болып табылады.

Дәрілік өсімдіктерді жинамаңыздар, гүлдерді жұлмаңыздар! Тіпті гербарий үшін де. Олар тек қана Сіздерді ғана емес, кейін келетіндерді де қуанта берсін. Сіздер келген жерлеріңіздің табиғатын тек фотосуреттер немесе видео арқылы есте сақтаңыздар! Өздеріңізден кейін тастарға және ағаштарға жазулар қалдырмаңыздар! [24625626627628629630631].

п.ғ.к., Биология және география пәнінің мұғалімі Н. Островский атындағы №8 орта мектебі" КММ Литвинова Александра Николаевна " Оқушыларды туристік-өлкетану және экологиялық даярлау " курсының бағдарламасы. "

Түсіндірме жазба

" Оқушыларды туристік-өлкетану және экологиялық даярлау" курсының бағдарламасы: негізгі жалпы білім берудің мемлекеттік білім беру стандарты, биология және география пәндері бойынша негізгі жалпы білім берудің үлгі бағдарламасы негізінде жасалған.

Қазіргі жағдайда білім беру мазмұнының өзгеруіне және оның саралануына байланысты негізгі жалпы білім берудің аймақтық компонентіне көбірек көңіл бөлінеді. Мектеп туризмі және туристік-өлкетану, экологиялық іс әрекеттері бүгінде мектептің тәрбие, сауықтыру, танымдық бағдарламасының ажырамас бөлігі болуы керек.

Табиғатпен, оның танымымен және белсенді демалысымен қарым-қатынас кезінде туризм оқушының өзін-өзі тәрбиелеуі үшін қажетті эмоционалды жағдайларды қамтамасыз етеді.

Қоршаған табиғат-эмоционалды тәрбиенің, биологиялық, географиялық және тарихи-мәдени құбылыстар мен объектілерді танудың ең бай көзі, экологиялық білім берудің негізі. Сондықтан балалар туризмін ұйымдастыру-оқушылардың табиғатқа деген экологиялық сезімдері мен танымдық қызығушылықтарын арттырудың тамаша құралы. Оқушыларға арналған туристік жорықтар, балалар туризмінің ең қолжетімді және жаппай түрі ретінде, демалу уақыты да, өзін-өзі дамыту уақыты да болады, бұл кезде қызметті таңдау физикалық ләззат пен психологиялық жайлылықтың ерікті қызығушылығына негізделген.

